Боевой порядок войск Байымбет батыра при наступлении вероятнее всего был рассредоточенным, поскольку тонкий лед не выдержал бы плотной массы конницы Батыра. Показав свои ложные намерения джунгарам, и после того как противник заметив начал спешную контратаку атакующая группа Байымбет-батыра начала быстро отходить назад заманивая джунгар на середину озера где лед был наиболее тонок, тем самым обеспечил выполнение замысла боя. Тяжело вооруженная джунгарская конница исходя из тактики действий вероятнее всего шла плотным строем и имела боевой порядок клин, или лава, едва достигнув середины озера начала уходить под лед. Используя результаты первоначального замысла Байымбет-батыр остатки джунгар уничтожил по частям. Тем самым одержал победу малым числом войск.

Следует отметить, что в современном военном искусстве целесообразное принятие решение непосредственно зависит от оценки обстановки которая включает:

- оценку противника;
- оценку своих войск;
- оценку местности.

Таким образом, применение тактических форм и способов как ложная атака, ложный отход, заманивание, сочетание маневренных и засадных действий, а также знание местности и использование его тактических свойств, малочисленными войсками Байымбет-батыра привели к удачному исходу боя

Степные батыры, имея большой опыт участия в боевых сражениях и солидные практические знания в области военного дела, составляли самую многочисленную группу из всех категорий военачальников казахских ополчений и фактически являлись стержнем

военной организации казахов. Они могли формировать боееспособные вооруженные отряды кочевников, во главе которых осуществляли сложные тактические маневры в условиях экстремальной, быстро менявшейся военной обстановки.

Основными функциями батыров в эпоху широкомасштабных войн с внешними врагами были следующие виды военно-организационной деятельности:

- руководство боевыми операциями своего отряда или ополчения в течение всего периода вооруженной борьбы с неприятелем;
- участие в выборах командиров военных отрядов более высоких таксономических уровней вплоть до главы общеказахского ополчения;
- разработка военной тактики и ее практическое применение в ходе общего наступательного движения к заданной цели и непосредственно во время сражения;
- руководство передовой частью боевых единиц своего отряда в момент рукопашной схватки с неприятельской конницей;
- обеспечение согласованных действий подчиненных им отрядов с другими родовыми отрядами и родоплеменными ополчениями, а также с верховным командующим общеказахского ополчения.

Историческое значение казахских батыров – в создании и развитии сильного казахского государства, являвшегося духовной энергией настоящих и будущих поколений казахского народа.

Казахские ханы и султаны, возглавлявшие по степной традиции крупные ополчения кочевников, опирались на реальную силу и большое общественное влияние полководцев-батыров, постоянно нуждаясь в их поддержке.

Последние выполняли при них не только функцию боееспособных полевых командиров, но и роль военных советников, хранителей боевого знамени и дипломатических посланников.

Военное и политическое могущество любого хана или султана определялось в первую очередь личным авторитетом, военной силой и многочисленностью поддерживавших его батыров.

К сожалению многих подвигов этого выдающегося в полном смысле этого слова сына казахского народа мы не знаем, но крепка память его потомков проживающих сейчас на территории современной России в одном из казахских аулов в Омской области носящего название своего предка.

Байымбет-батыр вне всякого сомнения является одним из, оставшихся в памяти потомков как смелый полководец. И пусть его

имя станет еще одним боевым кличем для потомков и символом независимости Казахстана.

Сколько еще таких батыров безвозвратно унесло ветром времени по бескрайней казахской степи. Но сейчас пришло то самое время, когда необходимо вспомнить тех, кто не щадя себя посвятил свою жизнь служению своему народу.

И показать всему миру что Казахстан образовался не на пустом месте и территорию, которая занимает девятое место в мире от- ставили нам в наследство сыны казахского народа, сыны великой казахской степи такие как Байымбет-батыр, доказать тем, кто пы- тается переписать историю в угоду своим политическим целям.

И в качестве мер по повышению эффективности системы воспи- тания в Вооруженных Силах Республики Казахстан и гражданской молодежи на боевых традициях, героических подвигах в целом, предлагается:

Во-первых, не откладывая и уже в этом году организовать со- вместную экспедицию посвящённой 550-летию образования Ка- захского государства по местам сражений с установкой памятных плит, а в ближайшей перспективе провести военно-археологиче- ские работы.

Во-вторых, поскольку в настоящее время до сих пор имеет ме- сто научных споров о местах сражений, об исторических фактах, необходимо проведение совместных исследований с ведущими исто- риками разных стран и прийти к единому пониманию о местах исторических событий, хронологических рамках, последующим внесением всех научных результатов в учебники и учебные посо- бия образовательной системы Республики Казахстан в этих целях, также необходимо привлекать и местные органы власти (акиматы);

В-третьих, придать истории Казахстана и военной истории как ее отрасли узнаваемость по всему миру путем перевода книг на разные языки, и распространения их по средствам массовой инфор- мации,

В-четвертых, организовать проведение международных науч- ных конференций по тематике посвящённых образованию нашего государства, съемкой цикла документальных и художественных фильмов с участием наших казахстанских актеров, реконструкцией военно-исторических событий того периода.

Таким образом, нашему поколению выпала честь золотыми бук- вами вписать героев казахского народа, имена которых передава- лись из уст в уста, и дошли до нас в устном народном творчестве ка-

захов. Наша задача состоит в том, чтобы подрастающее поколение знали и ценили героических предков батыров, сохранивших нам те богатства, которые мы сейчас имеем

Борьба казахского народа против джунгарской агрессии явилась справедливой войной за национальное освобождение. Также она явилась серьезным испытанием казахской государственности и военного искусства казахов против Джунгарского ханства. Казахскому народу пришлось перенести всю горечь поражений, большие потери, глубоко осмыслить происходящее. Война потребовала мобилизации всех материальных ресурсов, стойкости духа, сплочения многочисленных родов. Правильная организация отпора противнику помогла отражению агрессии. Мынбашы (тысячники) казахских жузов, батыры различных родов сумели показать пример личного мужества, возглавить разные по своему значению военные действия.

Список литературы:

1. Назарбаев Н. Стабильность и безопасность страны в новом столетии. Послание Президента народу Казахстана. Казахстанская правда. 15 декабря 1999 г.

2. У. Джанибеков. Образование казахского государства// Режим доступа. Электронный ресурс//<http://www.kazakhstanhistory.ru/>

3. С. Г. Кляшторный, Т. И. Султанов Государства и народы Евразийских степей: от древности к Новому времени

4. А. Кушкумбаев «Военное дело казахов в XVII-XVIII веках»

5. Эренжен Хара-Даван «Чингисхан как полководец и его наследие» (gumilevica.kulichki.n)

6. А.И. Соловьёв Древние тюрки – Часть 5/ <http://history.novosibdom.ru/>

7. А. И. Левшин описание Киргиз-казачьих или Киргиз-кайсацких Орд и степей Гл. 4 Образ жизни

8. Найманов Г. Вәйімбет Батыр Төбетұлы/ Алматы 2010 ж. – 51с.

АЛПЫСБЕС М.,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің еуразиялық зерттеулер
кафедрасының профессоры, т.ғ.д.*

АБЫЛАЙ ЗАМАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ-ШЕЖІРЕЛІК ТАНЫМ

Ұлттың тарихи санасы мен зердесі адам есімдері, оның тұлғалық болмысымен тығыз байланысты. Тарихта өткен әйгілі адамдардың есімі тарих ғылымында мәні терең деректік категория болып табылатыны мәлім. Өйткені, елеулі тарихи оқиғаның орын алған уақытын анықтау мәселесінде де және сол оқиғаны баяндаудың өзінде де өңгіме ең алдымен ол тарихи оқиғаға қатысты адам есімінен басталады. Адам есімдерін тарихи тұлғаны айқын көрсететін бірден-бір деректік белгі ретінде қабылдау қажет. XVII–XVIII ғасырларда бұл тарихи аңыздарды ұжымдық санада берік ұстаған білім жинақтаушылар болды. Бізге сақталып жеткен аңыздар мен өлеңдер әр дәуірде орын алған оқиғалар бойынша қалыптасқан ауызша тарихи өңгімелер үлгілерінің азғана болса да құнарлы бір бөлігі. Батырлықты жырлау қазақ ауыз әдебиетінде жақсы дамыған. «Қырымның қырық батыры», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр» және, т. б. жыр-дастандар соның дәлелі. XVIII ғ. жоңғарларға қарсы соғысқан батырлар жөнінде ең алғашқы болып Ш. Уәлиханов жазған. Өскелең ұрпақты батырлыққа баулуды мақсат тұтатын қазақ халқының: «Көз – қорқақ, қол – батыр», «Батыл болсаң, батыр боласың», «Қылышты қорқақты сойылды батыр соғады», «Қару емес, қару ұстаған күшті», «Батыр – елдің сәулеті, балқұрақ – көлдің сәулеті», «Батыр мың қол бастайды, шешен тар жерде сөз бастайды», «Батырға оқ дарымайды, батылға жау жоламайды», «Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады», «Жолбарыстың артында тері, батырдың артында елі қалады», «Баталы батыр арымас», «Елің үшін отқа түс – күймейсің» және, т.б. мың сан мақал-мәтелдері бар.

Шежірелер төңірегіндегі көптеген тарихи тұлғалардың биографиясы бірігіп, олардың өмір тәжірибесіне ортақ білім мирасы ретінде орын алған. Қазақ шежірелеріндегі әскери, соғыс және саяси қарым-қатынастар тарихын суреттейтін тақырыптар қазақ-қалмақ, қазақ-қырғыз, қазақ-орыс қатынастары туралы деректер құрайды. XVIII ғасырдың ауызша тарихи дәстүрінің репертуарында қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күрес

тарихы ерекше суреттеледі. Абылай заманындағы жаугершілік туралы әңгімелер: «Ақтабан шұбырынды»; «Бұланты шайқасы»; «Қалмақ қырылған»; «Шұршіт қырылған»; «Қырғыз қырылған»; «Талқан соғысы»; Абылай хан заманындағы батырлар; «Абылай аспас Сарыбел» және т.б. М.Ж. Көпейұлы жазбаларындағы XVIII ғасырды баяндайтын Сарыарқа тарихының оқиғалары Абылай заманына байланысты көптеген тарихи аңыз-әңгімелерді қамтып жатқан үлкен бір тарихи дәуір. Осы кездегі қазақ батырларының данқты ерліктерін сипаттаумен қатар, көптеген ежелгі жыр-аңыздарда кездесетін мұндағы этнографиялық фактілерде өзінше құнды. Осы Абылай заманындағы тарихи әңгімелердің бір тобы батырлардың әскери соғыс өнері мен әскери тәртіпті сипаттайды. Соның бірі Абылай ханның өзінің іс-әрекеттері арқылы, оның қол астындағы батырларының ерлік пен өрлік, намысқойлық қасиеттерін сынауы, түн ортасында, ақ түйе сойып, абызды алдыртып батырдың көрген түсін дұрыс жорытқызуы, бір зираттың көрдің ішіне өзінің сарбазын жасырып батырдың ержүректілігін сынауы т.т. Данқты батырлардың ішінде Олжабай батыр, Жасыбай батыр, Малайсары батыр, Жазы батыр, Бөгенбай батыр туралы деректер өсіресе толық.

Қазақ шежірелеріндегі бұл кезеңге байланысты мәліметтер негізінен қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары желісімен қатысты айтылады. Тарихи дәуірді уақыт тұрғысынан реттеуге орай қалыптасқан шежірелік дәстүрде осы екі ғасыр аты көп аталатын тарихи тұлғалармен байланыстырылады. Бұл тарихи дәуір туралы шежірелік дәстүрде қазақ хандарымен қатар жүрген тұлғалар өз дәуірінің тарихи шындығын жырға салған жыраулар болғаны белгілі. Жыр дәстүрінің өзі атқарған қызметі жағасынан шежірелік дәстүр жатқызғанмыз өте дұрыс. Шежірелік жады мен дәстүрлі тарихи сана осы маңызды әлеуметтік-мәдени қызметті атқарған жырау мен жыршы арқылы іске асқан. Мысалы, Бұқар жырау халықты жаудан сақтаған батырларды былай дәріптейді ғой:

*Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп.
Абылайдың қасында,
Бастарын бай тігісіп.
Сондай ауыр жорықта,
Қанды жаумен соғыста.
Бірге болған батырлар,
Мыналар еді егесіп:*

Қарақерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Беті қайтпас арыстар
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Қылышбек,
Текеден шыққан Сатай, Бөлек,
Шапырашты Наурызбай,
Қаумен, Дәулет, Жәпек батыр қасында,
Бақ-дәулеті басында.
Сеңкібай мен Шойбек бар,
Таңсыққожа, Мамыт бар.
Қасқараудан Молдабай,
Қатарда жақсы қалдырмай,
Есенқұл (Айнақұл) батыр ішінде,
Өңкей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты.
Қалдан ханды қашырып,
Шеп салған жерін бұздырып,
Ұрысты қатты қыздырып,
Қасым ханның шешесі
Хан Абылай алған-ды.
Жабы деген қалмаққа
Тырнағын қатты батырды.
Бұзылып қалмақ кеткен соң,
Өңкей батыр жиыл деп,
Хан Абылай шақырды.
Бір төбеге жиылды,
Құм төбедей үйілді.
Бөліске олжа түссін деп,
Хан Абылай бұйырды.

Батыр дегеніміз кім? Батыр – ол айбатты қаһарман, жігерлі, асқан рухты жан жаужүрек ер, Батыр дегеніміз орасан зор күш-қайраттың иесі әрі айбынды ерен жауынгер. Батырлық қасиет ел қамын ойлау, жер мен елді жаудан қорғау үшін жанын қиюға әзірліктен туады. Батырлар жауын жеңу үшін түрлі әскери амал-айланы қолдана алатын болған. Батыр қазақ қоғамында белгілі бір әлеуметтік рөл атқарған халық өкілі. Батырлар басқыншылық заманда жаугершілік, ел қорғау қызметін жүзеге асырса, бейбіт мезгілде рубасылық қызмет атқарып, елдің әлеуметтік-саяси

өміріне белсенді араласқан. Билермен, ақсақалдармен бірлесе ел мүддесі үшін ханға қызмет жасаған. Ел ішіндегі шаруалармен қатар, еларалық қатынастарды дамытуға үлес қосқан. Хан сайлауда, басқа да жиындарда батырлардың қатысуы міндетті болған, олардың даусы маңызды саналған. Елшілік, жаугершілік делегациялардың құрамында атақты батырлар болған. Әсіресе XVIII ғ. жоңғар шапқыншылығына қарсы ұйымдастырылған ұлт-азаттық күресте батырлардың маңызы өте жағары болды. Атап айтсақ Шұбыртпалы Ағыбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Уақ Баян, Бәсентіін Малайсары, Қаракерей Қабанбай, Балтакерей Тұрсынбай, Он сан Орта жүзге ұран болған сүйіндік ер Олжабай, Ағынтай, Қарасай, Наурызбай және, т.б. батырлардың жасаған ерліктері халықтың есінде сақталды. Қазақ халқының тағдыр-талайында батырлықтың үзілмеген тұтас тарихы бар. Батырлардың біршамасы әрі батыр әрі би болған шешендік сөз иелері, ұрпағына насихат айтқан тұлғалар болған. Мәселен, Қаз дауысты Қазыбек би өзі би әрі батыр болған. Құлық Жалаңтөс батыр ел ішінде билік айтуымен де танылған,

Жасаған жалғыз тілегім:

Еліме берік бірлік бер,

Еріме ерік тірлік бер,

Жеріме биік шынар бер,

Ұлыма адал сыңар бер,

Қызыма көрік, ақыл бер,

Жан қиысар жақын бер.

Ерімнің басын еңкейтпе,

Алла ажалын ерте етпе,

Тұлпарына қанат бер,

Бес қару жарақ бер,

Сұр жебе бұзбас сауыт бер,

Қалғытпайтын қауып бер,

Байтағым үшін жан пида,

Қиынға салсаң салып көр, – деген.

XVIII ғасырда қазақ даласында орын алған негізгі тарихи оқиға қазақ-жоңғар арасындағы соғыстарға байланысты болғаны белгілі. Сарыарқа өңірінде XVIII ғасырда орын алған негізгі тарихи оқиғалардың желісі төмендегідей сипатта айтылады: «тарих ақтарғандар 1643 жылдың шамасында қалмақ дәуірлеп көтерілді деседі, 1723 жылы Қалдан Шерін Ташкентті билеп, тағын Ташкентке орнатқан деседі. Бұл қалмақ дәуірі көтерілген кезде Ұлы жүз Қоқан жаққа,

Кіші жүз Қиуаға қарап кетті деседі». Қазақ халқының ерлігі көптеген тарихи, батырлық жыр-дастандардың тақырыбына айналғаны да белгілі. Қазақ елінің өткендегі тарихында елеулі із қалдырған, дүркін-дүркін үзілістермен қоса жүздеген жылға жалғасқан қазақ-жоңғар соғысын жазуда оқушылардың қалың көпшілігіне арналған еңбектерде 1729-1730 жылдардағы Аңырақай шайқасына дейінгі кезеңде 1711, 1718, 1723-1727 жылдардағы қазақтардың жоңғарлармен соғысын жазғанда қазақтың елін, жерін қорғау, ерен ерліктерін төмендетуге болмайды.

Жалғыз қалмақ қана емес, Ресей империясының да қазақтың кең байтақ жеріне, қалай көзі қызарып, қызыққаны, сол үшін көшпелі және жартылай жабайы жоңғар жұртының қолтығына су бүркіп, қазақ даласына қалай айдап сала бергені тарихта көп айтыла бермейді. Әсіресе өзіне дейінгі алпауыт мемлекеттердің өзгелерді отарлау саясатын зерттеп, солардың ең құйтұрқы тәсілдерін меңгерген патшалы Ресей билігі қазақ даласын екі жақ бүйірден қыспақтатып, ұзақ жылдар бойы үздіксіз шапқыншылыққа ұшыратып, оның жұртын қансыратып барып, әбден титықтатқан соң ғана бас салып, болымсыз шығынмен билеп алу саясатын ұстанды. Бұл басқаны, оның ішінде қазақ еліндей үлкен елді ұлан-ғайыр даланы басып алудың ең ұтымды түрі еді. Қазақтың өз жерін ерлікпен қорғағаны туралы көп айтылады. Қазақтың тарихшысы М.Ж. Көпейұлы: «Біздің қазақ бұл Сарыарқаға қайта ие болғаны Абылай хан заманынан аз-ақ ілгері. Бұл қазақ әлдебір иесіз жатқан жерге текке келіп ие бола қалған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздары жаумен жағаласқанда оққа ұшып, өліп, сөйтіп қайтарылып алынған жер еді

Ф.А. Щербинаның материалдар жинағында: «Шідерті өзенінің жоғарғы жағында, уездің оңтүстік-батыс бұрышындағы «Шүршіт қырған» қыраты мен уездің оңтүстік-шығысындағы «Қалмақ қырылған» тауы – қазақтар мен қалмақтар арасындағы Павлодар уезінің жерінде болған сондай қырғындардан қалған мәңгілік ескерткіш», – дейді. Ф.А. Щербина, қазақ батыры, қамал бұзғыш Олжабайдың ерекше бір қасиеті жайында мынандай дерек келтіреді: «Олжабайдың тастан қашалған бейнесі ретінде сақталған сол соғыстың ескерткіштері қазіргі уақытқа дейін бар. Қазақтардың

айтуынша, оның жеңіске жеткен жеріне ескерткіш қоятын әдеті болған». Олжабай батырдың қалдырған ескерткіштерін қазіргі Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Жезқазған, Шығыс Қазақстан облыстарынан да кездестіреміз. Қазақтардың өз жерін, туған елін ерлікпен қорғағаны туралы Қазан төңкерісіне дейінгі жарық көрген тарихи еңбектерде де айтылады. Қазақ халқының жоңғар хандығы жойылғаннан кейін өз ата жұртына қайта келіп орныққаны туралы мәліметтер XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басына жататын ауызша аңыздарда, шежірелерде айтылатын болған. Ақбеттау және Далба ұлысының тұрғындары – Сүйіндік рулары – Ташкент маңында өмір сүріп сонда қайтыс болған Айдаболдың 7 ұлынан тарайды. Айдаболдың кіші ұлының немересі Абылай ханға қызмет қылған Олжабай батыр 1730 жылдары шамасында Баянауыл тауларына келіп қайта орнықты. Олжабай батыр бастаған ұландар қазақ жерін өзіне бауыр басып қалған қалмаққа кезігіп, бірнеше жыл созылған соғыстан кейін жау оңтүстікке ығыстырылды. Ата-бабадан асыл мирас болған киелі жер босатылды. Сол уақыттағы қазақтың қалмақпен салған шайқастары туралы ақындар талай жырланған.

1729 жылы көктемде Балқаш көлінің маңында қазақ-жоңғар соғысының аса ірі шайқасында қазақ жасағы қалмақтарға екінші рет күйрете соққы берді. Бұл жер кейіннен тарихта «Аңырақай шайқасы» деген атпен белгілі болады. Қазақ жасақтарының қимылын үйлестіру жүгі Әбілқайыр ханға түсті. Көптеген қазақ батырлары соғыс өнерін жетік білетіндігін көрсетті. Мұнда Жолбарыс хан, шапырашты Наурызбай батыр, ошақты Саурық батыр Ұлы жүз қазағының жасағын, қанжығалы қарт Бөгенбай, малғозы Олжабай батыр, шақшақ Жәнібек батыр, қаракерей Қабанбай батыр, бәсентіін Малайсары батыр Орта жүз жасақтарын, тама Есет батыр, шекті Тайлақ батыр, Кіші жүз жасақтарын басқарып, қолбасшылық, соғыс өнерлерін көрсеткен. Шайқаста қазақ батырлар жекпе-жек ұранын тастап, жеке соғыс салған. Көптеген атақты батырлар соғыста қаза тапты. Соққыдан есін жия алмай қалған қалмақтар сусыз сортаң жерде шөлге ұшырап, одан әрі соғыса алмай Аягөз, Шарға қарай жөңкіле қашты. Аңырақай шайқасындағы жеңіс қазақ халқының рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін бекітті.

Бұл уақытта Әбілмәмбет хан, Қаздауысты Қазыбек би, елдің көмекей әулиесі Бұқар жырау, еліне қалқан болатын Нияз, Бөгенбай, Жалаңтөс батырларымен танымал болған заман. Әбілмәмбет ханмен және Абылай сұлтанмен қатар Орта жүзге билігін жүргізді.

Бұл уақытта осы өңірдің тарихында аты әйгілі тұлғалар көп болды. Сайдалы Нияз батыр, малғозы Олжабай батыр, бәсентиін Малайсары батырлар да бар. «Ақтабан шұбырынды» қазақ халқының есінде ұлы қасірет болып мәңгі тарихқа хатталды. Қалмақтардың қуылуын түгелімен ержүрек Олжабай батыр мен оның даңқты ханы Абылайға қатысты. Шідерті өзенінің жоғарғы ағысындағы Шүршітқырған тауы және Қалмақ қырған тауы қазақтың қалмақпенен жүргізген соғыс ескерткіші болып қалды. Шүршіт деп қазақтар әдетте қытайлықтарды атайды, бірақ кейде бұл атау қалмақтарға да қолданылатын болған. Бұл жерлер қалмақтардың соққы тапқан жері. Оларды Қара дөңнен асырып қуғаннан кейін Олжабайдың ұрпақтары Баянауыл және Далба таулары сияқты ең шұрайлы жерлерді мекен етті. Ал Олжабай батырдың өзі Баян тауларында Жасыбай көлінде қоныстады. Олжабаймен ұрпақтары мен бірге бұл арада құлболды, қаржас ұрпақтары қыстады. Абылай бастаған қазақ жасағы шегіне отырып, тиімді соғыс тәсілімен титықтатып барып, шешуші соққы бергенге ұқсайды. Қытай әскеріне осы жолғы қантөгіс Шүршіт қырылған атанып жүрген жерде жасалғанға ұқсайды. Ал бұл соғыста үлкен қолбасшылық жасаған Олжабай батыр болғаны тарихи дастандардан, қазақ шежірелерінен анық белгілі. Олай болса қытай әскербасылары кәуеландырып отырғанындай, оларға шүршіт қырылғанда берілген шешуші соққы Баянаула шатқалдарының үстінде шегініп отырып дайындалған. Сол замандағы кескілескен ұрыстың қаһарманы Малайсары батырдың қонысы қазіргі Ақшиман елді мекеніндегі Қарашеңгел жазығы. 1756-57 жылдардағы Қытайдың шабуылшы әскерімен болған ұрыстың қолбасшылығы Олжабай батырға жүктеліп, Мәшһүр Жүсіп айтқандай, сол жеңістен соң, он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай атануы орынды. Бұл кезде Бөгенбай қартайған, ал Олжабайдың 46-47-дегі қамал бұзар кемелді жасы болатын. Қалдан Сереннің қос қызын ағалы-інілі болып екеуі алған.

Мырзағұл батыр Анайұлы – батыр. «Арғы атасы сұралса, ізгі өткен Мырзағұл, Анайды, Қаржастың қасқа-жайсаңы Анайдан өрбіп тарайды» деген Мәшһүр Жүсіп шежіресінде. Анайдан 5 бала – Нияз, Мырзағұл, Құл, Құдайкүл және Жәдігер туған. Шорман әулетінің атасы Мырзағұл болса, Сәтбай әулетінің атасы Жәдігер болып келеді. Мырзағұл батырдан Шорман би, одан Шоқанның анасы Зейнеп, Мұса мырза Шорманов. Мырзағұл батыр бір шайқаста жау қолына түсіп, оның артынан кенже, 14 жасар інісі Жәдігер іздеп барса керек. Баланың ержүректілігіне риза болған қалмақтар

ағасын босатып, жас Жәдігерге қыздарын қосып берген екен. Мырзағұл батырдың денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесінде жерленген.

Олжабай батыр Толыбайұлы (1709-1783) – есімі әйгілі, айтулы батыр. «Қызылтаудың бауырында «қалмақ қырған» деген жер бар. Жасыбай оққа ұшқан жолы Ер Олжабай бас болып аттанып қалмақты сол жерде қойдай қамап, қазақтың қалмақты ақырғы қырған жерің осы болған соң, “қалмақ қырылған” атанған. Сонан соң қайтып Сарыарқаны қалмақ көре алған жоқ. Баянаула тауын ерлікпен алған Жасыбай мен Олжабай батырлар еді. Жасыбай өліп, Олжабай қалған. Олжабай батыр Жасыбай тауының асуында Жалаңтөс деген баласын қыстатып, Олжабайдың өзі асуда төрт қыс қыстаған. Ереймен тауында «Олжабай қаласы» деген жер сол Олжабай батырдың дүниеден өткен жері. «Мың сөзден бір сөз, ата-бабасының қаны, қойдың қанындай алып берген жерінен үрім-бұтағы, балалары көзінің жасын төге-төге, қаңғып кете берді де, бет ауызы түксиген, басы қуықтай бүрсиген, к...і ешкінің құйрығындай шүршиген бір жұрт иесіз жатқан жерді иелене берді» дейді Мәшһүр Жүсіп.

«Олжабай батыр» деген мақалада Ө. Марғұлан: «Қазақ елі аш-жалаңаш босып кетеді. Ақтабан шұбырындыда Кіші жүз Жайық бойына, ал Орта жүз алдымен Самарқанд, Бұқара төңірегіне барып тыныштық таппай, одан ауып Ырғыз, Торғай бойына тоқтайды» – дейді. Кейін арғын балалары жауды жеңіп, ата қоныс, бабалардың ескі жұрты – Қу-Қазылық, Кен Қазылық, Баянаула, Ереймен, Қарқаралы, Көкшетауға оралып келеді.

*Қолбасшы, ел ағасы ер Олжабай,
Жер-жерден қол жияды ер Бөгенбай.
Қарқабат, Қарауыл мен Найман, Керей,
Келеді Қыпшақтан ол ер Қошқарбай.
Ақылды батыр кісі Сары, Баян,
Бәсентиін Малайсары ол данышпан.
Шақшақұлы атақты ер Жәнібек,
Қаракесек қадірлі би ол Қазыбек.
Мейрамға ұран болған ер Олжабай.
Аралап ер Олжабай бәрін көрді,
Тауына Баянтаудың тағы келді.
Бетегеден ат жүрмес сондай шүйгін,
Бұл жерді талай жерден тәуір көрді.
Қыстауы болды сонда Баян тауы,
Қалмақ боп тұр қазақтың сонда жауы.*

*Жаз жайлауы Ерейменнің сырт жағында,
Құланөтпес, Қушоқы деген тауы.
Абылай көшіп, Қорықтың Ащысуына орда тікті,
Алуға Сарыарқаны болды үмітті.
Олжабай қалмақтардың туын жықты
Баянның арасында бір асу бар.*

Орта жүз рулары, соның ішінде бес Мейрам балалары бұрын қыста Қаратау, Сырдария бойын қыстап, жазда Арқаны жайлайды екен. Кейін қалмақтар көз аларта берген соң Толыбай – Олжабай бастаған Айдабол тұқымы Арқаның таулы, орман-тоғайлы, өзен-көлді жерлеріне үй салып, қора соғып, қысы-жазы қыстау-жайлаудан алыстап кетпейтін болған. «Олжабай қалмақтарды ығыстырып, олардан босаған жерлерді Айдаболдың жеті ұлынан тараған ұрпақтарына бөліп берді. Өзі Малқозы тұқымымен әуелі Ақкелін, Семізбұғы, Қарағайлы бұлақ (Ақшоқы), Шалқар, Аққұдық, Арқалық, Қызылағаш, Құрайлы бойын жайлайды.

Кейін қытайлардан қауіп туғанда ол өзінің қыстауын Баянаулаға ауыстырып, Жасыбай көлінің жағасына қоныстанды. Содан былай ескі қыстауы, негізінен, күзеу болып қалады да, тек кейбір жылдары ғана Ақкелін тауын қыстайтын болады». Осы аталған жер-суларға қазақ руларының бұл тұңғыш келуі емес, «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі жаудың қол астынан соғысып босатып, қайта оралауы. Өйткені Сарыарқа аталатын қазақ даласы қазақ халқының неше кетіп, неше келген жері, қанымен суарып, сүйегімен өңделген ежелгі атамекені. М.Ж. Көпейұлының еңбектерінде қалмақ басып алған қазақ жерінің басқыншылықтан соғыс арқылы босату жайы туралы көп жазылған. Ол: «Баянаула тауын ерлікпен алған Жасыбай мен Олжабай еді.. Дүние деген шіркін көшпелі екені осы екен. Қазақтың тұлпар мініп, ту ұстаған кейінгі үрім-бұтағына олжа қылған батыр, енді ақырында мұжықтың поселкесінің аты болды. Ереймен тауында «Олжабай қаласы» деген қала сол Олжабайдың өлген жері, мың сөзден бір сөз, ата-бабасының қаны, қойдың қанындай ағып берген жерінен үрім-бұтағы, балалары көзінің жасын төкті, руға кете бер дейді де бет аузы түксиген, басы қуықтай бүрсиген, көті ешкінің құйрығындай шүршиген бір жұрт иесіз жатқан жерді иеленіп алды».

Қазақ жерін қалмақ басқыншыларынан босатып алу оңайға түспеген. Олжабай, Бөгенбай, Жазы, Малайсары сияқты қазақ батырларының ерлікпен соғысқа түсіп, жауға тойтарыс беріп, соққыға жығып, жеңіске жеткені халық арасында осы уақытқа шейін жыр-

аңыз болып айтылады. Қазақ батырларының ерлік тарихы бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, үлкен тәлім.

Олжабай батырдың туған жері Тәуке ханның тұсындағы Түркістан қаласы, әкесі Тәуке ханға қызмет істеген көп билердің бірі, тарихта Толыбай деген атпен белгілі болған. Шешесі – ұлы жүз Төле бидің туысы, Қаратай батырдың қызы Есенбике. Одан 1709 жылы Олжабай батыр туып, Сарыарқаны Абылаймен бірге басқарып отырғанда 1783 жылы Ереймен тауында қайтыс болады. «Олжабай батырдың тарихқа белгілі бола бастаған кезі «Ақтабан шұбырынды, алқзақол сұлама» тұсы. Жеті жыл ұдайы жүт болып, ел аштықтан қырыла бастайды, осы кезде құба-қалмақ қазақ еліне шабуыл жасап, 1721 жылы, әкесі Толыбай Түркістан үшін болған шайқаста қалмақтың қолынан қаза табады. Жетім қалған он үш жасар Олжабай Түркістанда тұра алмай, жоңғарға бағынып отырған нағашысы Қаратайдың үйінде өседі.

Он алты жасқа толысымен Олжабай батыр жоңғарға тістене қарайды. «Жоқ, мен оларға бағынып отыра алмаймын, мен тау қыраны Олжабаймын» деп, өзіне ат қояды. *Ел шаруасы* тәуір бола бастаған соң, қару-жарақ соқтырып, үш жүздің сарбаздарын жинай бастайды. Атақты ерлер Абылай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, дулат Өтеген батыр, Малайсары, Жанатай, Жасыбай, көкжал Барақ, билер, Төле би, Қазыбек би, Бұқар жырауларға қосылып, қол жинап, Түркістанды басып отырған жоңғарларды шабады. Дұшпандарын Сыр бойындағы қалалардан қуып шығып, Жоңғар тауынан асырады. Олжабай батыр жеңілген Ғалдан Сереннің екі сұлу қызын – Лағба мен Лабаны алып, көп сый-сияпатпен елін қайтады. Лабаны өзі алып, Лағбаны Бөгенбайға тартады. «Ақтабан шұбырынды» жылдарында өксіген ел, жаңадан ес жинап бір, тыныс алады, Алыптың ерлік істерін халық ерекше бағалап, Олжабайға арнап ұлы той жасайды. Оған Абылай, Әбілмәмбет төрелер, Қазыбек би, Бұқар жырау қатысады.

«Ақтабан-шұбырынды» кезінде Әбілхайыр, Сәмеке хан, Әбілмәмбет үшеуі елді биікке көтеріп, қалмақты Сыр бойынан, Жетісудан қуып шыққанына сонша разы болады. Олжабай батырға «Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген атақ береді. Той үстінде Иассауи мазарында көп заман сақтаулы тұрған алтын балдақ, бүкір қылышты Әбілмәмбет Олжабайға әкеп сыйға тартады. Бұл бүкір қылыш әуелде Әмір Темір көрегендікі болыпты, оны мешітке сыйға тартқан екен, содан Олжабай батырға мұра болады. Олжабай батырдың құба қалмақты екінші рет шапқаны Баянауладан 50-60

шықырым қашықтықта орналасқан, бүгінгі «Қалмақ қырылған» тауы деп аталатын жерде болған оқиға. Ғалдан Серен Абылайды қолға түсіру мақсатында он мың әскер шығарады. Амалдарын асырып қаламақ жағы 1741 жылы Абылайды тұтқындап, қалмақтар өз әскерін Ертіс жағынан шығарып, Сарыарқаны тегісімен басып алуды көздейді. Ең алдымен Қарқаралы, Баянаула даласын алуға бет бұрды. Бұл мақсаттарға кедергі еткен Олжабай батырдың осы кездегі ерлік істері еді. Олжабай батырдың қасында қыпшақ Жазы батыр, апасынан туған жиені Жасыбай батыр бірге болған. Сонда қалмақ ордасында Абылаймен тұтқында бірге болған Малайсары батыр туралы шежіреден бір үзінді: Тұтқында жүрген Абылай хан жүріп-жүріп келіп отырар мезгілде Малайсары батыр шекпенін жерге төсеп, астына жайып қойған, Абылай хан соның үстіне отырады екен. Ежен хан: «мұнысы несі, қазақ, ұнамайтын істі істейсің дереу» дегенде, Малайсары батыр айтыпты: «Абылай – ханымыз, сұңқарымыз, тұғырымыз. Сұңқар тұғырына қонбай, жат жерге отырмайды» депті.

1757 жылы Олжабай батыр оларды алдап бір жерге жатқызып, астыртын үш жүздің атақты ерлерін жинап, қырғын соғыс ашуға кіріседі. «Он сан» қол жинайды. «Әмірсананың ізіне түсіп көрейік» – деп, қытай әскерін қырға шақырады. Қазір «Шүршіт қырған» деп аталатын Шідерті өзенінің аңғарында қытай әскерін қоршап, соғыс ашады, оларды тегісімен жусатып қырады. Олжабай қытайдың ауыр әскерін қиратып, елге аман-есен келгенде үш жүздің баласы қосылып ол кісіге арнап үлкен той жасайды. «Шүршіт қырған» қазір Қарағанды облысы, Осакаровка ауданының күншығыс бетіне тұр. Сол арада халық жиналып, «Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген ат беріпті. Олжабай батырдың ерекше ардақталуы әсіресе қытайға қарсы Талқы қамалындағы соғысқа да байланысты.

*Қол алдында келеді ер Олжабай,
Есітіп қарсы жүрді хан Абылай,
Тайкөкке мініп алып, бата бер деп,
Сұрайды Абылайдан ер Олжабай.
Күн жарқырап шықан соң еркін, барып.
Тұра шапты қақпасын «Олжабайлап»
Бес күн болды бұзғалы Олжабайдың,
Талқы асуын мықты оба, Темір қақпа.*

Барлық соғыстарда Олжабай батыр әскерге дем беріп, биік тас үстінде ту ұстап тұратын болған. Олжабай соғыс майданында ту көтеріп, әскерге айбат беруші. Сонымен қатар, ел арасындағы билік,

шаруашылық, ел басқару ісіне қатынасқан. Бір күні Олжабайға Әбілмәмбет ханнан шапқыншы келіп, қалмақтың Сарым батыр бастаған қалың қолы Ертіс бойындағы бәсентиін мен найман ауылдарын шауып, малдарын талап жатыр деп хабарлайды. Олжабай батыр дереу аттанады, жолда соғысып жатқан бәсентиін Сырымбет батырға жолығады. Жау шетіне жетісімен-ақ екі жүздей кісіні бастап соғысқа кіреді, бірақ бірінші күні сәтсіздікке ұшырап, бірсыпыра жауынгер сарбазынан айырылады. Келесі күні айналып, қалмақтардың сыртынан шығып, қамсыз отырған дұшпанды тасталқан қылады, қонтайшының бас батыры Сарымды байлап алады. Қолбасынан айырылған қалмақ қонтайшысы тағы да бітім сұрайды, достығын ұсынады. Олжабай ұсынысты қабыл алып, Сарымды босатады. Кейін Қалдан Сереннің шақыртуымен қырық жолдасымен барып бітім жасасып қайтады.

Абылай шайқаста қолға түседі. Олжабай батыр қаһарланып қалмақ қонтайшасының ордасына шабуыл жасайды. Орданың бас батыры Шарышты байлап алады. Майданға Қалдан Сереннің өзі шығады. Олжабай қонтайшының қолынан мылтығын атып түсіреді. Ерлігі мен мергендігіне тәңгі болған Қалдан Серен Олжабай батырға алтын жабдығымен арғымақ ат мінгізеді, Абылайды тұтқынан босатады. «Ойлап ем қақпа бұзған қандай қазақ, сындырып мылтығымды салдың азап. / Қан төгіскен қырғынды тоқтатайық, арамызда татулық жүрсін ұзақ», – деп, Қалдан хан бітім сұрайды және бұдан былай бір-біріне тиіспеуге «ақ мылтықтың аузын жаппа» ант беріседі. Осы бітімнен кейін Олжабайдың абырой-атағы бұрынғыдан да асып, атақ-даңқы «он сан Орта жүзге ұран болады». Олжабай жалпақ жауырынды, орта бойлы, басы шүйделі, қалқан құлақты, қалың қабақты, айбарлы батыр бейнесінде сипатталады, мінезі кішіпейіл және сабырлы болған дейді. Жасы он төртке жеткен шақта-ақ жұрт оған үлкен үмітпен қараған. Олжабайдың батыр тұлғасы сондай – ол ат үстіне мінгенде ең мықты деген аттың өзі теңселіп кетеді, ат үстінен еңкейгенде, қолы жерге жетеді екен.

Олжабай батыр туралы әдебиет өте бай. Ең ғажайып әдемі жырды ол кісі дүние салған соң бірінші рет жырлаған орманшы руынан шыққан атақты Сақау ақын. Ол да Бұхар жыраудың дәстүрінде болған ойшыл ақын. Оның «Ер Олжабай» деген кітабы Қазақ Ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы тұр. Олжекеңді екінші рет жырлаған баянауылдық Көтеш ақын, әр уақыт Шоң бидің қасында болған жыршы. Омбыда керей Тұрлыбек Көшентегі үйінде болғанда «еліңнің тарихта болған жақсы адамдарын жырлай бер-

ші» дегенде, Олжабай батырдың ерлігін көркем тілмен суреттеген. Олжабай батырдың тарихына ерекше көңіл бөлген М.Ж. Көпейұлы. Ғалымның ХІХ ғасырда жазған қолжазбасы «Он сан орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген әңгімесі Ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы. Орыс тілінде ол туралы қазақ аңызын бірінші рет жариялаған ғалым Ө. Марғұлан. Баянауылдағы Қалмақ қырған тауын зерттеп жүріп Олжабай кезінде қазақпен қалмақтардың қырғын соғыс ашқан хикаясын жазып алады. Баянауыл жерін аралап жүріп көптеген тарихи әңгімелерді жазып алғандардың бірі Г.Н. Потанин болды. Олжабай батыр туралы жырларды жазып алған Орталық Қазақстанды зерттеуші, Петербургтің профессор Ф.А.Дербин болған. Олжабай батырға арнап ақындар көптеген поэмалар шығарды.

Шерубай батыр Виболдыұлы (1693-1812) батыр. Орта жүз жеріне қалмақтардың шабуылы кезінде (1721-1730) Тоқбура Қарекеұлы жасы алпысқа келіп қалса да ел жиып, жауға қарсы ту көтерген. Шерубай оның қолбасшы батыры болған. Хас батырлығы, өлшеусіз ерлігі туралы ел аузында әңгіме көп. Қарағанды облысының Шет және Бұқар жырау ауданының жері арқылы ағатын Шерубай-Нұра өзені батырдың атымен аталған.

Жазы батыр – қыпшақтан шыққан Абылайдың атақты батырларының бірі. Ол туралы дерек ауызекі тарихи дәстүрде заманында мол болғанымен, қағаз бетіне түсіп сақталғаны аз. Мағзұм Ахметұлы арабша жазылған шежіре дәптерінде: «Қыпшақ Жазы батыр мен Бәсентиін Малайсары батыр Абылайдың соғысында садақ атып, жақ тартып, батырлық көрсетіп жаннан кешіп жүрген. Абылайда бұл екеуінен күшті, асқан батырлары болмаған. Жазы мен Малайсары келе жатқанда жаудың беті қайтып, үріккен қойдай болыпты. Қазақ жасағы қалмақпен соғысқанда қалмақты қойдай қырып, қалмақтың қызы менен қатынын жетім қылатын батырлары Жазы менен Малайсары екен. Жазы батыр жақ тартқанда, оның оғы нендей тас темірден өте шығады екен. Бір күні Абылай батырларының күшін сынау үшін жеті балтаны қатар қойып, осыдан атындар дегенде, сонда Абылайдың басқа батырларының оғы бір-екі-ақ балтадан өте шығыпты. Абылай Жазының күшін сынау үшін, ішіне шеге мен жүн араластырып тігіп, қына артқан жеті түйені қатар қойып, сонан жақ тартқанда Жазының оғы онан да өте шыққан. Жазының хас жасөспірім кезінде қалмақтың ханы Сыбанның Шарш деген батыры болған. Шарш өз заманында аса мықты болған жауып тұрған оқты тындамайтын жүректі екен.

Шарш зордың зоры екен. Басқа әскерден келе жатқанда иығы мен мойны бір кез алып тұрады екен. Оны келе жатқанда анадайын белгілі екен. Қайраты, күші мол жоңғар болса керек. Шарш (Чаршы) келе жатқанда қазақтар үрке қашатын болған. Шаршқа қазақтан жекпе-жекке келетін батыр болмаған. Қазақтың қолын қиратып, қайратын сөндіріп, қанын судай шашып тұрған мезгілде, қазақтан Жазы, Малайсары батырлар шыққан. Жазы он тоғыз жасында ат үстінде батырлық қылған. Бір соғыста қалмақтың Шаршы батырына қарсы қазақтан Жазы батыр шығады. Бұрыннан «менің бетіме кім шығады» деп, биманас ағып жүрген Шарш «мен, мен» деген тәубесіз біреу екен, бір салып жығамын» деп ойлап, найзасын бір салып өте береді. Жазы аттан жығылмай сау қала берді. Кезек Жазыға келді. Шарш Жазының аман қалғанына «нағып қалды» дегенде, бетін бұрып алып «сен қай баласын, менің ұрғаныма шыдап қалған» деді. «Менің кім екенім не керек, мен бала екенімді қаруласқанда айтарсын, менің атым Жазы, арманда қалмай естіп кет» деп, қос қолдап тұрып көк желкеден бір салып өткенде Шаршы аттан өкіре құлады. Шарштың аты ойнап шыға берді. Қалмақтар оны көріп көбі жан-жаққа быт-шыт болып қашты. Қазақ батырлары қашқан қалмақты соңынан қуып, қойдай қырып, шауып, шаншып, қиратып, қанша аттын саймандарын олжа қылып, үлкен қарық болды. Абылайдың сол жолы үлкен жолы болып, мерекеге батып, қуанып қайтқан соң, алды болды. Екінші бір соғысында қазақ әскері тағы жеңіп, Абылайдың қолдары олжа алған соң, соғыстың ақырына қарамай, кейін елге қайтып кетіпті.

Ежен күнде тұтқындардың жанына барып тұрады екен. Бір келіп күні Ежен «әу Абылайдың батырлары, қалмақ Шарш батырды қайсың өлтірдің?» – деп сұрады. Еш қайсысы жауап бермегенде Жазы батыр: «Шарш, Шарш жұлып алғандайсың, Шарш батырыңды салып, омақата құлатып, мойнын үзіп, жанын дозаққа жіберуші мен!» – деп, ұшып тұра келді. Ежен Жазының батырлығына сүйсініп мойнын иіп, басын бұлғап «мон-мон» депті. Қалмақтың «мон-мон» дегені қалмақ тілінше «жөн-жөн» дегені екен. Жазы батыр Сілеті бойында, Бестөбе маңында болған сұрапыл соғыс кезінде зеңбірек оғынан мерт болған.

Баймырза батыр (1700-1770 жж. ш.) – қаракесек руынан шыққан батыр, шын аты – Кенжебай. Мол дәулет біткен аса ауқатты, атымтай-жомарт адам болғандықтан, Баймырза атанған десе-ді. Қара қылды қақ жарған әділ шешен, жоңғар-қалмақ шапқын-

шылығы тұсында ерлік көрсеткен батыр. Жаз жайлауы – шұрайлы Баймырза сайы, Шоқай, Нұра өзендерінің бойында болған. Елді мекен, ауыл, осы кісі есімімен аталған.

Нияз батыр. Сайдалы Барқы Нияз батырдың ата-тегіне келсек, қазақ шежіресі бойынша ол Арғын Алтайдан тарайды. Сайдалы руы Сүгірәлі және Арыстан деп екіге жіктеледі. Арыстаннан Мамадайыр, Мамашық, Тоғызақ, Барқы өрбиді. Нияз батыр қазақ жерінің тарихын алғашқылардың бірі болып хатқа түсірген П.И. Рычковқа көптеген мәліметтер берген адам. Қазақ хандарының шежіресін Өбілмәмбетке дейін таратып берген де, қазақ руларының ара-қатынасын айтып түсіндірген де, оңтүстіктегі қазақ қалаларының жағдайы туралы әңгімелеп берген де Нияз батыр. Бұл мәліметтер кейіннен П.И. Рычковтың «Орынбор топографиясы» атты еңбегіне арқау болды. Орта жүз ішінде Нияз батырдың беделі өте жоғары болған. Маньчжур тіліндегі Қазақ тайпаларындағы отбасы саны туралы тізім дәптерінде: 1758 жылы Нияз батырдың билігінде арғын ұлысының алтай атасынан 3000 отбасы, абақ-керей ұлысының 500 отбасы болғаны жазылған. Басқа рубасылардың қарамағында шаңырақтардың саны анағұрлым аз. Аталған жылы арғын ұлысының қанжығалы атасының – 2000 шаңырағы Бөгембай батырдың қоластында, Тарақты руының 400-ге жуық отбасы Наймантай батырдың қарауында, Қазыбек би қаракесектің 2000 шаңырағын, Барақ батырда көкжарлы найманның 1000 отбасылары ғана болған. Нияз батыр қыс айларын Түркістанда өткізгенімен, жаз жайлауға Ақтау, Ортау, Қызылтауға, Есіл, Нұра, Сарысу өзендерінің бойына, Қорғалжын көліне, Қарқаралыға, Қазылыққа көшіп келіп, қоныстап жүрген. Жоғарыда аталған Маньчжур тіліндегі Қазақ тайпаларындағы отбасы саны туралы тізім дәптерінде: «Биыл (яғни, 1758 ж.) алтай арғындарының Қазыбек би, Нияз батыр сынды адамдары Қарқаралы, Қазылық жерлеріне қоныстанған» - деп жазған. Жоңғармен соғыста елдің басын біріктіруге Нияз батыр зор күш жұмсады.

Құлық Жалаңтөс батыр (1696-1771 жж. ш.) – жоңғар-қалмақ соғысында қаһармандық көрсеткен, ерлігі аңызға айналған батыр. Ел қорғау науқаны, аласапыранға ерте араласқан Жалаңтөс батыр қазақтың жаугершілік тарихында жиі айтылып аты танылған Жидебай батыр, Сеңкібай батыр, Қасабай батыр, Есей батыр, Жарылғап батыр, Байзақ батыр, Мұратай батыр, Аю батырлардың қатарлы болған. 1711-12, 1714, 1718, 1723-25 жылдардағы жоңғар шапқыншылығында халық басына түскен төзгісіз ауыртпалық,

алапат қырғын әкелген. Зерттеуші Ж. Қашқынов, М. Баймұқанов, және т.б. Жалаңтөс батыр Түркістанды азат етуде Қаракерей Қабанбай батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, әлтеке Жидебай батыр, табын Бөгенбай батыр, тарақты Байғозы батыр, малғозы Олжабай батыр, Жасыбай батырлармен бірге тізе қосып шайқасқаны туралы шежіре хаттаған. Бұланты шайқасында Жалаңтөс батыр жас сарбаз шоғырын топтастырып, ерекше ерлік көрсеткен. Сол шайқасқа Жидебай батыр, Қасабай батыр, Байзақ батыр, түйте Жарылғап батыр, керей Есей батыр, қожағұл Торақ батырлар да қатысады. Жалаңтөстің батырлық әрекеті нағашысы қанжығалы Бөгенбай батырдың тәрбиесі. Жастайынан атақты батырдың қасына ерген Жалаңтөс, бірге жүріп соғыс өнерінің қыр-сырын меңгерген. Қаз дауысты Қазыбек би қалмақ ханынан құн даулай барған сапарында Жалаңтөсті ақылшы әрі айбар есебінде қоса ерте барады.

Жалаңтөс батыр бастаған шайқас – Сарыарқаның құтты өңірі Қарағанды маңында, Нұра мен Соқыр арасында орын алған. Бұл кезде Жалаңтөстің ерлік дабысы кең тараған екен. Соғыста жау жеңіліс табады. Жалаңтөстің қасында біраз батырлар аянбай кескілескен, жан алысып, жан беріскен. Қанды арпалыс кезінде батырдың көзіне жебе қадалғанда да айқас тоқтамаған. Бір көзінен айырылған Жалаңтөс айбары туралы дабырайта айтылып, оны әйгілі ету үшін, батыр есімін ел Соқыр батыр лақабына айналдырған. Сондықтан, жау садағы тиіп азат етілген жердің өзен суы Соқыр деп айтылады.

*Арқада Жәмші өзені суы кермек,
Күресі жер ананың нәрін бермек.
Мекені Жалаңтөстің осы маңда,
Қорғаған жаудан елін найза сермеп...
Қазақта арқа деген бар ғой кезең,
Маңында Қарағанды Соқыр өзен.
Жалаңтөс, Соқыр батыр бір-ақ адам,
Табасын сол маңайдан іздесең, – дейді.*

Жалаңтөс батырдың намысты ту етіп ұстаған ерлігі, елдікті сақтаудағы өрнекті тағылымы мен өсиеті батырға арналған дастан, өлең-жырларда насихатталды. Қазақ халқы «Артымызды сүйек айырсын» деген серт болады, ажырамас туыстыққа ұлассын деген жақсы тілек-үміттен туған ұлттық қасиет. Жалаңтөс батыр тектілікті тұрақтандырып, тұқым тазалығын сақтап қалу үшін керей Құс Жәнібек батырға бір қызын ұзатады. Батырдың балуандығы баласы Алтай мен Рүстемге дарыпты. Шөбересі Ахмет те жауырыны жерге тимеген балуан атанған. Сөз ұстау қасиеті кейін ұрпағы ақын

Жабасқа қоныпты. 1996 жылы 16 шілде күні Шатырша тауы сыртында (Ақтоғай), батыр жерленген төбе басына мазар тұрғызылып, аруақ құрметіне ас берілді.

Жәңке батыр Шобалайұлы. Шобалай, Шобай, Ақай, Төкей, Ерсімбек, Мәмек. Ерсімбек өспеген. Шобалайдан Жәңке батыр, Өміртай. Мұнын ұрпағын Қожаберген деседі. Жәңке батыр 104 жасқа жетіп дүние салған, 14 ұлға ата болған. Балаларының бәрі де өсіп-өнген. Абылай хан заманында болған билердің қақ маңдайы болған. Жалай мен Жәңке батыр да үш табылды дейтұғын Жәңке батыр осы. Жәңке батырдан кейін Жанақ би болған. Өз тұсында Жанақ деп ешкім атын атай алмайды екен, «Жәке, Жәке» деседі екен. Бұл кісі «аттым» десе, мал да, жан да мұрттай ұшады екен. Қаһарлы Жанақ, доғал оқ Жанақ атаныпты. Өзі біреуге ренжісе: – Әй, жаным, ақшолаққа оқ салдырайын демесең, тыныш жүр, – дейді екен. Тоқсан бес жасында, ел жайлауға кешіп бара жатқанда Сілетінің бойында дүниеден өтіп, Сарытөбе деген жерге қойылыпты. Жәңке батырдың қалмақ қатынынан Татан, Шөкей, Құлмырза, Тікей, Қабыл бес ағайынды. Бұлардың ұрпағын күні бүгінге дейін бес қара дейді. Үшінші қатынынан Босмойын, Биікбас, төртінші қатынынан Алдияр, Байбарақ, Қожам, Сейт. Осы он төрт ұлды би баласы дейді. Күліктің көбі осылар болады, – деп Мәшһүр Жүсіп жазған.

Аралбай батыр Әлібекұлы (1685-1778) – жоңғарлармен соғыста қол бастаған батыр, он бір-он екінші атаға жеткен бүгінгі ұрпағы ру аты Аралбай батыр есімімен аталады, есімі ел аузында қалған белгілі батыр Алтай руынан тарайды. Аралбай, қарпық Барғана батыр, тарақты Наймантай батырмен үзеңгілес дос болған. Қанжығалы Бөгенбай батырдың Айбике (кейін мінезіне орай Кежек атанған) деген қарындасын алып, Өмір деген бір ұл туған. Аралбайдың бәйбішесі Айса Ұлы жүз Сиқым-Жаныс Төле биге аталас адамның қызы екен. Бұдан туған Құттыбай, Жоламан, Тоты балалары бір рулы ел Сырт Аралбай атанады, Аралбайдың үшінші әйелі Тансұлу Танақызы, одан Байтоқа, Сеңкібай, Бәйтелі, Жабағы, Жабық туған. Бұлардың әрқайсысы рулы ел, бір-бірімен қыз алысуға жеткен. Аралбай батыр Түркістанда жерленген.

Сәмен батыр. Сәмен Шағанайұлы Ботбайдың Шағай деген руынан шыққан Абылайдың замандасы. Қалмақтар қазақты шауып кеткенде, Сәмен жылқы бағып жүреді екен. Абылай елге қол жинап, ұрыс салуға аттанайық деп хабар береді. Елде ер кіндікті қалмай, барлығы барады. Сәмен екі қарақызыл дөненнің түнде тілін

буып жібереді екен. Елмен бірге қалмаққа барады. Қалмақтар ... қамалды жеті тұстан қабат шөгеріп тастаған екен. Сәмен Абылайға «қалмақтың қамалы екен, оны бұзайын» деп тілек сұрайды...

Қорыта айтқанда, қазақ шежіресінде жоңғар басқыншылығы туралы тарихи деректер мол. Сол шежірелік деректердің бір қабаты көшпелілер тарихының әскери, соғыс тарихында ерекше аты аталатын тарихи тұлғалар туралы әңгімелерді дәстүрдің өзіне лайық қалыптасқан баяндау стиліне орай қалыптасқанын аңғарамыз. Халықтың санасында жалғасын тапқан шежірелік деректердің міндетті мәдени-әлеуметтік қызмет атқарғаны анық. Бірақ ол мақсатты түбегейлі орындау мақсатында шежірелік деректердің баяндалуында өртүрлі нұсқадағы ауызекі мұралар да, тысқы тарихнамалық дәстүр төңірегінде қалыптасып, сырттан енген тарихи дерек үлгілері қатар болғанын аңғардық.

АЛЬЖАНОВА Р. С.,

Петропавл қаласының ҚР Ұлттық Ұланы Әскери институтының жалпы білім беру пәндері кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты.

ТАКТИКА ВОЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ БАЙЫМБЕТ БАТЫРА В КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКОЙ ВОЙНЕ

В период грозной военной опасности (джунгарское нашествие) у казахов не было единой централизованной военно-политической власти, что явилось причиной жестоких поражений в целом ряде джунгаро-казахских военных столкновений XVIII в. Тяжелые и затяжные войны детерминировали выход на политическую авансцену правителей родов и улусов - султанов, биев, батыров, которые нередко диктовали свою политическую волю ханам.

Огромную роль в казахском войске играли батыры – профессиональные воины. С полным основанием можно считать, что батырство было особым военно-политическим институтом в кочевом обществе казахов, игравшим ведущую роль в военной организации. Издревле наши предки ценили человеческие качества превыше всего. Если воин отличался храбростью и отвагой, то он мог стать батыром, даже не относясь к степной аристократии.

Казахстанцы хотят знать своего героя, о его боевом пути, военном таланте, вкладе в дело защиты Отечества. Поэтому сейчас особо

актуально восстановление малоизвестных страниц жизни батыров казахского народа, одним из которых является народный герой, выдающийся батыр, дипломат, лидер рода – Байымбет батыр. Изучение боевого пути Байымбет батыра способствуют восстановлению объективной картины развития национального самосознания и государственности казахского народа.

Тактика военных действий казахских батыров в годы казахско-джунгарской войны изучена еще недостаточно полно. Опубликованные документальные материалы, брошюры и отдельные статьи не охватывают полностью воинского наследия, оставленного батырами земли казахской. Надеюсь, настоящая статья, поможет восстановлению еще одной страницы славного прошлого нашего народа.

В учебной литературе говорится о том, что кроме сражений на Буланты-Белеуты и Аныракае, было еще несколько военных столкновений в различных местах Сары-Арки. Наверняка, здесь говорится именно о сражениях под предводительством Байымбет батыра в Кокшетау.

1732 году в Кокшетау в местности под названием Улкен Карой произошло кровопролитное сражение. Джунгарское войско напало на Средний жуз в количестве семь тысяч человек под предводительством известного джунгарского военачальника Чакбо. Они угнали шесть тысяч лошадей, десять тысяч баран, унесли 200 юрт.

Джунгарские племена торгауытов и дурбитов во главе с бахадуром Чакбо были основательно подготовлены к сражению. Весь казахский народ двинулся в сторону местности «Калба», чтобы спастись от врага. Это было начало сражения, которое продолжалось 80 дней. В этом сражении особенно выделился и отличился отвагой и силой Байымбет батыр и другие воины из рода Курсары Керей – они отстаивали свою землю...

Это сражение, так же как и все другие начались, с поединка (жекпе-жек). Первыми на поединок вызвали именно казахские батыра, что особенно вызвало недовольство со стороны джунгар, так как, по традиции, они первые объявили войну и поэтому право вызова на поединок тоже должно исходить от них.

Обращает на себя внимание интересная традиция: перед сражением из семи тысяч джунгар вперед вышли самые сильные, самые лучшие и красиво одетые пятьдесят батыров. Они продемонстрировали свое боевое искусство и мастерство владения оружием, а именно подбрасывали вверх боевые топоры, играли кинжалами, поднимали лошадей.

Следующий этап – выход из войска предводителя войск бахадура Чакбо с десятью лучшими воинами и призыв казахов сдаться без боя, так как они считали их поражение в этом сражении.

Пятьдесят воинов, показавшие свое боевое искусство, растворяются среди других воинов, и остается тот, кто должен сразиться в поединке. Весь его вид говорил о том, что он готов к сражению и уверен в победе на поединке, также призывая сдаться, громогласно смеясь над казахами. Это был прославленный бахадур Зайсан Наугат, которому было сорок лет и, соответственно, имеющий огромный опыт сражений на поединке – за ним числилось много побед. Он был знаменит и богат, так как после каждой победы получал в дар от хонтайшы огромные богатства: скот, людей, земли. Он был жадным до богатства и свято верил, что его физические силы подпитывает всемогущий бог джунгар - Будда.

Известный писатель Мухтар Магауин говорил, что на поединок должен выходить батыр, являющийся представителем того жуза и того рода, в котором происходит сражение. Также существовал обычай, что выходившие на поединок должны быть и равны по своему статусу. Предположим, если на поединок выходит предводитель войска, то противником его должен быть равный ему по должности военачальник. Если это был случай, когда на поединок выходит хан, то, соответственно, со стороны джунгар это должен быть хонтайшы.

Если на вызов на поединок никто не выходил, то это считалось страшным позором для всего народа. А позор на поле боя был хуже смерти.

На этом же поединке со стороны казахов все выдвигали кандидатуру Байымбет батыра. Обычно сильные батыры для поединка назначались заранее, еще накануне сражения и, как правило, они должны быть сильнейшими и выносливейшими из рода.

Отебай батыр – брат Байымбета – обратил взор на казахов и спросил громогласно, кого выведут на поединок они. В это время на своем белом коне выехал вперед Байымбет батыр и сказал, что на поединок выйдет он: «Жамиғат! Менің ұйғырымым былай! Бірінші жекпе-жекке жоңғарладың қалауынша мен барамын!» Так как сражение происходило на земле рода Курсары Керей, то первой и должна пролиться именно их кровь, было сказано им. Все поддерживали его кандидатуру, хотя батыры многие желали выйти на поединок, потому что победившие на поединке были обычно награждены большим богатством, а также получали всенародную славу и почести на всю жизнь. Хан прилюдно и законно присваивал таким воинам звание батыра.

Вышедший на поединок считается проигравшим, если даже просто упадет с коня, так как воин-кочевник, всю жизнь проживший и провоевавший верхом на лошади и сражаться без нее он практически не умел.

Таким образом, было принято окончательное решение – на поединок выходит Байымбет батыр, хотя были и другие не менее сильные батыры. Например, были предложения выдвинуть других батыров, из других родов: из рода атыгай – Кулеке батыра, а из рода кыпчак – Кошкарбай батыра.

Байымбет батыр, подойдя к врагу в первую очередь обошел его вокруг, потом они начали скакать друг против друга с копьями. Вокруг раздался мощный грохот от ударов копий и щитов. Поединок накалялся.

Сражение происходило на месте высохшей реки. Поэтому на этом месте росла высокая и густая трава. От горячей битвы двух сильнейших батыров трава вся стопталась. Сражение на копьях шло очень долго и оно сопровождалось боем в барабан, с помощью которого шла поддержка духа сражавшихся.

Но происходит непредвиденный случай: у Байымбет батыра ломается копье. Тогда он вынимает кинжал. Время казахского рыцарства поражает нас не только своими громкими победами воинов, но и святым соблюдением воинских традиций и огромной роли воинской чести. Все это относилось как к казахам, так и к джунгарам. Честь была превыше всего. И обе стороны знали, что справедливая борьба на поединке – это сражение с одинаковым оружием, поэтому Зайсан Наугат сломал свое копье и подняв его вверх, показал всем, выбросил и также вынул кинжал. Они дрались на кинжалах так сильно, что от них во все стороны летели искры и резал ухо громкий звон кинжалов сражающихся. Очень долго шло сражение и никто не проигрывал, что говорило о высоком боевом мастерстве обоих батыров. После кинжала они переходят к дубине (шокпару), сделанной из березы и размер которого равен голове большого барана. При сражении дубинами важным считалось попасть именно на плечо или голову врага.

Поединок длился очень долго, устали их кони и земля была растоптана настолько, что копыта проваливались в землю. И вдруг конь Наугата стала раскачиваться от усталости и начала хромать. Теперь исход сражения полностью зависел от коня джунгара. Исход сражения становился очевидным. И когда конь джунгара накренилась от усталости, Байымбет батыр со всей имеющейся у него силы ударил Наугата по шее и разнес голову врага вдребезги. После этого

он забирает лошадь пораженного врага и уводит ее в сторону ожидавших его воинов.

В толпе воинов-казахов произошел гул радости, а со стороны джунгаров разнесся плач и рев. Младший брат Наугата вызывает на поединок Байымбет батыра с целью отомститься за брата, но жестокий поединок обессилел Байымбет батыра, поэтому на вызов выходит младший брат Байымбета – Асан батыр и также одерживает победу.

Следующее сражение, на котором хотелось бы остановиться – сражение 1741 года, произошедшее по вышеуказанному источнику, в феврале месяце. Джунгары наступили на землю Керей-Уак возле Кокшетау. Народные аксакалы так описывают это событие нашей истории.

В зимнее время джунгары двинулись в военный поход с Аягоза в Кокшетау, как всегда все уничтожая на своем пути. Весть об этом доходит до Байымбет батыра и он предлагает народу первыми выйти в наступление. Джунгары остановились возле озера Теке, которое было замерзшим и блестело на солнце. Байымбет приказывает воинам перевязать копыта лошадей кошмой. Затем делит все войско на две части. Одну часть оставляет за озером, а другую часть, возглавив сам, нападает на вражеское войско и начинает бойню и, делая вид, что отступает, идет с войском прямо на озеро, покрытое льдом. Лошади джунгар начали скользить по льду и продолжать сражение не смогли, а лошади казахов на льду держались устойчиво. Таким образом, была одержана победа джунгар над казахами.

Следующее знаменательное событие в героическом прошлом Байымбет батыра – это сражение, произошедшее в 1752 году. Ситуация в Джунгарии, как известно, изменилась.

Конец 40-х – начало 50-х годов XVIII в. – период ослабления и упадка Джунгарского ханства. После смерти Галдан-Цэрэна в 1745. на короткое время пришел к власти его 13-летний средний сын Цэван-Доржи, свергнутый в мае 1750 г. незаконным старшим сыном Галдан-Цэрэна Лама-Доржи. В Джунгарии начинаются междоусобицы, политическая децентрализация, экономический упадок. В результате неудачной борьбы с новым джунгарским ханом нойоны Даваци, Амурсана и Банчжур бежали в Казахстан. Чтобы найти и вернуть беглецов, было создано огромное войско, которое возглавил прославленный полководец Сайын-Болек. На юг был направлен Шахабор тайшы, на север Казахстана – две тысячи воинов джунгар во главе с известным и опытным военачальником Убашы. Об этом походе на север Казахстана, в Средний жуз, и пойдет речь дальше.

В этом же, 1752 году Байымбет батыр переселил в местность Улкен Карой свой народ. Наутро, после перекочевки приходит плохая весть: джунгары двигались с Востока по направлению к Среднему жузу. Они наголову истребляли мужчин и женщин, девушек уводили в плен. Застигнутые врасплох казахи Старшего и Среднего жузов, бросая скот и имущество, отступили на запад, юг и север.

Байымбет батыр направил гонцов к своим братьям, чтобы узнать точную информацию о наступлении джунгар. Гонцы принесли весть, в которой подтверждали, что джунгары наступают в количестве двух тысяч воинов. Он отправляет весть всем родам Среднего жуза, чтобы все собрались в местности Тамшылык через три дня. Через три дня все воины Среднего жуза собрались в назначенном месте.

Первыми прибыли братья Байымбета – Отебай, Асан, Усен батыры со своими сотнями. Из рода Атыгай прибывают батыры Жантелы, Жапек, Мендеке, Тылеке, Кулеке также со своими сотнями; из рода карауыл-батыры Жанатай Аканулы с двумя сотнями воинов; из рода кыпшак – Қошкарбай Сагалайулы; из рода Ашамайлы Керей Кошебе – Дастем сал Карабасулы Қожаберген батыр со своими сотнями.

Уак Баян батыр предупредил, что он со своим войском в количестве 500 человек будет стоять в местности Шар на пути врага. Родственники Байымбета от родов Еспол и Есенали также будут дожидаться врага возле озера Кызыл-Кок.

Все собрались в назначенном месте и двинулись к месту. Местность была чистой и ровной степью, где должно было произойти тяжелое кровопролитное сражение. Байымбет батыр поднял свое копьё и выступил с пламенной речью и высказал план военных действий на это сражение: с одной стороны он планировал выступление войска Уак батыра, с другой – Еспол и Есенали, а с середины он сам со своим войском. Здесь были и известные казахские жырау: Ақтамберды, Бухар и Қожаберген, которые поднимали дух воинов перед предстоящим тяжелым сражением. Одной из особенностей степной местности является то, что ровная степь не давало возможности обоим сторонам что-то предпринять и при этом остаться незамеченными.

Казахских воинов было 1200 человек. К сожалению, о том какое количество воинов было на стороне джунгар неизвестно.

А. И. Левшин писал о тактике казахов: «Набеги свои производят они большей частью ночью, нечаянно и без всякого порядка, но с удивительным стремлением и криком, имея при себе разного рода

оружие... Первый удар или первая атака бывают всегда сильными, и устоять против нее нелегко. В ней совокупают они всю храбрость свою. Атака начиналась метанием копья и криками «урана».

На первом этапе сражения вышли с каждой стороны по 500 воинов. Битва между этими пятьюстами длилась очень долго. В конце концов, никто не победил и они разошлись. С обеих вражеских сторон начинает бить барабан (дабыл). Это время для того, чтобы собрать раненых и убитых.

В это время Байымбет батыр решает использовать новую тактику действий. Он разбивает войско на три части: по краям по 500, посередине – 200. Не забываем, что в засаде в отдалении сидят еще по 500 воинов в качестве резерва: Уак батыра и – Еспола и Есенали. Затем эти 500 разбивает еще по 100. Каждая сотня, подбегает в войску джунгаров и начинает бой, а затем отступает и растворяется в своей толпе воинов, дальше, без промедления подскакивает следующая сотня, но уже с другой стороны и вновь отбегает. Военачальники все конкретно определили: в каком порядке и в какой последовательности будет происходить нападение. Таким образом, враг начинает отступать и отходить назад, их силы быстро иссякают, тогда как войска казахов постоянно пополняются свежими силами. При отступлении врага на них нападают еще и резервные войска: с двух сторон по пятьсот и таким образом изгоняют врага. Конечно, обе стороны потеряли много людей, но победа, все же, была одержана казахами. Это была знаменательная победа, о которой, к сожалению, мы услышали совсем недавно.

Отечественная война казахского народа против джунгарской агрессии оказалась наиболее ярким героическим событием в истории казахского государства. Народу пришлось перенести всю горечь поражений, большие потери и глубоко осмыслить происходящее. Война потребовала мобилизации всех материальных ресурсов, стойкости духа, сплетения многочисленных родов. И правильная организация отпора противнику привела к победе.

Список использованных источников:

1. Ғалымжан Жүсіпұлы. Бейімбет батыр Төбетұлы. – Алматы, 2011.
2. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996.
3. История Казахстана. В 5-ти томах. Т. 1-3. – Алматы, 2010.
4. История Казахстана. Курса лекций.ю – Алматы, 2009.

ӘБСАДЫҚОВ А.,

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.д.

ШАҚШАҚ ЖӘНІБЕК БАТЫР: ТАРИХИ ТҮЛҒА ЖӘНЕ АҢЫЗДЫҚ КЕЙІПКЕР*

ХҮІІІ ғасырда Тобыл-Торғай өңірінде өмір сүрген атақты тұлғалардың бірі – Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы. Халық арасында Тархан Жәнібек деп те аталады. Қазақ елін жоңғар қалмақтарынан азат етуде, жердің тұтастығы мен бірлігін сақтауға елеулі үлес қосқан Шақшақ Жәнібек туралы жыр-аңыздар Торғай-Қостанай өңіріне, қазақ даласының түпкір-түпкіріне кең тараған. Сонымен қатар ХҮІІІ ғасырдағы орыс-қазақ қарым-қатынасы туралы жазбаларда даңқты батыр туралы деректер молынан кездеседі.

Шақшақ Жәнібек батыр туралы аңыздар ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан бастап жазбаға түсе бастады. Бұл үрдіс қазақ даласын аралаған орыс зерттеушілерінің және Ш.Уәлиханов, Мәшһүр-Жүсіп, Шөкәрім Құдайбердіұлы сынды қазақ оқығандарының еңбектерінде көрініс алды. Қазақ даласының әр өңірінен жазылып алынған аңыз әңгімелерде Шақшақ Жәнібек батыр бейнесі бірнеше қырынан суреттеледі. Мұнда ол Төле бидің қолында жалшы болып жүрген болашақ қазақ ханы Сабалақты (Абылайды) қалмаққа қарсы жорыққа алып шыққан, оны хан етіп үлес қосқан, Абылай ханның ірі жорықтарына қатысқан, сонымен қатар ол жас күнінде таршылық көрген Кіші жүз ханы атақты Әбілқайырды өз қамқорлығына алған батыр ретінде де суреттеледі. Халық жыр-аңыздарында Шақшақ Жәнібек батыр фольклорлық қаһарманға тән ғұмырнамалық кезеңді басынан кешіреді. Болашақ батырдың балалық шағы кезеңіндегі тұлпар таңдап алуы, атақты батыр, би кісілерден бата алуы сынды кезеңдері халық аңыз әңгімелерде кең баяндалады.

Батыр туралы аңыздарда Жәнібекке атасы Шақшақ бірнеше өсиет қалдырады. Ол баласына өзіне лайық тұлпарды (жиен құрықты) нағашысы Бектас Қарабиден алуды және Найман Абыл қартқа, Соқыр Абыз билерге арнайы сәлем беруді аманат етеді. Жәнібек атасының өсиетін орындау мақсатында Қаратауды жайлап отырған нағашысы Бектас Қара биге барып, «жиен құрығын» алады. Нағашысы оған он екі мың үйір жылқының ішінен бесті шыққан-

* Мақала Қазақстан Білім және ғылым министрлігінің «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» ғылыми гранты жобасы бойынша жазылды.

ша жүген-құрық тимеген асау күреңді сыйға тартады. Асаукүреңді Жәнібек он бес жыл жауға мінеді [1, 196.].

Нағашысынан «жиен құрығын» Жәнібек Бірқазан көлінің маңын жайлап отырған 126 жасар Найман Абыл қартқа сәлем беріп келеді. Найман Абыл Еңсегей бойлы Ер Есім ханның тұсында Жәнібектің бесінші атасы Аманжолмен жорықтас болған батыр кісі екен. Қарт батыр Жәнібекке өз батасын береді [1, 206.].

Абыл қарттан шыққан Жәнібек Сыр бойын жайлап отырған Соқыр Абызға сәлем бере келеді. «Көлденең көк аттыға қолын жайып бата бере бермейтін» Соқыр Абыз Жәнібекке ықылысы ауып, бата береді. Одан әрі болашақ батыр Ақсақал Тәуіп деген жерде отырған Керей Тайған биге соғады. Керей Тайған би Жәнібекке үзеңгілес серік болатын құрдас жинап береді [1, 20-246.].

Бұл аңыздарда ғұмырнамалық тұтастанудың бір бөлшегі – батырдың балалық шақ кезеңін тұтастай суреттелген. Балалық шақтың мұндай көрінісі оның келешектегі батыр әрі би болған бейнесін сомдауға қызмет етеді. Жәнібектің нағашысына баруы батырға лайық тұлпарды алуына әкелсе, Найман Абыл қарттың батасы -үлкен батырдың кіші батырға көрсеткен қамқорлығы. Бұл жерде кіші батырға көрсетілетін қамқорлықты «бата беру» ғұрпы алмастырып тұр. Еңсегей бойлы Ер Есім тұсында батыр болған Абыл қарттың бата беруі болашақ батыр Шақшақ Жәнібектің абыройын асқақтататыны сөзсіз. Батырдың Соқыр абыз бен Керей Тайған билерден бата алуы – оның ел ішінде билік айтқан, ел тағдырын шешуге араласқан қызметінің негізсіз болмағандығының белгісі. Ал Жәнібектің бата алған кісілерінің әр жерді жайлап отыруы – қазақ жерінің тұтастығы мен батырдың Үш жүзге аты жайылған абыройының рәмізі.

Шақшақ Жәнібек батыр туралы аңыздардың жазбаға түскен уақыты бойынша ең көне нұсқасы – Ш.Уәлихановтың «ХҮІІІ ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» атты еңбегіне тіркелген. Онда ол - Абылайдың Еділ бойынан Жоңғарияға қарай қаша көшкен торғауыт қалмақтарға жасаған жорығына қатысқан атақты батыр. Жорық үстінде даңқты Жәнібек жас батыр Тарақты Байғозының ерлігін сынайды[2, 222-223с.]. Еділ қалмақтарының Жоңғарияға қарай көшкен оқиғасы тарихта 1771 жылы орын алды. Шақшақ Жәнібек батырдың аталмыш оқиға ішінде жүруі тарихи фактіге сәйкес келмейді. Өйткені ол одан бұрын дүниеден өтіп кеткен болатын. Ресей жазба деректерінде Жәнібек батыр, шамамен, 1752 жылдары қайтыс болады [3, 636.].

Тарихтан орын алған оқиғаға дейін дүниеден өтіп кеткен Шақшақ Жәнібек батырдың Абылай хан жанынан табылуы – халықтың арман-тілегінің фольклорлық шығармадағы көрінісі. Халық өзінің сүйікті батырын атақты билеушінің, әміршінің қасында көргісі келеді. Мұндай аңсар мен қиял фольклорда, әсіресе эпостық жырлар мен аңыздарда, бір орталыққа тұтастану құбылысының түзелуіне, қалыптасуына септігін тигізеді. Бір орталыққа, яғни бір билеушінің маңайына түрлі батырларды жинайтын тұтастану құбылысы, аты өлемге әйгілі фольклоршы В. Пропптың айтуынша, алғашқы феодалдық мемлекеттілікке төн белгіні көрсетеді.

Халықтың арман-аңсарының аңыздарда көркемделетіні соншалық, ендігі бір тұста қазақ жұртының атынан елшілікке барған Қаздауысты Қазыбек пен оның жанындағы Шақшақ Жәнібек бастаған батырлардың айбат-айбарынан, қадыр-қасиеті мен тектілігінен қаймыққан қалмақ ханы Қалдан Серен сөзге келмей, ханымының (әйелінің) кеңесімен қолға түскен 90 жесірді (тұтқындарды) ешбір ақысыз қайтарады.

Қалмақ билеушісі Қалдан Сереннің ханымы Шақшақ Жәнібекке «Өзінің оққағары бар. Күнінде ыңыршағыңды отқа жағып, бақайшағыңның майын шағатұғын осы екен» деп сын тағады. Бұл сында батырдың жоңғарларға қарсы ымырасыз түрде жүргізген күресінің сәулесі елес береді. Бұл – бір. Екіншіден, Жәнібек батырдың Қалдан Серенге қазақ жұртының атынан елші болып баруы тарихи шындықтың қисынына тура келмейтін сынды. Мұны біз Шақшақ Жәнібек туралы мәліметтер тіркелген орыс жазба деректерінен көре аламыз. Ол жазбаларға қарағанда, Шақшақ Жәнібек, сондай-ақ Қаздауысты Қазыбек би - Қалдан Сереннің қазақтарға қарсы жүргізген зорлығы мен талабына көне бермеген кісілер. XVIII ғасырдың 40-жылдары Жоңғар билеушісі Қалдан Серен қазақ майданында уақытша болса да елеулі жеңістерге жетіп, басымдылыққа ие болады. Қазақтың беделді сұлтаны Абылайды қолға түсіреді. Үстемділікті, басымдылықты бекіте түсу үшін ол қазақтың беделді хан-сұлтан, би-батырларынан балаларын аманатқа беріп, жоңғармен келісім-шарт жасауды талап етеді. Қоңтайшының бұл талабы, тарихшы мамандардың айтуынша, қазақ билеушілерін екі топқа жарады. Бірі – аманат беруге мүлдем қарсы болып, Ресей қамқорлығына үмір артқан топ. Екіншісі – Қалдан Серен талабын орындап, бейбіт келісімдерді қалаған топ. Бірінші топта Әбілқайыр хан, Шақшақ Жәнібек, Құлсары, Құлеке батыр секілді кісілер болса, екіншісінде Әбілмәмбет, Абылай, Барақ, Батыр сынды хан-сұлтан-дар еді [4, 121с.].

Аманат талабын орындауға үзілді-кесілді қарсы болған батырдың бірі – Шақшақ Жәнібек. 1743 жылы Түркістанға шешесінің жылын өткізуге келген Шақшақ Жәнібек батырға қалмақ әскерінің басшысы Септеннен аманатқа бала сұраған, оған көнбейтін болса, әскер жіберетінін айтып сескендірген хатпен елші келеді. Жәнібек Септенге: «...алдымен орысты жеңіп ал, біз оның боданындағы адамбыз: ол соғыс десе, соғысамыз, бейбіт бол десе, бейбіт боламыз» [164, 134с], – деп жауап қайтарады. Өз жұртына келгеннен кейін Шақшақ Жәнібек жоңғар әрекетіне тойтарыс беру үшін Орынбор губернаторына, Орта жүздің Қазыбек, Қабан билеріне, жоңғар тағы үшін Қалдан Серенмен таласқан тентек-башқұрт Қарасақалға хат жазады [4, 130-134с.].

Шақшақ Жәнібектің жоңғарларға илікпеуінің өзіндік себебі бар болатын. 1742 жылы Абылай сұлтанды босатуды сұрауға арнайы жіберілген майор В. Миллер бастаған орыс елшілігін жоңғар шекарасына жаңа әрі төте жолмен жеткізген Шақшақ Жәнібектің інісі Байқұлақты жоңғарлар алдымен «қалмақты биттеген тұлыпқа теңедің» деп ұрып-соғып, кейін «жерімізге қар мен суық әкелген сыйқыршысың» [4, 148с.] деген жаламен отқа жағып өлтірген еді.

Демек, жау мойнында інісінің кегі бар, жоңғардан алыстап, Ресей қамқорлығына ұмтылған Шақшақ Жәнібектің сол жоңғарларға елші болып баруы тарихи шындықта күманды мәселе. Бірақ аңыздың басты мақсаты нақты фактіні жеткізу емес, тарихи оқиғаларға қатысушы қаһарманның атқарған қызметіне баға беру, оны дәріптеу болғандықтан, шындықта болған нақты оқиғалар халықтың тілегіне сай өзгертіледі немесе ауыздан-ауызға, ұрақтан-ұрпаққа ауысқанда ұмытылады. Ұмытылған оқиғалардың орнын, міндетте түрде, аңыздық көркем баяндаулар мен шартты әсірелеулер алмастырады.

Жәнібек батыр қазақтың атақты хандарына қамқоршы болса, олар да өз кезегінде батырға жәрдем беріп отырған. Айталық, батырдың қолдауымен хан тағына көтерілген Абылай хан өз кезегінде Шақшақ Жәнібектің мерейін жау батырынан үстем етуге көмектеседі. Хан мұны өзінің ерекше қасиеті арқылы жүзеге асырады. Ол жау батырымен жекпе-жекке шықпақ болған Жәнібектің ұрыс алдында көрген түсін жорығанда батырдың мерейін үстем етуге бағыттайды. Түстің баяны бойынша қалмақ батыры Жәнібекті жеңуі тиіс еді, бірақ аруағы асқан Абылай «жазымыштың ісін» құрбандық шала отырып, өз жоруына қарай бұрдырады. Құрбандыққа Бөгенбай берген Нарқызыл атты алдырып:

– Жәнібек, жай қолыңды, – дейді. Жәнібек қолын жайып ұшып түрегелгенде:

– Жақсы түске де садақа, жаман түске де садақа деп еді. А, Құдай, осының түсін мен неге жорысам, сен соған қабыл қыл деп, атты түс садақасы деп айтып жалма-жан сойдырып, тартып жібереді.

– Айт, батыр, енді түсіңді! – деді.

– Түсімді айтсам, тақсыр, қалмақтан жекпе-жекке пәленше деген жайсаң шықты да, бұл жақтан мен шықтым. Екеуіміз шартпа-шұрт болып қалғанда мені ол найзамен шаншып түсірді. Кеудеме атша мініп, тамағымнан кесуге ыңғайлағанда енді бауыздап тастайды-ау деп кеудеме қарасам, оң емшегімді бір айдаһар жылан еміп жатыр екен, сол емшегімді бір айдаһар жылан еміп жатыр екен. Шошып ояна келсем түсім екен, көргенім осы, – дейді. Сонда Абылай:

– Түсің түс-ақ екен, мұнан жақсы түс бола ма түсіңде сені ол шаншып түсірген болса, өңіңде оны сен шаншып түсіреді екенсің. Түсіңде сенің кеудеңе ол мініп жүрген болса, өңіңде оның кеудесінде сен атша мінеді екенсің. Түсіңде сенің тамағыңа ол қылыш даярлаған болса, өңіңде оның тамағына сен қылыш даярлайды екенсің. Оң емшегіңді еміп жатқан айдаһар жылан өзіңнен ұл туып, үстіңе бала ойнақтайды екен, өзі асқан айдаһардай батыр болады екен. Сол емшегіңнен айдаһар еміп жатса, өзіңнен бір қыз туып, онан туған жиен о да айдаһардай ақырып туады екен. Ұлдан туған ұрпағың, қыздан туған жиенің тұлпар мініп, ту ұстай туады екен, осынша өсіп-өнейін деп тұрсың. Сен қалай өлесің, бар жекпе-жекке кіре бер, – дейді. Хан түсін қолмен қойғандай жорыған соң, бір жағынан атын сойып таратып жатқан соң, Жәнібектің қорқынышы қашып кетті, жүрегі тасып кетті. Қайрат-қуаты бұрынғысынан да басым болып кетті. Сол жерден атын алдырып мініп:

– Жекпе-жек, жекпе-жек! – деп айғайлап шыға шапты дейді. Қалмақ жайсаңның құғы қашып, аяғын тәлтіректтей басып, найзасын қалай ұстарын білмей, өзінен өзі қалбалақтап сасып айқасып қалған қарсаңда Жәнібек батыр шаншып түсіріп, үстіне аттай мініп, тамағына қылышты тигізер-тигізбесте шалқасынан жатқан қалмақ тоқта дейді:

–Түнде түсті сен де көріп едің, мен де көріп едім. Сені мен алып едім-ау, табанымның астына салып едім-ау. Сенің түс жорушың жақсы жорығандықтан, менің түс жорушым ретін тауып айта алмағандықтан мені алып кеттің-ау, – дейді» [5, 312–313б.].

Қазақ пен қалмақ арасынан атақты батырларды жекпе-жекке

шығару – жаудың ұсыныс еді. Қалмақ қоңтайшысы қазақ ханы Абылайға елші жібереді. Елші арқылы ол: «Дүние үшін жұртымызды қырылыстырмайық. Мен өз қоластыма қараған қалмақтан бір сыртан табайын, Абылай да өз қоластына қараған қазақтан бір сыртан тауып келсін. Екеуін жекпе-жекке шығарайық. Менің сыртанымның күші асса, малдан, жаннан Абылай безіп шықсын, біз олжа қылайық. Абылайдың сыртанының күші асса, малдан, жаннан қол жуып, екі қолды төбеге қойып біз шығайық, Абылай олжа қылсын! Уәде осы болсын!», – дейді» [6, 42б.].

Хан қазақ арасынан «адамның сыртаны» деп Шақшақ Жәнібек батырды таңдайды. «Сыртан» деп қазақтар иттің асылын таниды, кейде қасқырды атайды. Жәнібек батыр дүниеге ерекше жағдайда келген, тегі бөлек кейіпкер. Оның тегі қарапайым жұрттан бөлек екенін аңыздарда батырдың шешесінің баянымен жеткізіледі: «Аттың сыртанын өзім атқа мініп, қазақ жылқысын үш жыл аралап, зорға таптым. Ағаштың сыртанын тоғайдан тоғай қалдырмай, орманнан орман қалдырмай, үш жыл аралап, зорға таптым. Адамның сыртанын мырза Құдай құдайлығымен төсекте жатқан бір түн түсімде берді. «Қалай берді?» – десең, ұйықтап жатыр едім, үстіме келіп бір нәрсе шөкті. Бойым иіді, тұрып кетті. Немене екенін айырып біле алмадым. Бір сипап қалдым: жүнді барақ нәрсе екен» [6, 43б.].

Жәнібектің шешесінің түсі арқылы үстіне шөккен «жүнді барақ» – ит бейнесі. Бұл – тотем баба. Болашақ батыр дүниеге тотем бабаның жәрдемімен дүниеге келген. Шақшақ Жәнібек батырдың ғажайып жағдайда дүниеге келуі моңғолдың көне мифтік аңызындағы Алаң Қоғаның күйеуі қайтқаннан кейін әкесіз дүниеге келтірген үш ұлының оқиғасына ұқсас. Онда моңғол тайпасын Бөрте Шынуа (Чино) мен Марал сұлудан таратылады. Олар Көк Тәңірінің жебеуімен теңізден өтіп, Бұрхан Қалдын деген тауды мекен етеді. Бұлардан бес-алты ұрпақ өткеннен кейін Боряқшын атты бала туады. Боряқшыннан Дұба соқыр мен Добу мерген деген екі бала дүниеге келеді. Добу мерген хас сұлу Алаң-Қоға деген қызға үйленеді [7, 30б.]. Осылайша басталатын көне мифтің енді Алаң сұлу тарихына қатысты тұсын толық келірейік: «Алаң сұлу Добу мергенге тиген соң Белкүңтей, Бекүңтей есімді екі ұл туады. Ал, Дұба соқырдың төрт баласы бар еді. Дұба соқыр өлген соң, оның балалары Добу мергенді көзге ілмей, келеке етіп, өз жөндеріне кетеді де, олар Дөрбет руы аталады. Дөрбеттердің арғы атасы осылар еді. ...Сөйтп жүргенде, Добу мерген ғайып болады. Добу мерген ғайып болған-

нан кейін Алаң қоға ерсіз жүріп, Бұқа Қатығы, Бұқұчи Салчи, Боданшар Мұнқақ есімді үш ұл туады. Белкүнтей, Бекүнтей екі ұлы шешелерін мына ұлдарды қалай туды деп жасырын әңгіме етіп: «Ағайын-туыстарда өзі тұрғылас адам жоқ. Сонда бұл ұлдар кімдікі болды? Мына Мақалық Байғұдай адамы басшылық етеді. Соныкі шығар?!», – деп шүйіркелескенін Алаң қоға сезіп, көктемнің бір күні сүрленген қойдың етін асып, бес ұлын қасына шақырып, қатарластыра отырғызып бір-бір жебе ұстатып: «Ұлдарым, осы жебені сындырыңдар!», – дейді. Ұлдары сындырып тастайды. Және тағы да жебені біріктіріп ұстағанда, оны ешкім сындыра алмайды. Сонда шешесі Алаң Қоға бұй дейді: «Екі ұлым, сендер мына туған үш ұлды кімнің балалары болды деп күдіктенесіңдер! Күдіктенгендерің дұрыс) Өр түн сайын сары шегір адам келіп, құрсағымды сипап түңілік, маңдайшыдан сөуледей еніп, күн мен ай жарқырап шығар шақта сары ит болып, жаланып-жұқтанып шығып кететін еді. Соған қарап мен бұларды тәңірдің ұлдары ма деп ойлаймын! Қараша адамға теңеп, сөз етпей-ақ қойыңдар! Күндердің күнінде қиырдың қағаны, ұлыстың иесі болған тұста, сонда ұғасыңдар, сендер! Қара басты кісілер емес. Өйтеуір, сен екеуіңнің көлеңке-нөкерлерің болсын!» дейді. Екі ұлы үн қатпайды. Алаң қоға тағы да ұлдарына өсиет етіп:

*«Сен – бес ұлым, бір құрсақтан тудыңдар,
Сен бесеуің тату болмасаңдар –
Жаңағы жалғыз жебедей оңай жеңілесіңдер.
Жаңағы біріккен жебедей бірлікті болсаңдар –
Сендерді кім жеңе алар еді!», – дейді.*

Содан кешікпей Алаң қоға ғайып болады» [7, 33-34б.].

Бұл мифтің жалғасы Алаң сұлудың күйеусіз тапқан үш ұлының кенжесі Боданшардың ұрпағынан Шыңғыс ханның дүниеге келетіне ұласады. Олай болатын болса, Шыңғыстың тегінде Көк Тәңірі қолдаған тотем бабаның ізі бар. «Моңғолдың құпия шежіресінде» ол иттің бейнесінде. Ал сол Алаң қоға туралы айтылатын мифтің қазақ арасындағы нұсқасында көктен түсетін сөуле қасқыр бейнесіне айналады және Алаң қоғадан тікелей туған ұл – Шыңғыс хан: «Дуюн – Баян имел сыновей от первой жены; потом он взял Алангу; умирая, он сказал своей жене Алангу, что он будет приходиться к ней в виде света, а уходит в виде волка. И он приходил, а уходя восклицал: «Чингис! Чингис!» У Алангу родился сын Чингис» [8, 64с.]. Дәл осындай мазмұндағы миф қарақалпақтар арасында да айтылады. Онда Алаң Қуаға сауле болып келіп, қасқыр болып шығып

бара жатқан күйеуі үш рет «Шыңғыс» деп айқайлайды. Алау Қаудан туған баланы Шыңғыс деп атап, оны хан деп таниды [9, 256.].

Қазақ ұғымы үшін ит пен қасқыр – бір тұқым. Қазақтар қасқырды кейде ит (ит-құс) деп те атайды. Қазақ арасында иттен немесе қасқырдан тараған ру атаулары ұшырасып отырады. Айталық, Қызылқұрт руы қасқырдың көне атуына қатысты болса, Керей руының бір тармағы ит емізгендіктен «Ителі» деп аталады. Ал Кіші жүз құрамындағы Керейіт тайпасының атауы итпен тығыз байланыстырылады. «Ертедегі жаугершілік заманда, – дейді аңыз, – ол ру адамдары өздерін керейіт деп атамайды екен. Олар өздерін «төңір ұлдарымыз» дейді екен. Бір күні елге тосыннан жау шауып, ер азаматтарды, бала-шағаны, қатын-қалашты түгел қырып салады. Бесіктегі баланы шауып, аяғы ауыр ананың ішін жарып, тайпаның үрім-бұтағын жойып жібереді. Жау қолынан түгел қырылған керейіт тайпасының жұртында жау келер алдында сыртқа шығып кеткен жалғыз қыз кездейсоқ аман қалады. Қираған жұрттың орнына келген қыз есі ауып, құла түзге қаңғырып кетеді. Бір уақытта есін жиса, ойран болған жұрттан ере шыққан кері ала күшікті көреді. Қыз қыңсылаған кер ала күшікті бауырына алып, елін жоқтап, күшікпен көрісіп жылайды. Қыз бен күшік серік болып даланы кезіп жүре береді. Жүре-жүре өздеріне дос тайпа еліне кезігеді. Дос ел қызды «бір елден қалған қара» деп қарсы алады. Осы елге келгеннен кейін қыз ұл табады. Бұл ұл кер ала ит құшақтаған қыздан туды деп жұрт оның атын «Керейіт» қояды [10, 27-28б.].

Шақшақ Жәнібек батырдың шешесі мен Шыңғыстың түпкі тегіндегі ұлы енесі Алаң Қоға өз балаларын тотем баба-иттің жәрдемімен дүниеге келтірген. Екі аңызда да ғайыптан туу мотивінің матриархаттың ыдырау дәуірінде орын алатын тотемистік наным-сенімнің ізі бар. Матриархат дәуірінде кейіпкер анадан ешбір жыныстық қатынасыз дүниеге келсе, оның ыдырау заманында әйел баланы тотем бабаның қолдауымен, әсерімен дүниеге келтіреді [11, 247б.].

Фольклорлық қаһарманның ғайыпта тууы - әлемдік фольклордың сюжетіне терең әрі кең орныққан мотив. Бұл мотив көне мифтерде, діни әпсаналарда, батырлық және ғашықтық жырларда, ертегілерде, аңыздарда да кездеседі. Фольклортану саласының көрнекті зерттеушілері аталмыш мотивтің генезисін алғашқы қауымдық қоғамдағы матриархат дәуірінің түсінігінен немесе тотемистік наным-сенімнің ізінен туған деп таниды. Айталық, орыс фольклористикасының атақты ғалымы В. Пропп ғайыптан туу мо-

тиві алғашқы қауымдағы матриархат кезеңіндегі баланың дүниеге келуіндегі ер адамның қатысын білмеген білімсіздігінен туған деп санаса [11, 206с.] мәдениеттанушы М. Косвен оны баланың дүниеге келуін адам баласы (әйелмен) мен жан-жануардың, өсімдіктің немесе әлде бір табиғат құбылысымен байланыстыратын тотемизм түсінігімен байланыстырады [12, 157с.].

Көне заманнан келе жатқан түсінік көркем фольклорға сүйікті қаһарманның бейнесін сомдауға ерекше қызмет етеді. Ол ел тағдыры мен болашағында даңқты істер атқаруға келген қаһарманның тегі бөлек жан екенін білдіретін көріктеу құралы ретінде қолданылады. Жоңғар шапқыншылығы кезінде үлкен ерлік пен қайсарлық көрсеткен Шақшақ Жәнібекті аңыз құдай бұйрығымен түскен тотем-қасқырдан туғыза отырып, оның ержүректік қадыр-қасиетін дәріптейді. Қасқырдан туған Жәнібек елді қалмақтан қорғауда ерекше батырлық пен қайсарлықтың үлгісін көрсетеді. Шақшақ Жәнібектің өз әкесі Қошқар да тотем бабаның жәрдеммен дүниеге келген. Аңыздар батырдың атасы Шақшақтың қалмақтан алған әйелі үш ұл табады. Бұларды табарда ол түрлі аңдардың – тұңғыш баласына бураның етіне, екіншісіне аюдың, үшіншісіне ай мүйізді қошқардың – етіне жерік болады. Дүниеге келген балаларының атына жерік болған аңның атын қойып, үш ұл – Қарабас, Аю, Қошқар атанады. Олар елге аты шыққан батыр болады. Үш ұлдың кенжесі Қошқардан Тархан Жәнібек туады [1, 186.].

Болашақ батырды дүниеге келтірген ананың аң немесе жыртқыш жануардың етіне жерік болуы -перзент тотем бабаның әсерімен дүниеге келеді деген тотемдік түсініктің өзгерген бір жаңғырығы.

Қорыта келгенде, Шақшақ Жәнібек туралы әңгімелер арасында ертеден аңыздалып, батырдың ел басына қиын-қыстау уақыт туғанда атқарған қызметін фольклорлық дәстүрмен баяндайды. Даңқты батыр туралы жыр-аңыздарда халықтың көне түсініктері, дүниетанымы, белгілі бір оқиғаларға берген саяси бағасы және халықтың қаһарманнан күтетін тілегі мен арман-аңсары орын алған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Жәнібек тархан: Деректі повесть және поэмалар мен құжаттар.-Алма-ты:Айқап, 1994.-256 бет.
2. Валиханов Ч.Ч. Исторические предания о батырах ХҮІІІ в. // Соч. в 5 т.-Алма-Ата, 1984.-Т.1.-432 с.
3. Шақшақ Жәнібек батыр. –Алматы: Отау, 1993.-152 бет.
4. Моисеев В.А. Джунгарское ханство казахи (ХҮІІ-ХҮІІІ вв.).-Алма-Ата: Гылым, 1991.-238 с.

5. Мәшһүр Жүсіп. Абылай хан дәуірі // Абылай хан/Құраст. С.Дәуітов.-Алматы: Жазушы, 1993.-416 бет.

6. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 9том.-Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ,2006.-696 с.

7. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. II том. Лұбсанданзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын тобчы (Алтын түйін) демек-дүр. –Алматы: Дайк-Пресс, 2005.-305 б.

8. Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина. (Архивные материалы и публикации). –Алма-Ата:Наука, 1972.–382 с.

9. Есбергенов Х. Хошаниязов Ж. Этнографические мотивы в каракалпакском фольклоре.-Ташкент: Фан, 1998.-156 с.

10. Әбсадықов А. А. Ауыз прозасының жанр түрлері (Филология факультетінің студенттеріне арналған көмекші құрал). Қостанай, 1994.- 46 б.

11. Пропп В.Я. Мотив чудесного рождения // Фольклор и действительность / Сост., ред., предис., и прмечение В.Н. Путилова. – М.: Наука, 1976.-325 с.

12. Косвен М. О. Очерки истории первобытной культуры. –М.: Изд-во АН СССР, 1953. -216 с.

ДУКЕНБАЕВ Н. М.,

*«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы,
бөлім меңгерушісі, тарих магистрі*

БӘЙІМБЕТ БАТЫР ҚОЖА АХМЕТ КЕСЕНЕСІНДЕ ЖЕРЛЕНГЕН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ АТАҚТЫ ТҮЛФАСЫ

Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан халқына арналған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауында: «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие» деп ерекше атап көрсетті. 2015 жылы бірнеше мерейлі даталар бойынша мемлекеттік деңгейде шаралар өтіп жатыр. Сол шаралардың қатарында президент бастамасы бойынша «2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы қабылданды. Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлаудың іс-шаралар жоспары бекітілді. Бұл жоспарда түрлі бағыттағы іс-шаралар

атқарылмақшы. Мемлекеттік саясаттың ұстанған бұл бастамасы, ел тәуелсіздігін баянды да тұғырлы ету, «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру мақсатын көздейтін бұл мемлекеттік шараның маңызы аса зор. Елдік сана мен ұлттық идеологиямызды қалыптастырудың ең тиімді де ұтымды жолы.

Түркістан түркі әлемінің көне астаналарының бірі. Ол б.д.д. кезеңнің өзінде Кангюй немесе Қаңлы мемлекеттік бірлестігінің рухани да, саяси да орталығы болды. XVI-XVIII ғасырларда Түркістан-Қазақ хандығының астанасы және саяси-экономикалық орталығы болды. XVI-XVIII ғасырларда Түркістанды қазақ хандығының астанасы етіп, осында билік жүргізген хандарымыздың Хан Ордаларының орындары сақталған. Түркістан – қазақ халқының ұлттық пантеоны, мемлекеттілігіміздің негізін қалаған хандарымыз бен елін-жерін жаудан қорғаған батыр, билеріміздің ұлтымыздың бірлігі үшін мәңгілікке бас қосқан мекені. Дәстүрді бекем ұстанған еліміздің игі жақсылары, хан-сұлтандары мен би-батырлары дүниеден өтерінде өздерін Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерлеуді ұрпақтарына аманаттап отырды. Мұның өзі құрылғанына биыл 550 жыл толатын Қазақ мемлекетінің тарихындағы киелі Түркістанның алатын орнын әйгілеп тұр.

«Ұлытау тарихта үлкен орыны бар, қасиетті жер. Қазақтың даласында мұндай қасиетті орындар көптеп кездеседі. Шығыстағы Берел қорғаны, Орталық Қазақстанда Аңырақай даласы, батыста Алтын Орда хандары отырған Сарайшық қаласы, ал оңтүстікте Түркістан тұр», – деп ерекше атап көрсетуінде үлкен мән жатыр. Жастардың ел тарихын білу керектігін, өз тарихын құрметтемеген халық мемлекеттігінен айрылу қаупі зор екендігін ескерткен, Елбасы ойын ары қарай сабақтай келе Түркістандағы ұлттық пантеон жайлы тарқатып жазудың орайы келіп отыр.

Қожа Ахмет Ясауидың өмірбаяны мен оның кесенесінің сипаттамасы тарихшылар мен географтардың, саяхатшылар мен шығыстанушылардың, археологтар мен сәулет өнерін зерттеушілердің еңбектерінде жиі баяндалады. Ғимараттың зәулім сұлбасы қалаға оншақты шақырым қашықтық қалғанда-ақ көріне бастайтын, Түркістанның бас ескерткішінің алып және аса көрікті пішіні зияратқа келген адамды да, туристі де тәнті етеді. «...Құрылыс дүние жүзінде салынған керемет ғимараттардың және адамзат баласының таңғажайып туындыларының бірі» – деп жазады XVI ғ. белгілі тарихшысы Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Сонау замандардан елдің назары түскен сәулет өнерінің дара үлгісі ретінде ескерткіш

«ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне» алынған. Орынбордың генерал-губернаторы Н.А. Қрыжановскийдің аудармашысы Мир-Салих Бекчурин болса Түркістан қаласын келіп тамашалаған соң: «Адам қолымен сомдалған ғажайып дүние сол замандағы шеберлердің дарындылығын көрсетумен қатар қазіргі көркемдік дүниелерге де үлгі боларлық деңгейде...» – деп жазды.

Бұл ғимаратқы Орта Азияда қай жағынан болмасын тең келетін құрылыс жоқ. Біздің тоқталмағымыз қайталанбас бітімді дара ғимарат ретінде бағаланған кесененің тағы бір қыры еліміздің игі-жақсылары жерленген ұлттық пантеон ретіндегі қызметі. Сөзіміздің дәлел боларлығы Әзірет Сұлтан, Шейх-ул машайх атанған Ясауи кесенесінде жерленген тарихи тұлғалардың тізімі жазылған тақтайша.

Ел арасында әділдігімен, ақылдылығымен құрметке бөленген хандар: ұзын оқты Ондан сұлтан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Болат хан, Сәмеке хан, Әбілмәмбет хан, Абылай хан, кең байтақ даламызды қасықтай қанын аямай жаудан қорғаған батырлар: Шақшақ Жәнібек, Қанжығалы Бөгенбай, Шекті Тілеу, Адай Шоғы, Керей Бәйімбет т.б. Ел мен елді жарастырып, ауызбіршілікті нығайтып отырған қызыл тілді шешен-билерден: Қаз дауысты Қазыбек, Шоң би, Қарауыл Қанай би, Бағаналы Бабыр билер өздерін Ұлы бабаның қасына әкеліп жерлеуді ұрпақтарына өсиет етіп қалдырған. Мұндай ұлттық пантеондарды басқа елдерден көп кездестіре алмайтының тағы да ақиқат. Египеттегі фараондар жерленген алқапты ұлттық пантеон деуге онша келмейді. Себебі Фараондарды өз тарихтарының ажырамас бөлігі ретінде қарастыратын халық та қалмады. Дүние жүзіндегі ұлттық пантеондардың әйгілісі Ұлыбританияда орналасқан. Мұндағы пантеонның өзіндік ерекшелігі бір бұрышы ел билеген патшалар мен патшайымдарға, енді бір бұрышы ұлы ақындарға, тағы бір бұрышы философтар мен ғалымдарға арналған. Сонымен қатар Францияның ұлттық пантеонын да осы санатқа жатқызуға болады. Англиядағы пантеонның қалыптасуы табиғи жолмен жүрсе, Францияның жағдайы басқаша еді. XVIII ғасырдағы француз буржуазиялық революциясы кезінде француздар өздерінің даңқты ұлдарын жерлейтін арнайы пантеонның негізін қалайды. Оны арнайы революциялық комитеттің шешімі арқылы бекітеді.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ұлттық пантеон болып қалыптасуы Түркістан қаласының қазақ хандығы қол астына өтуімен тікелей байланысты болды. Түркістан қаласы кейінгі орта ғасыр

кезеңінде нақтылап айтсақ 1598 жылдан бастап Қазақ хандығының астанасына айналды. Осы кезден бастап Түркістанда Ясауи кесенесіне атақты тұлғаларды жерлеу рәсімі біржола жолға қойылды. Кесенені 1723 жылы қазақ даласына шапқыншылық жасаған жоңғарлардың өзі бүлдірмей аман сақтаған. Ел арасында сақталған аңыз бойынша жоңғар билеушісі Цеван Рабтан түсінде Ясауи бабамызды көрген. 20 жыл Түркістанға иелік жасаған жоңғарлардан кесене осылайша бүлінбей дін аман қалған.

Ғасырлар елегінен өткен Ясауи кесенесінде жерленген тарихи тұлғалардың бүгінгі күнге аты-жөні белгілі болып отырғаны 178 тұлға. Әрине бұл толық тізім емес, ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жыл сайын толығып отырары сөзсіз. Кесенеді жерленген тұлғалар қатарында мемлекеттіліктің символы болып табылатын хандардың жерленуі ұлттық пантеонның маңызын арттыра түседі. Есім хан, Салқам Жәңгір, Жәнібек хан, Тәуке хан, Қайып хан, Тұрсын хан, Сәмеке хан, Болат хан, Әбілмәмбет хан, Абылай хан, Қасым сұлтан (бұл Кенесары ханның әкесі), сонымен қатар XVIII ғасырдың орта тұсы мен XIX ғасырдың екінші жартысы аралығында қазақ руларының басында тұрған сұлтандардың біразы жерленген. Сұлтандардың ішінде атақтысы да беделдісі Барақ сұлтан мен Әбілпейіз сұлтандар.

Кесенеді жерленген қазақтың игі жақсыларының екінші тобына рухани қайраткерлерді жатқызамыз. Рухани қайраткерлердің өзін екіге бөлуге болатындай. Ақтан абыз, Қосдәулет Нұрби абыз, Шаншар абыз, Арғын Сүгірұлы Мешітбай, жалайыр Нарынбай әулие, найман Қонақай әулиелер таза рухани жетекшілер болса, рухани тұлғалардың екінші бір бөлігін аузы дуалы билер құрайды. Билердің қатарында қаз дауысты Қазыбек би, Қарауыл Қанай би, Шоң би, Шаштығұл би, Үсен би, Күлен би, бағаналы Бабыр би, Қарамәнді билер Ясауи бабамыздың жанына арнайы әкеліп жерленген. Кесенеді жерленген тұлғалардың үшінші тобына елді жаудан қорғаған батырлар жатады. Матай Бөрібай батыр, Адай Шоғы батыр, Шекті Тілеу батыр, Тарақты Наймантай батыр, Тобықты Көкенай батыр, Қанжығалы Бөгембай батыр, Шақшақ Жәнібек батыр, Қоралас Жауғаш батыр, Қойкелді батыр, Текей батыр, Шобан батыр, Қойлыбай батыр бас аяғы 40 батырымыз кесенеді мәңгілік тыныс тапқан. Бұл батырларымыздың барлығы да алаш баласын жаудан қорғауда ерлігімен көзге түскен дара тұлғалар. Есімдері қазақ тарихына алтын әріппен мәңгілікке қаланып жазылған тұлғалар. Батырлардың барлығы бойларына үлкен қасиет қонған аруақты тұлғалар екенді-

гін мынадай-ақ байқаймыз. Матай руы жауға шапқанда Бөрібайлап ұрандайды. Тілеу батырдың ұрпақтары бүгінгі күні шектілердің ішінде үлкен бір қауым елді құрап Тілеу-Қабақ руына айналды.

Бүгінгі конференция тақырыбына арқау болып отырған Керей Бөйімбет батырдың да қазақ тарихында алар орыны ерекше. Бөйімбет батыр Төбетұлы XVIII ғасырда елді жаудан қорғауда ерекше көзге түскен батырлардың бірі болып табылады. Батырдың шығу тегі Керей руының Күрсары тармағынан өрбиді. Ел арасында айтылатын әңгімелерде Бөйімбет батырдың әкесі Төбетті ірі бай болған делінеді. Бөйімбет батырдың өміріне қатысты мәліметті орыс құжаттары береді. 1742 жылы Абылай мен Әбілмәмбет хан бастаған орта жүздің рулары Ресей империясына адалдықтарын айтып ант қабылдаған. 23-30 тамыз аралығында Елизавета Петровнаға жазылған хатта адалдықтарын айтып, ант беріп қол қойған тізімде 184 тарихи тұлғаның есімдері аталады. Керей руының тізімінде Асан мен Үсен батырлар аталса, 28 тамыз күні ант берген арғындардың арасында Бөйімбет батырдың есімі түр [1]. Бөйімбет батырдың есімі арғын руларының тұлғаларымен аталуының себебі неде? Бұл сұраққа жауапты қазақ халқының ұлы ханы Абылай хан туралы іргелі зерттеулер жүргізіп жүрген Зарқын Тайшыбайдың Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1-қор, 1-тізбе, 190-іс, 269-пар. тапқан төмендегі құжаты Бөйімбет батыр туралы көп мағлұмат береді.

1774 жылғы 8 наурыз күні Абылай ханның немере ағасы Солтанмәмет сұлтанның ұлы Орыс сұлтанның А.Д. Скалонға жазған хатында:

«Сіздің Омбы бекінісіне келгенде берген нұсқауыңызға сәйкес, Орта жүздің ел ағаларымен мен сұлтандарына, Абылай сұлтанның хатының көшірмесін қосып: «Олардың қарауындағы елдерде кімде, қай жерде Ресейден айдап өкетілген жылқылар мен тұтқын азаматтар бар, басқа мал мүлік болса, қайтарсын және бұдан былай Ресейге қарайтын елді мекендерге тиіспеңдер», деп хабар жібердім.

Атап айтқанда: 1) қаракерей-найман еліне Әбілпейіз сұлтанға, 2) матай-найманның елағасы Құсақ ханға, 3) көкжарлы елінің елағасы Барақ батырға, 4) керейдің елағасы Үмия батырға, 5) уақтың елағасы Серкебайға, 6) бәсентин елағасы Болатқа, 7) атығай-бөйімбет елінің елағасы Бөйімбет бекке, 8) қаракесек руының елағасы Сырымбет Қазыбекұлына, 9) төртуыл елінің елағасы Батырбекке, 10) қаржастың елағасы Тәуке сұлтанға – осындай хабар жеткізілді».

Бұл құжатта айтылатын мәліметтен қандай қорытынды шығаруға болады? Біріншіден, Бәйімбет батыр Керей руының ғана емес Арғын тайпасының ірі руларының бірі Атығайлардың да арасында сыйлы, беделді болғандығын көрсетеді. Екіншіден 1742 жылы Бәйімбет батырдың Арғын руының игі-жақсыларының арасында жүруінің себебіне нақтылы жауап аламыз. Оның есімі Арғындардың игі-жақсыларының арасында жүруі кездейсоқ емес. Бәйімбет батырды Абылай ханның өзі Керей-Бәйімбет руларының бегі етіп тағайындаған деп тұжырым жасауға болады.

Ойымызды Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақтың тарихы өте тең. Біздің елдігіміз, арғы кіндігіміз Ғұндардан бастау алады. Ғұндардан кейін Көк Түріктер, онан кейін Алтын Орда дәуіріне ұласады. Алтын Орданың орынында Қазақ хандығы құрылып, бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған жайымыз бар» деген ұлағатты сөзімен аяқтағанды жөн көрдік. Бүгінгі тәуелсіздікке ұлттық пантеонда мәңгілікке тыныс тапқан әруақты бабаларымыздың еңбегінің арқасында қол жеткізіп отырғанымызды келер ұрпаққа аманаттап жеткізу, бабалар аруағын ұлықтау, ұлттық пантеонның қадір-қасиетін жете түсіндіру біздер үшін тарих жүктеген ұлы міндет.

Пайдалаған әдебиеттер тізімі

Сборник материалов и документов. Казахско-русские отношения XVI-XVIII вв. – Алматы, 1961. – 222 с.

ИСЕНОВ Ө. И.,

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты*

СЫРЫМ ТАРХАН

Сырым батыр Датұлының қоғамдық-саяси және қайраткерлік қызметтерін белгілі ғалым М. Вяткиннің кешенді зерттеген монографиясынан көруге болады [1]. Бұл Сырым тарханның қоғамдық-саяси қызметі туралы бірден-бір басты еңбек. Сонымен қатар, Сырым тарханның тұлғалық тарихын тәуелсіз елдің тарихы жағдайында зерделеп, жарияланбаған тың тарихи мұрағаттық деректермен толықтырған профессор Ө. Мұқтардың докторлық монографиясы бар [2]. Сондай-ақ, Сырым Датұлының азаматтық, қайраткерлік тұлғасын ашатын отарлаушылар, жаһангездер, зерттеушілер, тарихшы-

лар мен қаламгерлердің әр жылдарда жазып қалдырған еңбектері, естеліктері, көркем шығармалары және ата-тек шежіресі, үрім бұтағы, туралы деректер топтастырылған Сырым Датұлы туралы Арыс баспасынан шыққан жинақта қалың көпшілік оқырманға таныс [3]. Сырым батыр Датұлының 270 жылдығына орай, Сырым батыр туралы белгілі жазушы Қажығали Мұхамбетқалиұлының «Тар кезең» атты тарихи романы жарық көрді [4]. Дегенмен, Сырым Датұлының тархандық атағына байланысты қоғамдық-саяси қызметін қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихына қатысты басқа қырынан қарастырмақпыз.

Патша үкіметі қазақ қоғамындағы дәстүрлі хандық билікті жоюдың өздеріне сөз келмейтін амалдарын қарастырған. Мәселен, 1786 жылдың 3 маусымында патшайым II Екатеринаға хат жолдап, Нұралы ханды биліктен алыстату үшін, Ресейге шақыртып алып, сонда ханды мәңгіге жібермей ұстап қалу жоспарларын іске асыруларына рұқсат сұрайды. Патшайым келісімін алған олар, Нұралы ханға Орынборға нөкерлерімен келуіне арнайы шақырту жібереді. Орынборға келген Нұралы хан Әбілқайырұлын нөкерлерімен Уфаға аттандырады. Нұралы ханды Уфада ұстау себебін, хан өмірінің қауіпсіздігі үшін жасалып жатқандығына сендіреді. Патша өкімшілігінің бұл әрекеттері Кіші жүзді хансыз қалдырудағы өздеріне сөз келмейтін амалдарын қарастырғандықтарын айғақтайды.

О. А. Игельстром халықтың еркін білдіретін Сырым батырмен ғана байланыс жасап, сұлтандарды биліктен ығыстыру арқылы сұлтандар мен батыр би-тархандарды бір-біріне наразы етіп айдап салуды көздеген.

Ералы сұлтан мен Пірәлі сұлтандар бірі – қарақалпақ ханы, екіншісі – түркімендер ханы болып отырғанда, тегі қарадан шыққан Сырым батырдың сұлтандардан жоғары тұруы, Игельстромның онымен кеңесуін ұнатпаған Ералы сұлтан Сырым батырды қолға түсіріп, бір жыл бойына (1786 жылдың тамыз айынан 1787 жылдың тамыз-қыркүйек айлары аралығында) тұтқында ұстады [5, с. 193].

О.А.Игельстром болса, Сырым батырды қалай да тұтқыннан босатуға тырысты. Өйткені, патша үкіметінің шенеуніктері Сырым батырдың азаттығы үшін жүргізген қозғалысын халыққа Сырым Датұлын хандық билікті жоюға күш салған «реформатор» етіп көрсетуді көздеді. Өздерінің хандық билікті жоюдағы саясаттарын Сырым батыр бастаған қазақ батырларының өздері қалап отырған етіп көрсетпек ниетте болды. Сырым батырдың тұтқынға түскенін

генерал-губернатор О.Игельстром отаршылдық саясаттарын жүзеге асыруға өте шебер пайдалана білді. Есім сұлтан бастаған сұлтандар тобының алдын орап кетті. Батырды босатуда патша үкіметінің нұсқауын шебер пайдаланды.

Оның нәтижесі мынадан көрінді, біріншіден, Сырым батыр Датұлын босату арқылы батырмен бірге халық сеніміне кіріп, сұлтандарға қарсы әрекет жасау арқылы сұлтандар тобын оқшаулады. Сұлтандардың көздеген мақсаттары жүзеге аспай қалды. Патша өкімшілігінің Нұралы ханды Уфа қаласында ұстауы елде аласапыран болып жатқанда Нұралы ханның жеке отбасының амандығы үшін жасалып отырған сақтық шарасы етіп көрсетіп сендірді. Екіншіден, О.А.Игельстром елдің тыныштығын бұзып отырған елдің бетке ұстарлары батырлар мен сұлтандар арасындағы келіспеушілік етіп көрсетуге тырысып бақты. Мұның өзі патша өкімшілігінің ендігі жерде халыққа хан-сұлтандар институтының билік күні өткендігі жөнінде ой тастау болатын.

Шын мәнінде, генерал-губернатор О.Игельстром хандықты тезірек жоюды көздеді. Сұлтандар болса, керісінше, дәстүрлі хандық биліктің ғұмырын ұзартуды көздеді. Губернатор О.А.Игельстром мен сұлтандар арасындағы хандық институт билігін жою мен сақтап қалу үшін күресте патша үкіметі халық өкілі Датұлы Сырым батыр арқылы екі жақты мәселені шешуге күш салған. Осылайша, Сырым батыр саяси ойынның шешуші тұлғасына айналады.

Оның себебі, Сырым батыр патша үкіметіне бұқара халықтың өкілі ретінде таныды. О.А.Игельстром 19 тамызда Есім сұлтанға Нұралы ханның босатылуын қалайтын болса, біріншіден, Ордада тыныштық орнауы керек. Екіншіден, барлық ел басындағылар бірігіп ханды босату туралы өтініштерін білдіруі керектігін айтса, Сырым батырға қатысты мәселеде батырдың амандығы үшін кім-кімде жауапты екендігін айтқан. Кінәлі болған жағдайда жазаға бүкіл рулы, елді тартатындығын айтып сұлтандар тобына сес көрсетеді. Нұралы ханды жібермей ұстап отырған патша үкіметінің алдында сұлтандардың дәрменсіз екендігін білдірді.

Барон Игельстром Сырым батырды тұтқыннан босату талабын ашық жүргізді. Нәтижесінде Сырым Датұлы 1787 жылы тұтқыннан босатылды. Бұл кезде Қайып хан мен Сырым батыр тығыз байланыста болады. Ресей үкіметі мойындамаған Қайып ханға Сырым бастаған батырлар қолдау көрсетті [6, 35 п.].

Кіші жүзде 1787 жылдың 19 қарашасында бас старшындық қызметке жеті адам бекітіледі, олар – Әлімұлы руынан: Сарытай би,

Қаракөбек би Құшайбиұлы, Мұратбек Айбашұлы. Байұлы руынан: Сырым батыр Датұлы, Қаратау би Ғұмырығұзақұлы. Жеті рудан: Тіленші батыр Бөкенбайұлы, Жанболат батыр Қарабанұлы. Бұлардың әрқайсысына жылына 100 рубль күміс ақша мен жалақы және нандық астық үш шертпек тағайындады. Орда старшын сұлтандарын аға старшындарға бағынуы туралы жоғарыдан бұйрық түсірді [7, с. 197]. Патша үкіметі Сырым Датұлы мен табын Бөкенбай Тіленшіұлына бас старшындық атағына қоса ұрпақтарына мұраға кететін тархан атағын берді [1, с. 230]. Патша өкімшілігінің көздеген мақсаты: Бас старшындар арқылы қазақ қоғамының билігіне патша өкімшілігінің тікелей араласуын жүзеге асыру. Бұл – бір. Екіншіден, саяси билікті бас старшындар қолына беру арқылы хан-сұлтандар билігін шектеуді көздеді.

Бас старшындар міндеті мынадай болды: бірінші, Ордада тәртіп пен тыныштықтың сақталуын қадағалау. Екінші, бас старшындар генерал-губернатордың, шекаралық экспедицияның және расправаның жіберген барлық жарлық нұсқауларын орындап отыру. Үшінші, қарапайым старшындардың қызметтеріне бақылау жасау мен расправалардың жұмысын қадағалау [1, с. 230]. Шын мәнінде, бас старшындар міндетінен байқайтынымыз: біріншіден, рубасы билерімен белгілі батырларына бас старшын атағын беру арқылы қазақ қоғамының дәстүрлі билік өкілдерін патша үкіметіне қызмет етуге тарту. Екіншіден, бас старшындарды патша өкімшілігінің арнайы жарлық нұсқауларының Ордада жүзеге асырылуына жауапты ету, Кіші жүздегі тыныштықты бас старшындардың бақылауы арқылы жүзеге асыру. Үшіншіден, патша үкіметінің жарлық нұсқауларына қарсылық, наразылық білдіретін белгілі батыр-билерге бас старшын атағын беру арқылы олардың қарсылығын болдырмауды көздеді. Осы кезде Сырым Датұлы мен бірге Тіленші Бөкенбайұлына және Қаракөбек Қосбайұлына ұрпағына кететін тархандық атағын берулері сұлтандар беделін түсіру үшін, тархандарды сұлтандарға «бақталас» етіп, оларды үкімет тарапынан қолапаштап отыру саясатын ұстанған.

Тархандық грамота мен бас старшындық атақ берген патша үкіметі жарлықтарымен қарадан шыққан тархандар-старшындарды ақсүйек сұлтандардың әлеуметтік статустары мен теңестіруді қолдан жасады. Патша өкіметі дәстүрлі хандық институттың беделін түсіруге алғашқы шараларын іс жүзінде жүзеге асыруда қазақ қоғамына енгізген бірінші үзбе жүйесі болды.

Қазақ қоғамындағы старшындар институтын қолдарында рулық

билік басшылығы бар, малдары көп халық алдында беделі бар дәулеттілер құрады. Ал, ауыл старшындары ауылдың көшпелі ұжымына басшылық жасады. Себебі, ауыл адамдарына старшын жақын болды. Олай болса, тархан старшындар қолдауына хан-сұлтандар да сүйенген болатын.

II Екатеринаға берген хабарламасында О.А.Игельстром Ордада бодандық міндеттерін адал атқаратын күшті адамдарды өз жақтарына тарту үшін, қаражат беру қажеттігін, сондай-ақ, бұл қойылған старшындар өздері күткен қызметтерін көрсетіп болғанша, жалованиа берілетінін, ал бас старшындардың қызметі қажет болмай қалған күні олардың қызметінен бас тартып, қаржыландыруды тоқтататынын жеткізді [7, с. 98-99].

Ел билігіндегі би батырлары туралы патша әкімшілігі толыққанды мәліметтер алып отырды. Мәселен Қарабатырұлы Сыпыра биге 1787 жылдың 5 сәуірде Жайық бойын жайлау мәселесі бойынша патша әкімшілігі берген тізімде Қарабатырұлы Сыпыра бидің 3000, Шойтас батырдың 7000, Қаратау бидің 10000 шаңырақ жанға жауап беретіндіктері көрсетілген [2, 186 б.]. Мысалы, 1787 жылдың 8 сәуірінде Жайық бойына көшіп-қонуға рұқсат алған қазақ руларының ішінде адай Әлиқаран батыр Имантайұлына да 500 үй мен Қаракөл маңын қоныстануға рұқсат беріледі [8, 52 б.]. Жайық бойына қоныс тепкен адай рулары Жайық бойындағы елді-мекен тұрғындарына қосылып, олардың құрамын көбейтіп отырған.

Тархандар тек өздеріне қарасты ауылдарға ғана жауапты болмады. Мәселен, 1788 жылы Сегізбай тархан Көлбекұлы, Сыпыра Қарабатырұлы, Көккөз, Тұрымбет билер бастаған ақсақалдар ордадағы барлық мәселеде кеңес беріп отыратын қазақ ақсақал билерінің кеңесшілері болғандығын деректер айғақтайды [7, с. 117].

Көзге түскен тұлғаларды патша үкіметі өздеріне тарта білген. Өлімұлының биі Төртқара Қаракөбекке патшайым II Екатерина 1789 жылы наурыз айында тархан атағын берген тархандық грамота мәтінінде: «Қазақтың Кіші Ордасының Өлімұлы руының старшыны Қаракөбек биге бізге адал қызметімен берілгендігі үшін, оның балалары мен ұрпақтарына тархандық атағы берілді. Қырғыз-қазақ сұлтандары мен би-батырлары және барлық қырғыз-қазақ жауынгерлері мен қарапайым халқына Қаракөбек биге берілген тархандық атағын танып, құрмет тұтып, сыйлауларын және барлық хаттарда есіміне тархан шені тіркеліп жазылуын бұйырамын. Қаракөбек бидің және оның балалары мен ұрпақтарынаының біздің ықыласымызды сезініп, бізге адал қызметімен берілгендіктерін дәлелдейтін

қызметтерін және қайырымды істерін мәңгі жалғастыра беретіндіктеріне сеніп, Қаракөбек биге осы тархандық грамотаны тарту еттік» делінген. Тархандық грамотаға 1789 жылы Петербор қаласында наурыз айында берілген күні жазылып, Ресей патшалығының кіші мөрі соғылған [9, с. 132-133].

1789 жылы Қаракөбек Қосбайұлына берген тархандық грамотасымен бірге Жетірулықтарға арнайы патшайым II Екатерина Петербордан алғыс грамотасын жіберген. Грамотада: «...Жетірулықтар, бодандық адал қызметтеріңіз және тыныштықты сақтап отырғандарыңыз біздің көңіл бөліп алғысымызды білдіруімізге лайықты», – деген [9, с. 132]. Мұнан мынадай қорытынды шығаруға болады. Біріншіден, тархандық және алғыс грамоталары арқылы патша үкіметі қазақтарды алдарқатып, отаршылдық саясаттарына қарсылықтарын білдіріп, бас көтермеулерінің алдын алудағы «жұмсақ» қарым-қатынас жасаудағы саяси айласы Екіншіден, патша өкіметінің Нұралы ханды Уфадан елге қайтармауларын халыққа елде түпкілікті тыныштық орнағанша ұстап отырғандай сыңай танытудағы астарлы саясат жатыр.

Тархандық атақты әр жылдарда берулерінің өзінде де патша үкіметінің көздеген саяси мақсаттары болды. Мысалы, 1789 жылы Сырым тархан бастаған көтерілістің уақытша патша үкіметімен бейбіт қарым-қатынас ала бастаған тұсында Өлімұлының төртқара бөлімінің белгілі биі Қаракөбекке тархандық атақ беру арқылы патша өкіметі көтеріліс кезінде белгілі тархандарды патша үкіметінің саясатын қолдаушылар қатарынан көргісі келді. Бұл-бір. Екіншіден, елдегі аласапыран кезеңінде қазақ мемлекеттігінің белгісі хандық институттың әлсірегендігі, сонымен қатар, патша өкіметінің қазақ қоғамындағы саяси билікті қолға алып бақылауда ұстап отырғандығын дәлелдегісі келді. Сондай-ақ, Сырым Датұлын хандық билікке қарсы реформатор етіп көрсетуде тархандар институтының әлеуметтік институт ретіндегі дамып отырған болашағы бар институт екендігіне ой тастау арқылы Сырым тархан бастаған көтерілісшілерді патша өкіметін қолдаушылар етіп көрсету саясаты да жоқ емес болатын. Негізгі мақсат тархандарды патша үкіметінің шенеунігіне айналдыру әрекеттері деп білген жөн. Сұлтаннар институттарына «баланс» жасауда тархандар институтын дамытудағы патша үкіметінің отаршылдық күрес айла амалы да бар болатын. Міне, осындай елдегі жағдайларды пайдалана отырып, тархандық атақты қазақтарға әр бір жылдарда беруінің өзі де ойымызды бекіте түседі. Дегенмен Сырым тарханға Бұқар өмірі көмекке қалың әскер

жібермеді. Сырым Датұлы шекара барымтасы мен Ресей үкіметіне қарсылық әрекеттерін тоқтатпады.

Орта жүзі бен Кіші жүзі бірігіп, халық жиынында бас қосып, Нұралы ханды елге қайтаруды қойған талаптарын патша үкіметі орындамады. Қазақ мемлекеттігінің хандық билігінің дағдарысын қолдан жасап келген патша үкіметі хан Нұралы Әбілқайырұлын отаршылдық құйтырқы саясатының құрбаны етіп тынды. Халқы қалап хан көтерген Нұралы Әбілқайырұлы 1790 жылғы 11 тамызда Уфада қайтыс болды [10, 155 п.]. Патша үкіметі өздерінің қылмыстарын жауып, айдаларын асыра білді. Мәселен, 1790 жылдың 2 тамызында Төртқара Қаракөбек тархан Қосбайұлы мен Шұбар би екеуі шет елдер жөніндегі коллегияға А.А.Безбородка атына хатты жолдап, онда, Уфа және Сибирск генерал губернаторы А.А.Пеутлингті орнынан алып, Барон А.О.Игельстром мен муфти Мұхамеджан Хұсайновты басшылық жасауға қоюды сұрайды [9, с. 134-135]. Қазақ тархандары патша әкімшілігіне елдік мәселеге қатысты ұсыныстарымен шықса да, патша үкіметі өздерінің шешімдерін өткізіп отырды.

Нұралы Әбілқайырұлының ханның қазасынан кейін 1790 жылы қараша айында қазақтардың шағын тобы жиналып, Нұралының үлкен ұлы Есімді хан сайлайды. Хан сайлауына Сырым тархан қатыспаған [5, с. 186]. Осыған қарағанда, Сырым тархан бір себептермен елде болмаған. Әйтпесе, хан сайлауына қатысып, өз ойын білдіргені деректерге түсір еді.

Елдегі тыныштықты қалпына келтіруді ойлаған расправ заседателі Сыпыра тархан 1791 жылдың көктемінде патша үкіметіне: «Елде бүлік ошағы қалпына келіп жатыр. Ордада жағдай қалай болмақ?» деген сұрақ қойған. Расправа бойынша ешқандай істі талқылап шешу мүмкін еместігін айтып, үкімет шенеуніктеріне мәселенің шешімін табу керектігін айтқанымен расправаның ел ішіндегі тыныштықты, ел бірлігін сақтау емес екенін іс жүзінде көрсеткен [11, с. 35].

Сырым тархан 1791 жылы Ембі өзені бойында халық жиынын өткізіп, Ресейге қарсы көтерілу мәселесін қозғайды. Бұл кезде Ресей үкіметінің хандық билікті қайта қалпына келтіретіні туралы хабар алған сұлтандар халықты Сырым тархан үгітіне ермеуге шақырып үгіттеген.

Сырым тархан бастаған топ Елек қалашығына және Қалмақ бекіністеріне шабуыл жасайды. Ресеймен сауда-саттық қатынасты тоқтатуға, экономикалық байланысты үздіруге күш салады. 1792

жылы Сырым тархан Хиуа мен Бұқарға елші жіберіп, Ресейге қарсы одақтасып, соғыс ашуға шақырады [5, с. 203; 206]. Бір сөзбен айтқанда, Сырым тархан Ресейге қарсы соғыс жариялайды. Осы тұста 1792 жылы Ералы хан жанында тек қана белгілі билерден тархан Сыпыра би, табындар Бармақ, Досы, Барақ, байбақты Рысалы, Қойсары, Ерсары, сұлтан Жантөре, кете Өтен және табын Жиеншөре болған. Патша әкімшілігі қазақ азаматтарын өзара араздастыру үшін оларға жеке-жеке хат жазып, арнайы молда жіберіп үгіттеген. Мәселен генерал-губернатор Тілеп Қойбайұлы, Бөдене Байтілеуұлына, Алаша Сыпыра биге, Қарабатырұлына Тіленші тархан Бөкенбайұлына, Елекбай Құдайбергенұлы, Қосбайұлына Қаракөбек тархан, төртқара Басықараларға хат жазып патша рақымын ұсынып, арандатушылықпен айналысқан [2, 170-171 бб.].

Соған қарамастан, тархандар патша үкіметінің қулық әрекетін түсінген. Табын Тіленшіұлы тарханның медреседе оқып жатқан екінші ұлын қыс айларында үйінен оқытуға келіскен молда екеуін Орынбордан келе жатқан беттерінде Орал атаманы полковник Д.Донсков себепсіз, үш ай ұстап барып жіберген. Ауыр науқастанған ұлы үйіне жетіп қайтыс болған. Мұнымен қоймай, атаман Д.Донсков жіберген әскерлер диқаншы қазақтардың ауылын тонап, ерлері мен әйелдері аралас 18 адамды өлтіріп, екі адамды өздерімен бірге алып кеткен. Мүліктерін тонап алып, малдарын айдап өкеткен. Екі тұтқын Уральской защитеде қайтыс болған [7, с. 150-151]. Осындай келеңсіз оқиғалардың арты кісі өліміне соқтырған. Сырым тархан қазаққа ерекше озбырлық жасап отырған атаман Данил Донсковты орнынан тайдыруды сұрап, Орал әскери кеңесінің мүшесі С.Акутин арқылы Петерборға хат жолдайды [3, 28 б.]. Әрине, бұл патша әкімшілігінің Сырым бастаған көтеріліске қарсы қазақтарды айдап салып отырған әрекеттері болатын.

Тархандар бастаған батырлар қазақ еліне қатысты мәселелерді шешуде өздерін тыс қалмауын білдіріп отырған. Мәселен, 1792 жылдың 11 қыркүйегінде Тулыбай батыр, Сегізбай тархан ағасы Алмутуфя, Қаракөбек тархан, Сырым тархан, Басықара, Сарыалтай би т.б. өздерінің мөрлерін соғып А.А.Пеутлинге ашық хат жолдаған. Онда қазақтармен санаспай хан сайлау мәселесіне келіспейтіндеріне, Есімді хан сайлауларына наразылықтарын білдірді [7, с. 138-139].

Патшайым II Екатерина 1793 жылдың 28 ақпанында № 17110 бұйрық бойынша алаша руының биі Сыпыра Қарабатырұлына тархан атағын тану жөнінде грамота берді [11, 11 п.]. Алаша руының

рубасы Сыпыраға тархандық беруінде де патша өкіметінің көздеген ішкі есебі болды. Байбақты руымен бірге көшіп қонып жүрген алаша руының белгілі биі Сыпыраға тархандық беруіндегі саясаты мынадай: алаша руының бұл кезде Сырым тархан бастаған көтерілісшілер мен патша өкіметі арасындағы шиеленіс күшейіп, Сырым бастаған батыр-билермен сұлтан-төрелер арасында өзара тартыс болып тұрған кезі болатын. Біріншіден, патша үкіметі Сырым тарханды серіктерінен айыру үшін, оларға тархандық шен беру арқылы ықпал жасауда көздеді. Екіншіден, тархандық атақ алған Сырымнан іргесін аулақ салып, өзіне қарасты алаша руының билігін күшейтіп өз алдына бір партия бола ма дегенде үміті жоқ емес еді. Осындай ойлардың түбінде Сырым тарханды қолдаушы жорықтас серіктерінен айыру үшін жасаған қадам деп бағалауға болады. Үшіншіден, көтерілістің жүріп жатқан тұсында Сыпыра Қарабатрұлына тархандық шен беруінің тағы бір себебі, патша үкіметінің көтерілісшілерге Сырым тарханнан басқасына кешіріммен қарайтындықтарын көздерін жеткізу ұстанымдары да жоқ емес еді. Осылайша, қазақтың белгілі ру басыларына тархандық шен беруде өздерінің отаршылдық саясаттарын жүзеге асыруды көздеген болатын.

Ресей патшайымына 1794 жылдың 4 қаңтарында бас старшын Тіленші тархан Бөкенбайұлы, Шерғазы сұлтанға ашық хат жаздырып шағым түсіреді. Онда орыс-казактар мен башқұрт старшындары тарапынан жасалған жүгенсіздік пен озбыр барымталарын баяндай отырып, ұрлық пен шекара барымтасын тоқтатуда патша өкімшілігі өзіне бағынышты халыққа тәртіп берулерін және Әбілқайыр ұрпақтарын хандық билікке жақындатпауын сұрап, 184 адам қол қойған [7, с. 168].

Қазақ тархандары мен би-батырлары елде тыныштық сақтауда бейбіт тұрмысты қалайтындарын баяндап жеткізіп, үкіметтен әділдік күтеді. Мұнан халық санасында әлі де әділ патшаға деген сенімдерінің болғандығын көрміз. Ал, шын мәнінде, патша үкіметінің хандық дәстүрлі билікті жоюдағы жасап жатқан әрекеттері екендігін біле алмаған.

Ел ішіндегі Сырым тархан бастаған отарлыққа қарсы көтерілісшілер мен сұлтандарды өзара қырқыстырып, Ресей жағына бірігіп аттанбас үшін уақыт оздырып, қазақ елінің бірлігін бұза білген, патша шенеуніктері хандықты жоймақшы болып, Нұралыны Уфада ұстағанымен, кейін хандықты жою ерте екенін және іс-шаралары қате екендеріне көздері жетті. Патша үкіметі Ералыны хан сайлау

арқылы өздерінің қателіктерін түзеді. Осындай толқулар кезінде 10 маусымда 1794 жылы хан Ералы қайтыс болғандығы жөнінде Генерал А.А.Пеутлинг хабар алады [12, 4-5 пп.]. Хан сайлағанша, Кіші жүзді басқару құқығын Хан кеңесі билігімен бақылауды шекара экспедициясына тапсырады. Хан кеңесінің мүшелері ханға лайық сұлтандар жөнінде патша әкімшілігіне мәліметтік мінездеме бергілері келмеген. Генерал-губернаторға берген мәлімдемесінде шекара комиссиясы Айшуақ сұлтан мен немере інісі Досалы сұлтандар хан болуға жастары ұлғайғандығынан лайықты еместігін мәлімдесе, Бірәлі сұлтан түркімендерге хан болып отырған. Қазақ даласындағы қазақ істерінен беймәлім Нұралы ханның ұлы Есім сұлтанды хандыққа лайық көрген. Бір жағынан Есім сұлтан да, өзін жақсы жағынан көрсетіп, Ордадағы мәселелер жөнінен Ресей үкіметін хабардар етіп отырған.

Елдегі қалыптасқан саяси жағдайда ел бірлігі мен тәуелсіздік жолындағы ойларын жүзеге асыра алмаған Сырым тархан, Хасанғали сұлтан, Есенғали сұлтан, табын Тіленші тархан, төртқара Қаракөбек тархан, барлығы 10 белгілі ел азаматтары Орынбор экспедициясына 1794 жылы қарашада ашық хат жолдап, Д.Донсков пен Есім сұлтанның ішкі бетке мал өткізудегі кінәсіз қазақтарға озбырлығын баса көрсетіп, шекарадағы шиеленіске Ералы хан ұлдары мен Есім сұлтан кінәлі екендіктерін баса көрсетеді. Ал, қазақ-башқұрт арасындағы 1794 жылғы көктемдегі талас-тартысты өздері елшілер жіберу арқылы шешетіндерін, оларға жауап қайтарған вице-губернатор И.М.Баратаев 28 қарашада старшындарға мұндай мәселемен Орынбор экспедициясы емес, патша құрған Хан кеңесі айналысатындығын алға тартып, мәселенің шешімін аяқсыз қалдырады. Үкімет қазақ елбасшыларының бірлігін қаламай, «бөліп ал да, билей бер» саясатының үстемдік ала бастағанын танытты. Өйткені, Орынбор экспедициясы мен Хан кеңесін екі басқа жүйе етіп көрсеткен болатын [2, 177 б.]. Ал, қазақ тархандары мен сұлтандары болса ел бірлігіне нұқсан келтірмей мәселенің шешімін табу да нақты ұсыныстарымен шыққанымен, патша әкімшілігі өздерінің көздеген саясаттарын жүргізіп отырған.

Есім хандығы патша үкіметі тарапынан 20 қазанда 1796 жылы рәсімделді [5, с. 210]. 1797 жылдың 27 сәуіріне қараған таң алдында Краснояр форпостысынан 5 шақырым қашықтықтағы дала бетін қоныстанған Есім хан ауылына Сырым Датұлы көпшілігі шектілер құрайтын жүз шақты адамдарымен келіп, Есім ханды өлтіріп дүние мүлкін тонағандығы туралы хабар жеткізіледі [12, с. 210]. Ханды

өлтiрген кiнөлi адамның кiм екенiн анықтамай-ақ, О.А.Игельстром Сырым тарханды Есiм ханды өлтiрген қанiшер етiп көрсету мақсатына жетiп тынады [13, 76 п.].

1797 жылғы наурыз айының аяғындағы қақтығыста Есiм хан қаза табады. Хан қазасынан кейiн ел iшi бүлiндi. Оған дәлел: экспедициядан О.А.Игельстромға 4 сәуiрде есентемiр, байбақты, шеркеш, алаша, таз рулары бар, Мыңбай, Арғынбай; Ерсары, Қойсары бастаған 1000 адам, 6 сәуiрде Орта жүзден шамамен 7000 адам жиналып, шекараға қарсы шыққандығы жөнiнде хабар жетедi. Сәуiр айының басында патша әкiмшiлiгi орыс шебiнен не бәрi 70 шақырым жерде Қаракөлдегi Жалғыз Ағаш жайлауына 7 сәуiрде Сырым тархан бастаған ханды өлтiрушiлердi қолға түсiрiп, жазалауға әскер аттандырады. Оған Бөкей Нұралыұлы мен оның қарамағындағы байбақты, алаша, берiш, тана, шеркеш, ысық т.б. рулардан 800 адам жинап, Сырым тархан қонысына барғанда әскер алдында кеткен барлаушылар 14 сәуiрде Сырым тарханның Ойыл өзенiнен өтiп, Бұхар бағытын бетке алып кеткендiгi туралы хабар түседi [2, 183 б.]. Мұнан кейiн патша үкiметi Сырым тархан басын әкелетiн жендеттерге 3000 алтын соммен ақшалай сыйақы тiккен болатын [14, с.171]. Патша үкiметiнiң шенеунiктерiнiң айдаларын асырғанын бiлген Сырым тарханның бой тасалап елден кетуден басқа амалы қалмйды.

Сырым тарханның адамдарын ұстауға Орал казактарынан жасақталған шағын отряд бiр зеңбiрекпен шығады. Бiрақ Есiм ауылын шапқан Сырым тархан адамдарын қолға түсiре алмай керi қайтқан. Айшуақ пен Қаратай сұлтандар хан әулетiн Сырым тархан жiгiттерiнiң шапқыншылығынан қорғау үшiн шекара экспедициясынан әскери күзет сұраған [13, 76 п.]. Патша әкiмшiлiгi көздеген саясатына жеттi, хан әулетi ақсүйек сұлтандар мен қара халық арасы ашыла бастады.

Есiм хан өлiмiнен кейiн Нұралы ханның қалмақ қызынан алған әйелiнен туған Қаратайды хан сайлауды ниеттерiн бiлдiредi. Барон Игельстром қазақ даласын хансыз басқару ниетiн қайта қолына алып император I Павелден Кiшi жүз қазақтарын хан кеңесi арқылы уақытша басқаруға рұқсат сұрайды. 1797 жылы 6 шiлдеде өлке бастығы хан кеңесi құрамына: төрағалыққа – Айшуақ сұлтан-ды, кеңес мүшелiгiне – Әлiмұлынан Сарышұнқай, Боранбай билер, Бай ұлдары руынан Сұлтанбек және Шақшақ билер, жетiрулықтардың биi Күшiкбай, Бiтiк Қабыла Мырзиндi тағайындайды. Хан кеңесi мүшелерi Қобда өзенiнiң бойында Ресей шекарасына жақын

жерде тұрулары бұйырылды Хан кеңесінің жұмысын бастап, бір жолға қойып беруге іссапарға мүфти М.Хұсайнов жіберілді [12, с. 211]. Бұл жолы бірде-бір тарханның Хан кеңесіне мүшелікке алынбағанын көруге болады.

1798 жылы император Павлов М.Хұсайновке бұлғын терісінен тігілген тон, ақшалай жалақы тағайындау, оған қоса Орынбордан жеке өзіне үй сатып алуына 4000 рубль күміс ақша беру туралы Барон Игельстромға бұйрық түсіреді [15, с. 60]. Мұсылман дін қызметкерлерінің басшысы мүфтиді патша үкіметінің саясатын қолдайтын сенімді адамдарына айналдыруды көздеді. 1797 жылдың 21 шілдесінде Басқарушы Сенат №164 құпия жарлық бойынша саудагерлердің қазақтарға, оқ дәрі (порох) кремней және қорғасын, жасанды түрінде де сатуға тыйым салды [16, с. 238]. Үкімет қазақтардың қарулануларына жол бермеуді бақылауға алды.

Хан кеңесі 1797 жылдың 8 тамызында Кіші Қобда өзенінің бойында өз жұмысын бастаған. 1797 жылы 29 тамызда Сырым тархан бастаған мың қазақ жігіттері хан кеңесіне келіп, мүфти М.Хұсайновке талап-шағымдарын жеткізді. Онда: біріншіден, жеті жыл бойы елде тыныштық бұзылып, шекара барымтасы титықтатып халықты қайыршылыққа ұшыратуға айналған жағдайды тоқтатуды ұсынады. Екіншіден, орыс шекарасынан барымта жасаушыларды тыюға Хан кеңесін ашып отырған патша үкіметінің әкімшілігі (шекараларын ескере отырып), жиналыстағылар бір ауыздан шешімге келіп, Әлімұлынан Қаракөбек тархан және Сырым тарханды өз араларынан сайлап, өз руларындағы даулы мәселелердің шешімін табуды тапсырған [5, с. 211-213].

Хан кеңесіне қатысты зерттеуші А.Нусупбеков, 1797 жылы Сырым тархан мың адамымен хан кеңесіне келіп, халықтың ауыр тұрмыс жағдайына және Хан кеңесінің құрылуына байланысты күресті тоқтататынын мәлімдеді. Сырым тарханды хан кеңесіне мүшелікке алды. Сырым тархан ендігі жерде хан кеңесі арқылы қазақ халқының жағдайының шешілетініне үміт артты [11, с. 40].

О.А.Игельстром өзінің хансыз басқару ойынан бас тартуға мәжбүр болып, Кіші жүз ханы етіп алғыр, пысық, ержүрек Қаратай сұлтанды хан сайлаудан тартынған, хандық Әбілқайырұлы Айшуақ сұлтанға түседі.

Айшуақ сұлтан 1798 жылы 16 қазанда хан сайланды. Өйткені патша үкіметі әкімшілігіне қуыршақ хан керек болатын. 31 қазанда І Павел жарлық грамотасымен хандығы рәсімделеді. Халық Қаратайды хан көтергісі келгенімен, О.А.Игельстром өзінің ішкі

есебін өткізді. Қазақ даласындағы саяси жағдай Айшуақ хан тұсында да аласапыран күй кешті. 1798 жылдың қыркүйегінде Орынбор әскери-губернаторы болып Генерал майор Н.Н.Бахметов тағайындалады [12, 4-5 пп.].

Хан кеңесі мүшелері мен Сырым тархан Датұлы 1798 жылғы 25 шілдеде Шерғазы Қайып ұлының елге оралуына қол жеткізеді. 1803 жылға дейін елде болған сұлтан Шерғазы Өлімұлы бірлестігінің бас старшыны Қаракөбек тарханның қызына үйленеді [17, 9 п.]. Қаракөбек пен Сырым тархандардың Шерғазы сұлтанмен жолдастық қатынастары туыстыққа ұласқан.

Император І Павелге шекаралық сотты жоюды сұрап, 1799 жылы 2 қаңтарда шекаралық сотты жабудың себептерін тізіп императордың көзін жеткізеді. Оның орнына шекаралық комиссия құруды ұсынды. 1799 жылы 19 наурызда шекаралық комиссия құрылып, штаттық құрамы да бекітіледі. Шекаралық комиссия 1799 жылдың 22 қарашасында ашылады. Оның құзырына шекара барымтасы арыз-шағымдарды қарап шешу т.б. берілді [5, с. 215]. Бұл да патша үкіметінің қазақ қоғамындағы дәстүрлі хандық биліктің дағдарысын қолдан жасаудағы кезекті ізденістерін алға тарқан болатын.

Тіленші тархан Бөкенбайұлы (1500 сарбазымен Ресей патша отаршыларына қарсы соғысқан Сырым тархан Датұлының жорықтас жолдасы) 1800 жылы Ресей отаршыларына қарсы қанды қақтығыста қайтыс болды [18]. Көтеріліс басшысы Сырым тархан азаттық үшін күрескен серігінен айрылды. Бұл жағдайлар көтерілістің бөсеңдеуіне септігін тигізбей қоймады. Ал Сырым тархан Датұлы 1802 жылы қайтыс болды [2, 190 б.]. Сырым Датұлы мен Табын Тіленші тархандардың саналы ғұмырлары ұлт-азаттығы мен елінің тәуелсіздігі жолындағы күреспен өтті.

Қорыта келгенде, Сырым тархан хандықты жойып, халық басқаратын мемлекет құруға әрекет жасады. Сырым Датұлы өз заманында ұлы реформатор бола алды. Бұған дәлел «Халық кеңесі» аталатын ел билеудің жаңа формасын дүниеге әкелгендігі және бұл билік формасы – қазақ халқының тарихында ғана емес, жаңа тарих заманындағы өркениетті елдерінің өзінде жүзеге аса қоймаған демократиялық ел басқару идеясының өмірге келуі болатын [19, 15 б.]. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың барлық кезеңдерінде мемлекеттілік басты орын алды. Егер де азаттық қозғалыстардың алғашқы кезеңдерінде мемлекет басына әділетті хан қою мәселесі тұрса, Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалысында хандық билік жүйесін жою мен орталықтанған қазақ мемлекеттігін сақтап қалу

мәселесі тұрды [20, с. 42-43]. Профессор Х.Әбжановтың: «Сырым Датұлы объективті қажеттіліктен дүниеге келген хандық билікті құлату үшін қол жиған жоқ, отарлаушылардың сойылын соғып, ақсүйектік, ұлтжандылық тарихи-табиғи болмысынан ажыраған Нұралы ханды нысанға алып, биліктен тайдырды» [21, 160 б.], деген пікірлері Сырым тарханның хандыққа қатысты күрестегі көзқарасын анықтай түседі.

Пайдалаған әдебиеттер тізімі

1. Вяткин М. Батыр Сырым. – Алматы: Санат, 2002. – 344 с.
2. Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі: XVIII ғасырдың екінші жартысы және XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар). – Алматы: Ғылым, 2001, – 257 б.
3. Сырым Датұлы / Жинақ. – Алматы: Арыс баспасы, 2004. –320 б.
4. «Азаттық туын көтерген ардақты тұлға» Сырым Датұлының 270 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы. Астана қ., Беркут-Принт ЖШС, 2012. – 109 б.; Мұхамбетқалиұлы Қ. Тар кезең: Тарихи роман / Қажығали Мұхамбетқалиұлы. – Алматы: Мерекенің баспалар үйі ЖШС, Mereke baspasy, 2012. – 584 б.; Исенов Ә.И. Тіленші тархан ұлт-азаттығы жолындағы күрескер. // «Азаттық туын көтерген ардақты тұлға» Сырым Датұлының 270 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы. Астана қ., Беркут-Принт ЖШС, 2012. – 109 б. – (43-50 бб.).
5. Добросмыслов А.И. Торгайская область Исторический очерк. – Тверь. Типо-Литография Н.М. Радионова 1902, Т.1. – 427 с.
6. РФ ОрОММ. 3 - қор, 1 - тізбе, 30 - іс.
7. Материалы по истории Казахской ССР. Т.IV. (1785-1828 гг.) – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – 543 с.
8. Маңғыстау энциклопедиясы – Алматы: Атамұра, 1997. – 384 б.
9. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1961. – 744 с.
10. РФ ОрОММ. 5 - қор, 1 - тізбе, 34 - іс.
11. ҚР ОММ. 4 - қор, 1 - тізбе, 1617 - іс.
12. РФ ОрОММ. 6 - қор, 10 - тізбе, 205 - іс.
13. РФ ОрОММ. 6 - қор, 10 - тізбе, 1 - іс.
14. Абдақимов А. История казахстана (с древнейших времен до наших дней): Учебное пособие. Издание третье, переработанное и дополненное. Книга издается в авторской редакции. – Алматы: Казахстан, 2002. – 488 с.
15. Отепова Г. Политика царского самодержавия в отношении казахской знати // Алаш. тарихи этнологиялық журнал – №3. – (18), 2008, – С. 59-65.
16. Прошлое Казахстана в источниках и в материалах. Сборник (V в.

до н.э. - XVIII в. н.э.) под редакцией профессора С. Д. Асфендиярова и профессора П. А. Кунте. – Алма-Ата: Казахское краевое Изд-во, 1835 г, М., – 299 с.

17. РФ ОрОММ. 6 - қор, 10 - тізбе, 278 - іс.

18. Исенов Ө.И. Тіленші тархан ұлт-азаттығы жолындағы күрескер. // «Азаттық туын көтерген ардақты тұлға» Сырым Датұлының 270 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы. Астана қ., Беркут-Принт ЖШС, 2012. – 109 б. – (43-50 бб.).

19. Мәшімбаев С.М. Сырым Датұлы – саясаткер, әрі көсем XVIII ғасырдың 70 – 90 жылдарындағы Кіші жүз даласындағы саяси дағдарыс // «Отан және өлем тарихы XXI ғасырда: ғылыми парадигмалардың ортақтығы мен ерекшеліктері» атты Халықаралық Бекмаханов оқуларының ғылыми конференция материалдары. 2007 жыл 22 – 23 қараша. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 388 б. (14-17 б.)

20. Мажитов С.Ф. Проблема казахской государственности в народно – освободительном движении XVIII-начала XX вв. // Отан тарихы. – 2008. – №2 (42), – (С. 40-52)

21. Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. – Астана: Ана тіл-Ата тарих, 2007. – 272 б.

НАЙМАНОВ Ғ. Ж.,

«Бәйімбет» қоғамдық бірлестігінің Президенті

ҰЛЫ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ СЕНІМДІ БАТЫРЛАРЫНЫҢ БІРІ БӘЙІМБЕТ БАТЫРДЫҢ ЕРЛІК ІСТЕРІ МЕН ӨМІР ТАРИХЫ

Осыдан 550 жыл бұрын Керей және Жәнібек хандар бөлініп жеке Қазақ хандығын құрды. Олар Түркістан қаласын бағындыруға тырысты, өйткені ол жерде Қожа Ахмед Яссауидің кесенесі болғандықтан бүкіл түрік халықтарының діни орталығы саналатын. Тәуекел ханның (1586-1598 ж.ж.) кезінде қазақ хандарының Орта Азиядағы шибанидермен күресінің нәтижесінде Түркістан қаласы Қазақ елінің меншігіне өтеді, бүкіл түрік халықтарының діни орталығы болып қалыптасқан кезі.

Нұрсұлтан Әбішұлы 2013 жылы қазан айында болған кездесуде: «Абылай хан Керей мен Жәнібек хандар тіккен қазақ ордасына еңселі ел ету ісіне саналы ғұмырын арнады. Қазақ хандығы деген ұлан-ғасыр жерімізді жаудан аза етіп, еліміздің етек-жеңін бүтін-деді» – деп айтқан еді.

Алаш болсаң Абылайды таны! Қазақ болсаң, өз тарихыңды, батырларыңды біл!

Абылай хан аса күрделі заманда өмір сүрді. Орыс үкіметі қазақты бағындыруды мақсат қылды, ал қазақ хандары өзара жауласты, араздасты, өштесіп әрқайсысы кез келген жұрттан көмек іздеді. Сол бақталастық қазақ хандығының шаңырағын неше рет шайқалтқаны да әмбеге аян. Ресей қазақ даласын уысына кіргізе бастады. Осындай аласапыран дәуірде қазақ халқының жалғыз ғана үміті Абылай хан болатын.

Абылай хан қазақ үшін тәуелсіздік туы, бостандық нышаны, ұраны болды, аз ғана ғұмырын осыған сарп етті. Ол өзінше саясат құрып, төңіректегі елдермен ойдағы Орыс, қырда Қытаймен дипломатиялық орынды қарым-қатынас жүргүзуі арқасында қазақ халқының басын құрап, елдігін қайта орнатты.

Абылай ханды терең тани түсу үшін ол өмір сүрген тарихи дәуірмен қоса, ханмен бірге халқын қиын-қыстау кезде қолдап-қорғаған батырларды да түгендей түсуге тиіспіз. «Абылай кезеңі – батырлардың заманы» деген сөз текке айтылмаған. Бірақ та ұлы ханымыздың заманына қатысты сөз болатын еңбектерде айналасы 40-50 шақты ғана батырдың есімі аталады.

Абылай хан соңғы 15 жылдық күресін Еділ қалмағының еңтігін басуға, Орта Азияның мұсылман хандықтарымен тіл табысуға арнады. Бұқар, Қоқанды бейбіт келісімге шақырып, көнбегеніне күш те көрсетіп, Түркістан, Сайрам, Ташкентті қайтарып алған. 1763 жылы қоқан лоқы көрсеткен қырғыздар мен Қоқан бегінің бетін қайтарды. [1, 215-216 б.]. Абылай хан Көкшетаудан Оңтүстікке істеген жорықтарына өзінің 1000-2000 шақты сенімді әскерімен, батырларымен қатынаған.

Абылай ханның, үзеңгілес серіктерінің, жүрегі түкті батырларының ерлігін, отаншылдығын жас ұрпақтың санасына сіңіру керек. Біз осы Абылай хан мен батыр бабаларымыздың армандап кеткен Қазақ елінің тәуелсіздігіне жетіп отырмыз, бүгінгі буын осыған тәубе айтамыз. Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын ағайын!

Алматылық Кенесбай Табылдиев зейнетке шыққасын 2007 жылы «Қазақ батырлары» атты кітөп шығарды. Кітөпта 410 қазақ батырларының саны көрсетілген. Осының ішінде 68-і Орта жүздің шыққан батырлары. Келтірілген мәліметтер жоқтың қасы деуге болады, өйткені өмірлерінен толық мағлұмат жоқ. Әрине, «Ормандай көп Орта жүзде» 68 ғана батыр емес, әлдеқайда көп мыңдаған батырлар болған.

Бөйімбет батыр көктен түскен жоқ Оны батыр қылған өзінің өмір сүрген кезеңі – қазақ елін Абылай хан басқарған уақыт. Ол өзінің ерлігі мен ақыл-парасатының, сарабал саясаткерлігінің арқасында, қазақ халқын бір тудың астына біріктіріп, қазақ елін, халқын жойылып кетуден сақтап қалды.

Тәуелсіздік алып дербес мемлекет атануымыздың арғы арқауы осындай жау жүрек ұлы бабаларымыз Абылай хан басқарған Қожаберген Толыбайсыншыұлы, Жанатай Ақанұлы, Тұрсынбай батыр Ертісбайұлы, Байболат батыр Шегірекұлы, Жәнібек Қошқарұлы, Қошқарбай батыр Сағалайұлы, Баян батыр Қасаболатұлы, Сары батыр Қасаболатұлы, Төбет ұлдары: Өтебай, Бөйімбет, Асан, Үсен батырлар сияқты азаматтардың есімімен тығыз байланысты.

Бұл батырлардың тұрған мекендері қазыргі Солтүстік Қазақстан өңірлері мен Ресейдің Омбы облысының жерлерінде болған. Мысалы:

1. Қожаберген Толыбайсыншыұлы (1663-1763) – Ашамайлы Керейдің руынан шыққан ақын-жырау, атақты қолбасшы батыр, ел басқарған әйгілі данагөй, шежіреші.

2. Қошқарбай батыр Сағалайұлы (1710-1758) – Қыпшақ тайпасының Құлман руынан, Омбы облысы Қаразюк ауылында дүниеге келген. Батыр туралы мәліметтер Омбы мұрағатындағы Г. Н. Потанин мен П.П. Семенов-Тянь-Шаньскийлер 1860 ж. жинаған мәліметтерде кездеседі [3, 4.].

3. Байболат батыр Шегірекұлы (1694-1782) ж., руы Күрсары Керей, Омбы облысы Тәбіршан ауданы Байдалы (Байтұяқ) ауылында жерленген. Күрсары Керейден Есбол, одан Сары, одан Шегірек, одан Байболат тарайды. Ол Абылай ханның орда сарбаздарының қатарында 1726, 1730 жылдары Абылай ханның жоңғармен болған шешуші шайқастарына қатысып, сенімді серігі болады [9].

Байболат батыр Шегірекұлына 21 маусымда 2014 жылы ұрпақтары Байдалыда ескерткіш қойып ас берді. Бұл шараны ұйымдастырған Байболат батырдың ұрпағы Қабульдинов Зыябек Ермұханұлы – тарих докторы, профессор, Астанадағы «Түркіслав» Академиясының вице – президенті.

4. Жәнібек батыр Бердәулетұлы (1714-1798) – Керей тайпасының Абақ руынан шыққан батыр, шешен.

5. Баян батыр Қасаболатұлы (1710-1759) – Уақ тайпасынан. Уақ-Керей жасақтарын бастап қалмақтарға қарсы соғысқан. Өмірін елінің тәуелсіздік жолындағы күреске арнаған, сондықтан «Батыр Баян» атанған.

6. Сары батыр Қасаболатұлы (1690-1771) – Уақ тайпасынан, атақты батыр, Баян батырдың ағасы.

Өткен жылы Бөйімбет батырдың замандастары, серіктестері Жәнібек пен Баян батырдың мерекелі тойларын Абақ Керей мен Уақ ағайындарымыз қор ашып, ұрпақтары миллиондап ақша қосып үлкен деңгейде өткізді:

– маусымның 21-22-де 2014 жылы Семейден 150 шақырым Қалбатауда (бұрынғы Георгиевка) Жәнібек Бердәулетұлының 300 жылдық мереке тойы мемлекет деңгейінде өтті;

– шілденің 20-21 2014 жылы Павлодар қаласында Торайғыров пен Кутузов көшелерінің қиылысында Баян батырға ескерткіш орнатылды, айтыс ұйымдастырылды, ас берілді, театрландырған көріністер қойылды;

– Сары батыр Қасаболатұлына 2014 жылы ескерткіш орнатылды.

7. Бөйімбет батыр Төбетұлы (1708-1790 ж.) – жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық жорығын ұйымдастырушылардың бірі, атақты батыр, ұлы қолбасшы болған.

БӨЙІМБЕТ БАТЫР ТӨБЕТҰЛЫ


Бөйімбет батыр – қазақтың жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінде елінің панасы болған шоқтығы биік бірегей батыр, талай шайқастарда қазақ қолын басқарған әскери қолбасшы. Шыққан тегі – Орта Жүздің Күрсары Керей руынан, мекендеген жері Көкшетау өңірі.

Жуырда шыққан «Бөйімбет батыр ізімен» атты кітәбімда әкем Жүсіп қажы жазған шежірені толықтырып бабамыздың шежіресін толық келтірдім. Бөйімбет 1708 жылы Көкшетау өңіріндегі Төбет байддың жанұясында өмірге келеді, 4 ұлының екіншісі. «Тегіне тартып туған ұл» деген сөз осындай тұлғаларға қатысты айтылса керек. Арғы аталары Ашамайлы Керейден (Ғали) бастап сардар, би, тархан болған екен: Бағдат батыр, Төбей би, Тұрсынхан сардар, Қанай, Жанай батырлар, Бағлан би, Фархад батыр, Танаш би Фархатұлы [10].

Танаш би Фархатұлы 1308-1348 жылдары ордабасы болып қол басқарумен, қазы, шора, уәзір боп ел басқарып, Тоқты, Өзбек, Жәнібек хандардың кездерінде мемлекет қайраткері дәрежесіне көтеріліпті. Танаш тарханның он тоғыз баласы болған екен: Балға, Балта, Едіге, Емен, Есен, Ақпан, Алпан, Аман, Қырым, Қаңтар, Орақ, Орал, Орман, Сапар, Самархан, Мамырхан, Алтай, Көшебе (Айша анадан), Тарышы (Сәлиманнан).

Кенжесі Тарышыдан бір бала Шимойын, одан үш бала: Естияр, Достияр, Есжияр. Достиярдан Смайыл, Смағұл. Смайылдан үш бала: Ақсары, Күрсары, Тезағай. Күрсарыдан: Есеналы, Еспол. Есполдан алты бала: Сақал, Сары, Бұрас, Құрман, Дуадақ, Төбет. Төбет байдан төрт ұл: Өтебай, Бәйімбет, Асан, Үсен тарайды. Төртеуі де батыр болғандықтан Төбеттің «төрт арысы» деп атаған екен. Бәйімбет батырдың 7 баласы болған: Қарақожа, Биқожа, Байқожа, Қожагул, Көлбай, Елшібай, Тайкелтір. Олардан ерекше көзге түсіп батыр болғандары: Қарақожа, Биқожа, Байқожа.

Бағлан би – Фархад – Танап би – Тарышы – Шимойын – Достияр – Есжияр – Смайыл



Бәйімбеттің әкесі Төбет байдың малының көптігі сонша, малшы-жалшыларының өздері ауыл-ауыл болып, қиыр-қиырда көшіп-қонып жүреді екен. Олардың бәрінің басын қосып, былайғы ел, тіпті өздері де «орда» атайды екен. Осыншама байлықты қорғау үшін де қаншама сенімді атарман-шабарман керек қой. Сондықтан Төбеттің төрт ұлы да батыр болған: Өтебай, Бәйімбет, Асан, Үсен. Ал әкесі Төбет балаларының ішіндегі Бәйімбетті жастайынан

ауыл-аймағына сөзі өткен ақылгөй, алысса білегін батыра білген балуан, сөзге салса шалдырмаған сегіз қырлы, бір сырлы осы орданың басшысы ретінде тәрбиелеген. Бөйімбет атамыз ерекше батырлығымен ел көзіне түскен, Абылай ханның қолбасшыларының бірі болған екен. Бөйімбет батырдың даңқты есімі кешелі-бүгінгі Ресейдің Омбы, Солтүстік Қазақстан облыстарында қалың қазақ даласын аралап, батырлық пен ерліктің рәмізіндей ел аузында сақталып қалған.

Бөйімбет атамыз 16-18 жасында атқа қонып, ағасы Өтебаймен және серіктерімен ел еркіндігі жолында Абылай ханның орда сарбаздарының қатарына қосылады. Бөйімбет батыр да, ағасы Өтебай, інілері Асан, Үсен батырлар да 1732 жылы тамыз айындағы, 1741 жылы ақпан айындағы, 1752 жылы қыркүйек айындағы қалмақ әскерлерімен Орта жүз жеріндегі соғысы, 1751-1775 жылдары Абылай ханның бірнеше шешуші шайқастарына қатысып, сенімді серіктерінің біріне айналады. Ата бабаларымыз кіндік қаны тамған киелі жерін бүтін ел болып өре тұрып, жат табанға таптатпай қорғап, сақтап қалды.

Омбы архивінен табылған деректер мен құжаттардан бабамыз Бөйімбетті батыр ғана емес, Атығай – Бөйімбет елін басқарып, жүгін арқалай білген «Бөйімбет бек» аталған және патша ағзамның сарайына барған «елші» ретінде білеміз.

Ұлы бабаларымыздың арманына біз жеттік: тәуелсіздігіміз өз қолымызда.

1790 жылы Бөйімбет батырды Ханның үкімі бойынша балалары Қарақожа, Биқожа, алыс-жақын ағайындары Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерледі. Ол жерде тек хандар, сұлтандар, атақты батырлар, билер ғана жерленген. Бұл үрдісті жалғастыру үшін Үкімет Астанада «Пантеон» салуға жоспарлап отыр.

Бөйімбет батыр бабаның рухы риза болып, өмірінің жалғасы іспетті – ғұмырының басталуына үлкен үлес қосқан ұжым бар. Ол, Түркістан қаласындағы «Өзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық – мұражайының қызметкерлері: жауапты редакторы – Маулен Садықбек және редактор Нұрлан Дүкенбай. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген 180-нен артық тарихи тұлғаларды зерттеп кітапшалар шығарылды, кесенеге келгендерге танысуға ұсынылды. Әрине, мұндай тірлік ол кісілердің міндеті, күнделікті қызметі. Дегенмен өз қызметіне адал болу, алдына келген азаматтың жұмысына кеңпейіл, шексіз туыстықпен қарау, оның мақсат-мүддесін терең түсіну адамгершіліктің биік шыңы болса керек.

ІЗДЕСТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Мен Омбы облысы, Называевск ауданы, Бәйімбет ауылында 1951 жылы дүниеге келгенмін. Біздің елді «шуылдақ Бәйімбет» деп те атайды. Ауыл ақсақалдары қысқы соғым басында, не көктемгі қымыз мұрындықта жиналғанда өзара қауқылдасып, өткеннің өнегесін өзек ететін небәрі келелі әңгімеге оп-оңай арна тартып әкелер шеберліктерін айтсаңызшы! Қайран ақсақалдар-ай, сол өткен ғасырдың 50-70 жылдарындағы қариялар бір-бірімен қанаттаса демеп, қапталдаса сілтейтін әңгімесі қандай жарасымды еді. Кемсітері жоқ, көкіректерінде сөз көмбесі жатқан шежіре-тарих еді шетінен. Жастайымнан аталарымыздан естігеніміз: «Сенің бабаң Бәйімбет батыр, ағасы Өтебай және егіз інілері Асан-Үсен төртеуі де батыр, балуан болған. Балалары Қарақожа, Биғожада батыр болған. Бәйімбет батыр ел билеген, ақылгөй бек атағын алған, Қожа-Ахмет кесенесінде жерленген». Біз балалар батырларға елтіп қылыш, шоқпар, садақ жасап тайларымызды мініп ойнайтынбыз бір-бірімізбен күресетінбіз.

Бала кезімізден есімізде қалғаны, біздің Бәйімбет елі Наурыз, айт мерекелерін қатты құрметтеп, дәріптейтін. Бір ай бұрын дайындалып, балаларға жақсы киім-кешек әперәп, үйдің жасауларын жаңартып, дәмді тамақтар дайындайтын. Жаз айларында ел екіге бөлініп, бірін бірі күтіп үлкен тойға – мейрамға айналдыратын. Ат шаптыру, қыз қуу, күрес ойындары қызықты өтетін. Күрес болғанда балуандар өздерінің арғы батыр аталарының аруақтарын атайды: «Бәйімбет, Қарақожа, Биқожа, Байқожа атамның аруақтары қолдай көр» – деп. Қазақтың көнеден келе жатқан діни түсініктері бойынша әр адамның айқаста, жорықта, түрлі қиын жағдайларда қолдап, жебейтін аруақтары болған. Аруақ – адамның ата-бабаларының қасиеті, киелі рухтары, ал кие – аруақтың өсиеті, басқаларға тигізген кесепаты, зияны немесе жақсылығы.

Орыс мектебінде СССР тарихын оқитынбыз. Қазақтарда мемлекет болмаған, өйткені тарихтарың жоқ, сендер «барансыңдар» бұрын «барандарды» бағып көшіп, қонып жүргесіңдер, Ресейге қосылып дұрысталдыңдар деп айтатын бірге оқитындар. Кейде шыдамай төбелесетінбіз де. Ресей патшасына қарсы шыққан батырларды «бандиттер», «конокрадтар» (Исатай, Махамбет батырлар, Кенесары хан т.б.) деп атады.

Біз Омбылық қазақтар ерекше жаралғандықтан мақтауға, құрметтеуге лайық халықпыз. Сондықтан болар (9-10)-шы атада тұрған Бәйімбет батырдың ұрпақтары Ресейдің ортасында отырып ұлт на-

мысын, қазақтың салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын, әсіресе қонақжайлығын сақтап қалды. Біз бүгін Бәйімбет елімен, бабамыз Бәйімбет батырмен, елдің азаматтарымен мақтанамыз, өйткені:

– Біздің бұрынғы бабаларымыз бай болған. Төбет байдың, оның балаларының, кейінгі ұрпақтарының бірнеше мыңдаған жылқылары болған. Төбет-бай мыңдаған жылқысын жоңғармен болған соғыста бәрін сарбаздарға таратқан екен. Совет заманы орнала бастаған кезінде Тәшім байдың ұрпағында 500 –ден артық жылқысы болыпты.

– Бізде елін, туған жерін қорғаған батырлар көп болған: Байболат батыр Шегірекұлы, Қошқарбай батыр Сағалайұлы, Өтебай батыр Төбетұлы, Бәйімбет батыр Төбетұлы, Асан батыр Төбетұлы, Усен батыр Төбетұлы, Қарақожа, Биқожа батырлар.

– Біздің бабамыз Бәйімбет батыр Атығай – Бәйімбет елін басқарған Абылайханның бегі болған, ал ағасы Өтебай батыр «князь» атағын алған болатын.

– Бізде дін жолымен, хақ жолымен жүргізетін қажы-молдалар, көкірегі даңғыл, көсем сөйлейтін көнекөз қариялар көп болған. Олар: Әльжапар қажы, Жапар қажы, Кенжетай қажы, Қабыл қажы, Сатыбалды молла, Өбілмәжін молла, Хұсайын молла, Темірғали молла, Мөнтау, Кәрім, Абылхайыр, Кенжебай, Нүрке, Өту, Асқап, Ахметжан, Исақ, Дюсенбай, Сарсенбай.....т.б.

– Біздің есімізде Кеңес үкіметі 1918-1928 жылдары зиялы азаматтарды «бай, құлақ» деп бір құртты, қала берді 1937 жылы «халық жауы» деп екі құртты, одан кейінгі бір толқынын 1941-1945 жылғы соғыс жалмады. Тұрмыстың қиыншылығына, соғыстың әуре азабына қарамай аталарымыз Бәйімбет ұрпағын Ресей жерінде аман алып қалды, ұрпағын жалғастырды.

– Біздің есімізде Ұлы Отан соғысына қатынасқан Бәйімбеттің 60 азаматының және ол жақтан келмей шейіт болған 40-тан аса батырларымыздың есімі мен ерлігі мәңгі сақталған.

– Біз текті атадан тәлім алып, қаумалаған орыстың ортасында отырсақ-та, арпаласып жүріп баламызды ана тілінде сөйлетіп, бауырмалдыққа баулып, дінімізге берік болған Бәйімбет еліміз. Осы жақсы қасиеттің барлығы біздің елдің азаматтарына Бәйімбет батырдың қанымен келген. Сондықтан Бәйімбет елімен танысу үшін әуелі бабамыз Бәйімбет батырды біліуіміз керек [6, 108-136 бет.].

Ресейдегі Бәйімбет елінің мектеп директоры Шәмсиден Сәрсенбайұлының атсалысуымен 1990 жылы РСФСР-дің Жоғарғы Советі Президиумы Указымен (№ 433-1 от 18.12.90 г.) Омбы облысы, На-

зываевск ауданындағы №6 аул «Бәйімбет батыр» ауылы деп өзгертілді. Ал 1995 жылы елдегі орта мектепке Бәйімбет атамыздың аты беріледі [6, 127 бет].

Елден бірінші болып 2004 жылы Мұхаммед Мезгілбайтегі «Бәйімбет» атты кітап шығарды. Бұл кітапта Ресей жеріндегі Бәйімбет елінің тарихы, ел азаматтары көркем суреттелген және Бәйімбет батырдан тараған ұрпақтың шежіресі жазылған [8].

Сонау бала күнімнен «менің аталарым осындай болған» деп қайда жүрсем де ішімнен мақтанатынмын. Мақтанып қана қойғамын жоқ. Аталарымның істеген ісін өзіме үлгі еттім. Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген сөз бар емес пе?! Жақсының жақсылығын айтуды өзіме парыз санадым. Кейінгі ұрпақ олардың да өнегелі өмір жолдарын біліп жүрсін деп Бәйімбет батырдан бастап, ел азаматтары мен Сатыбалды атамның басынан өткен оқиғаларды бейнелеу арқылы, өз бабаларымыздың өзгелерден еш кем болмағанын паш етіп, өскелең ұрпақ санасына сіңіріп, жеткізуге ниеттеніп «Бәйімбет батыр» және «Бәйімбет батыр ізімен» атты кітаптар жаздым.

«Отан» – деген ұғымды ес кіріп, ер жеткен соң ұғындық. Әрине, ол туып өскен жермен байланысты. Өскесін ойлайсың: «Осы біз кімнен туып, қалай өсіп өндік? Неге Ресейде жүрміз? Келешекте қалай өмір сүреміз? Ұрпағымыздың тағдыры қалай болады?». Соны ойлап мен ағаларым сыяқты 1975 жылы Омбының политехникалық институтын бітіріп ата-бабам жеріне Қазақстанға қызмет жасауға тарттым.

1991 жылы Қазақстан егеменді тәуелсіз мемлекет болды, ел болып, көк байрағымыз желбіреп, әлемге танылып, қудаланудан қорықпай тарихи тұлғаларымызды зерттей бастадық.

Бәйімбет елінің тарихы, Бәйімбет батыр Төбетұлы, ел азаматтары туралы бір уақыты келген кезде бір ұрпағы іздеп жазатын еді. Ата бабаларымыз туралы мәліметтер ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралғандықтан және сол тарихты білетін үлкендер өмірден өтіп жатқандықтан бұл естеліктерді бізден кейінгілерге жеткізу жібі үзіліп қалу қаупі мүмкін және мол болатын. Бұл үлкен жауапкершілікті мен өз еркiммен қабылдап алдым.

Іздестіру жұмыстары 2008 жылдың тамыз айында басталды. 2010 жылы қоғамдық «БӘЙІМБЕТ» бірлестігі құрылды. 2010 жылы 17 қыркүйекте 55-60 ел азаматтары Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген Бәйімбет бабамызға арнап дұға оқытып, ас бердік. Бәйімбет батыр ұрпақтары 2011 жылдың 1-2

шілдесінде Ресейдің Омбы облысы Называй ауданының Бөйімбет ауылында Бөйімбет батырға арналған той өткізілді. Осы тойға арналып «Бөйімбет батыр Төбетұлы» деген кітөп, күнтізбе, Бөйімбет батырдың суреті жасалды. Осы тойға аудан әкімшілігі қатынасып, халықты құттықтады. Бөйімбет батыр туралы Ресейдің телеарнасы сұбхат алып, хабар берді [6].

Тағы да қайталаймын: Ұлттық рухтың оянуы мен аруақты бабамыздың алдындағы парызымызды өтеу үшін Бөйімбет батырды Ресейде емес, өзі туған, өмір сүрген және қанын төккен Қазақ жерінде қастерлеу қажет.

БАБАМЫЗДЫҢ АЛДЫНДАҒЫ ПАРЫЗЫМЫЗ

Қоғамдық «Бөйімбет» бірлестігі Бөйімбет батыр Төбетұлының есімін Көкшетау және Қызылжар қалаларының бір көшесіне беру жөнінде мәселе көтеріп, облыстың және қаланың әкімдеріне 3 рет хат жолдады (біріншісі 20.05.2011 ж., екіншісі 07.11.2012ж., үшіншісі 16.01.2013 ж.).

Елден келе жатып мен СҚО әкімшілігіне қабылдауға кіріп әкімнің орынбасары Қуанғанов Фархадпен кездестім. Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 12 қарашадағы № 5759 тапсырмасына сәйкес белгілі объектілерге, елді мекендерге, көшелерге ат беруге мораторий жарияланғанын айтқан болатын. Сол жылы Петропавл қаласының әкімшілігі зерттеліп аты шыққан атақты қолбасшы батыр, әйгілі ақын-жырау Қожаберген Толыбайсыншыұлына бір көшенің атын бере алмады.

Көкшетау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі біздің өтінішімізді қарастырып «Локомотивная» деген көшені беруге шешім қабылдап қалалық мәслихатқа жіберді. 2014 жылы 12 қарашада Көкшетау қаласының мәслихаты, ал 2015 жылдың ақпан айында Ақмола облысының мәслихаты бұл шешімді құптады. Одан кейін құжат бекітуге республикалық Тіл комитетіне жіберілу керек болатын, бірақ жіберілмеді, өйткені жоғары жақтан телефон арқылы тағыда мораторий жарияланған көрінеді.

Міне тәуелсіздігімізге 24 жыл болады. Өткен жылы Мемлекеттік Хатшы М. Тажин Қазақ тарихын зерделеуге арналған ауқымды жиын өткізді. Қазыргі кезде тарихымызға жаңа тұрғыдан қарап, өз-өзімізге рух беру аса маңызды екені белгілі. Тарихымызда қызуғышылық танытатын тарихшылар да, тарихшы еместер де жаппай тарих туралы мақалалар жаза бастады. Кей кезде нақ осы тарихшы еместер қызықты жаңалықтар ашуы әбден мүмкін. Мен де тарихшы емеспін (инженермін). Мың өліп, мың тіріліп, осыншама

кеңбайтақ жерді, елді сақтап келген ата-бабалар ерлігін кім жазса да, қанша жазсақ та көптік етпейді. Өлі де болса тарих өзінің сан ғасырлық қатпарларында сансыз батырларды, билерді, әулиелерді жасырып жатқаны күмәнсіз. Уақыты келгенде оларды зерттеп, тарихи шындықты қалпына келтіріп, тарихтағы өз орнын беру – біздің бабалар аруағының алдындағы ұрпақтық ұлы міндетіміз. Сол себептен де қазіргі ұрпақтарының іздеу салып, жоқшы болып жатқаны кім-кімді де қуантарлық әрі құптарлық.

Қазыргі Жаһандық мәселелер де алаңдатпай қоймайды. Әлемдік ықпалы бар алпауыт көрші елдермен (Қытай, Ресей) дұрыс саясат жүргізе білуіміз керек. Ол үшін бәріміз патриот (отаншыл) болуымыз керек. Отаншыл болу үшін оны қалыптастыратын идеология қажет. Сол идеологияңыз тарихсыз жасалмайды, тарих ғылымына сүйенеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің Қазақстан халқына арналған Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыздың – түркілердің Мәңгілік Ел идеясын – Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялады. Біз әлемдегі өркендеген, бай 30 елдің қатарына кіруіміз керек. «Мәңгілік Ел» барша қазақстандықтардың өміріне, болашағына қатысты құжат.

Елбасы «Мәңгілік Ел» болу үшін қандай жұмыстар істейтінін айтып қана қоймай, өзі бастап та берді. Астана қаласының кіре берісіндегі Салтанат қақпасының үстіне «Мәңгілік Ел» жазылуының өзі үлкен символикалық атау. Ол Мәңгілік Қазақ елін, Мәңгілік Елордасын, Мәңгілік тілін, Мәңгілік болашағын жарқын рәміздейді.

Евразия Ұлттық университеті «Мәңгілік Ел» тарихи-танымдық журналын шығара бастады. Жұмысқа басшылық ететін танымал тарихшы ғалым, доктор, ректор Ерлан Сыдықов. «Мәңгілік Елдің» басты мақсаты – біздің елдің тарихын терең зерттеп-зерделеп көпшілікке таныстыру, өйткені 3 тілде шығады.

Біз Елбасымызға ризашылығымызды білдіреміз, өйткені ол Ұлытауда және Астанада сөйлеген сөздерінде тарихты зерттеп, Қазақ елінің нақты тарихын жазып, өсіп келе жатқан ұрпаққа жеткізіп Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлауды талап еткен еді.

Биыл республикалық көлемде аталынып өткен және өтетін мерейтойларымыз бар: Қазақстан Халқы Ассамблеясының мен Конституциямыздың 20 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы. Осыған орай әр өлкелерде, жоғарғы оқу орындарында Ғылыми конференциялар,

жиналыстар жүргізіліп жатыр. Бұл бастама науқандық болып қал-маса екен.

Қазақ елінің қорғаны болған бабаларымыздың жанқиярлық ба-тырлық қимылдарын халқы мақтан тұтуы орынды. Қазыргі біз ба-тырларға кенде емеспіз. Кең байтақ Қазақстанның әсіресе оңтүстік облысы, әр ауданына бара қалсаңыз, алдыңыздан ат мініп, садақ асынып, найза ұстаған батырлардың ескерткіштері шыға келеді. Солтүстік облыстарда әлі күнге дейін осы жерді жаудан қорғаған, өмірін жаугершілікпен өткізген батырлар әлі ескерусіз қалып отыр. Өзгертілген «Ономастика» заңында нақты жазылған: қандай тұлға-ларға көшенің, елді мекендердің аттары беріледі, қандай құжат-тар керек екені. Бірақ әкімшілік, ономастикалық комиссиялардың шешім қабылдауға қауқарлары жетпейтін сыяқты.

Тағыда айтарым: Құрметті конференцияға қатысушылар, ұй-ымдастырушылар, әкімшіліктен келген бастықтар осы мәжілісіміз нәтижесіз қалмасын! Жұмысымыз құр конференциялар, тойлар жүргізу ғана болмай, көшелерге елді-мекендерге тарихи тұлғалар-дың есімдері беріліп, ескерткіштер тұрғызылып, есімдері тарихи оқулықтарға енгізілуі қажет. Әсіресе Ресеймен шекаралас Солтүстік өңірлерде. Өйткені Ресейде тұратын 1,5 млн. қазақ ата-бабасының тарихын толық білмейді. Қазақ елінің 550 жылдығы келесі жылы болмайды, сондықтан құзырлы ұйымдардың қимылдағаны жөн болар. Азаттық, тәуелсіздік жолында күрескен бабалар халқының жүрегінде мәңгі сақталуы үшін аттары көшеленге беріліп, ескер-кіштері орнатылуы керек.

Конференциямыз жақсы шешімдер қабылдап, құзырлы ұй-ымдарға жіберіліп нақты жұмыстар істелініп орындалуы керек!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, конференциямыз мынандай шешімдер қабылдау қажет деп есептеймін:

1. Астанамыз Астанада, Көкшетау, Петропавл қалаларында әй-гілі Бәйімбет Төбетұлы мен Қожаберген Толыбайұлы батырлардан есімдерімен көшелерді атап, ескерткіштер тұрғызу керек.

2. Жалпы қазақ халқының ерте дүние, орта ғасыр және жаңа заман тарихын жасауды жылдамдата қолға алу керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Сұлтан Тәукейұлы – «Ақыр Жәнібек», Алматы, Абзал-Ай баспасы, 2014 ж.
2. Кенесбай Табылдиев – «Қазақ батырлары», «Фолиант», 2007 ж.
3. Ж. Құндақбайұлы, Қ. Шортанбайұлы - Қошқарбай Сағалайұлы, ҚҰЭ, 2004 ж., 6 том.

4. Турсунов И.А. – «Омский қазақский краеведческий справочник», 2004 ж. Омбы қаласы.
5. Бөйімбет Батыр Төбетұлы. Алматы, 2010 ж.
6. Ғ. Жүсіпұлы. Бөйімбет батыр Төбетұлы. Алматы, 2011 ж.
7. Бөйімбет батыр Төбетұлы. Буклет. Түркістан: «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы, 2012 ж. – 16 бет.
8. Мұхаммед Мезгілбайтегі – «Бөйімбет», Алматы, Абзал-Ай баспасы, 2004 ж.
9. Кабульдинов З.Е. – Ауыл Байтұяқ (Байдалин) Прошлое и настоящее, Астана, ТОО «ISD. KZ», 2014 ж.
10. Ғ. Жүсіпұлы. «Бөйімбет батыр ізімен» Алматы, 2015 ж.

КАБУЛЬДИНОВ З. Е.,

директор НИЦ ГИ «Евразия» Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, д.и.н.

ПОРТРЕТ НАСТОЯЩЕГО КАЗАХСКОГО БАТЫРА XX ВЕКА (НА ПРИМЕРЕ ОДНОГО ГЕРОЯ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ)

Одним из настоящих батыров минувшего века был Бауыржан Момышулы, который в условиях Великой Отечественной войны показал себя с наилучшей стороны, унаследовав славные традиции казахского батырства.

В этой связи о знаменитом и легендарном Бауыржане Момышулы при его жизни и после его кончины написано немало статей и книг, снято немало документальных и художественных фильмов. Сам народный герой тоже немало написал о себе и о своем непростом времени, много о нем издано воспоминаний его современников и близких родственников.

Как результат: понемногу вырисовывается яркий и неповторимый, цельный и монолитный облик, характер поистине народного героя и настоящего патриота. В целом, этого человека отличает то, что он впитал в себе лучшие черты национального характера казахского народа и в то же время он сумел взять у окружающих этносов все то лучшее, что вечно при любых условиях и ситуациях.

Сущность характера батыра – весьма редкое и сложное явление, если не планетарного, то евразийского происхождения точно. Такой неординарный человек появляется на брэнной земле весьма редко. О таких как он восторженно говорят, что он появляется «один раз в сто лет». Видимо, Всевышний посылает их нам для того, чтобы

вскрыть пороки общества и заметно развить положительные стороны нашего национального характера и деяний. Попробуем нарисовать свое видение портрета героя. Может быть, здесь будут присутствовать какие-то шероховатости, недоработки, а может быть – некоторое восхваление, но в любом случае – это реконструкция портрета Ер Бауыржана с высота сегодняшнего дня и с учетом собранного и накопленного на сегодня материала.

Во-первых, герой Великой Отечественной войны был носителем самых лучших черт характера казахов, его многовековых обычаев и традиции. К примеру, в своей военной и писательской деятельности он умело использовал казахские пословицы и поговорки, народную мудрость и религиозные предания. Вне всякого сомненья эти качества сделали его характер и натуру цельным и неповторимым.

Во-вторых, он прекрасно знал историю и культуру казахского народа. В первую очередь, батыр использовал древние военные традиции казахов для укрепления духа казахских и казахстанских солдат и офицеров в условиях жесточайшей Второй мировой войны.

В-третьих, его отличала чрезмерная честность, правдивость и порядочность. Этими качествами он сильно отличался от многих своих современников. Можно сказать, что он был своего рода эталонном честности и порядочности.

В частности, о правде он сам говорил буквально следующее: «Правда – это самое питательное средство для воспитания мужества. Ложь – самый вредный яд, впоследствии создающий недоверие даже к официальным источникам. Ложная, неправдивая, преувеличенная корреспонденция не столько приносит пользы, сколько вреда».

В-четвертых, его отличала предельная прямота. В любой ситуации народный герой мог позволить себе говорить то, что думает. Это качество заставляло трепетать не только высокие военные чины, но и именитых гражданских чиновников. Из-за этой черты характера он нажил очень много врагов и недоброжелателей. При жизни ему приписывают такие слова: «Обо мне в народе 120 вагонов сплетен. Из них вагон – правды, остальные 119 - вранье».

В-пятых, он был мастером слова как устного, так и письменного. В этом ему помогла сама жизнь, природное общение среди своих соплеменников и иноэтнического окружения, а также чтение научной и художественной литературы.

В-шестых, Бауыржан Момышулы был во всем очень аккурат-

ным человеком. Его аккуратность проявлялась везде и всюду: в умении одеваться очень чисто, отпрятно и эффектно. Его отличало аккуратность в словах. Он сумел передать грядущему поколению аккуратно оформленный свой личный архив в виде дневников, воспоминаний, поэзии и прозы, пословиц и поговорок.

В-седьмых, он был великим полководцем: за годы войны он сумел подняться с должности простого командира батальона в звании старшего лейтенанта до полковника, «народного генерала» в должности командира дивизии.

Его батальону, полку и всей Панфиловской дивизии под Москвой противостояли не простые немецкие соединения, а отборные подразделения дивизии СС, например, известная своими высокими боевыми качествами и особенной жестокостью «Мертвая голова». Когда артисты МХАТа приехали в Алматы ставить спектакль «Волоколамское шоссе», то известный актер Георгий Бурков, игравший роль генерала Панфилова, восторженно и в эмоциональной форме произнес: «Я всегда говорил и буду говорить, что Москву отстояли казахи!».

Не случайно, что в военных учебных заведениях Израиля, Кубы, Никарагуа активно изучали военный и полководческий опыт Бауыржана Момышулы. Не случайно и то, что недавно труд Бауыржана Момышулы был переведен на английский язык.

Может быть ему при жизни не дали ни генеральского звания, ни Героя Советского Союза, но он остался в памяти всего народа Советского Союза больше чем генерал и больше чем обычный герой. Его имя олицетворяли с именем лучшего офицера советской армии. Ему доверили в условиях войны преподавание в Военной Академии Генерального штаба СССР, где ковалось генеральская и маршальская элита страны военного и послевоенного периодов. Он хорошо стрелял, рано освоил строевые упражнения, прекрасно ориентировался на карте, умело командовал вверенными боевыми подразделениями.

В-восьмых, батыр был настоящим мужчиной, выполнявшим обещанные слова. Когда-то великий Чингисхан в своей Великой Ясе пророчески отмечал: «Самый достойный из мужей этот тот, кто сдерживает обещанное слово». Как нам кажется, лучше, чем многие его современники и нынешнее поколение, он отвечал этим требованиям монгольского императора.

В-девятых, герой был замечательным писателем, одинаково писавшим как на казахском, так и на русском языках. Это очень ред-

кое качество. В нем изначально был дар великого творца. Недаром после войны, выхода в отставку он поменял «штык на перо».

По этому поводу Илья Кремлев в своей рецензии на его повесть «Наша семья» восторженно писал: «Свидетельствует автор и о другом достоинстве – врожденном, видимо, умении живописать словом, изображать людей не плоскими, а объемными фигурами, такими, что невольно чувствуешь их плоть и дыхание».

В-десятых, он был человеком мужественным и храбрым, стойким и смелым. Эти качества, как это обычно бывает, лучше проявились в условиях войны. Благодаря именно этим качествам, он сумел побеждать противника практически в любой ситуации и обстановке. Со своими солдатами он участвовал в 207 сражениях, 5 раз оказывался в окружении и достойно выходил из казалось бы сложного и безвыходного положения, 5 раз был тяжело ранен. Его три раза представляли к высокому званию Героя Советского Союза.

Более того, он умел ценить мужество и отвагу людей, которые воевали вместе с ним. Истории доподлинно известно, что он был инициатором и автором двух представлений на имя Верховного Совета СССР о присвоении звания Героя Советского Союза на имя двух казахов, воевавших под его командованием: Толегена Токтарова и Малика Габдуллина. Кстати, из писем М.Габдуллина видно, что он в присутствии своего командира Бауыржана стеснялся носить звезду Героя, так как был глубоко убежден, что его командир более достоин высокого звания, чем он сам.

В то же время он мог оценить мужество настоящих героев, не признанных властью: до самой своей кончины он обращался во властные структуры прося звания Героев Советского Союза казахскому офицеру Рахимжану Кошкарбаеву и русскому солдату Григорию Булатову, первым водрузивших штурмовое знамя на фасаде второго этажа Рейхстага.

В-одиннадцатых, Бауыржан был предельно щедрым, гостеприимным и мог поделиться с самым последним, иногда даже со случайным человеком. К примеру, об этом вспоминает его сын Бахытжан: «Женщин приводила в бешенство его безграничная щедрость. Он мог свои золотые часы подарить какому-нибудь рабочему, а своей очередной жене приказать: «Снимай браслет!» и отдать дорогое украшение аульной молодухе, которая возилась у казана, готовя ему угощение во время его наездов на родину».

В-двенадцатых, Бауыржан был полиязычным: знал несколько языков, по крайней мере, кроме родного, он великолепно говорил

на русском, украинском, а также языками ряда тюркоязычных народов Центральной Азии: кыргызов, узбеков и каракалпаков. Это качество помогало ему на командирской и обычной жизненной стезе. Известный русский писатель Александр Бек о языковых способностях героя в книге «Волоколамское шоссе» писал: «Этот казах свободно владел богатством русской речи. Даже в минуты волнения он не коверкал слов и оборотов».

В-тринадцатых, народный герой был предельно справедливым. В одном из своих послевоенных писем он по этому поводу писал: «Я неумолим ни к себе, ни к другим: мой руководящий принцип – справедливость».

В-четырнадцатых, батыр призывал быть скромными и не хвастливыми. Вот что он писал по этому поводу: «Довольно безответственно хвастаться. Давайте наберемся мужества признать свою вину... Долой хвастовство!... Да здравствует скромность... Где нет простоты – там нет правды. Где нет правды – там нет величия».

В-пятнадцатых, народный любимец был весьма самокритичен. В своем письме Ильясу Омарову 30 июля 1966 году он писал: «Самый несчастный человек на свете тот, кто не имеет недостатков... Слава богу, что у меня много, даже слишком много недостатков».

В-шестнадцатых, истинный батыр был человеком огромной работоспособности и трудолюбия. Выступая в 1963 году перед кубинской аудиторией, он говорил: «Известно, что смерть неизбежна, воскрешения нет! Смерть придет к одному раньше времени, к другому позже. Но следует бояться не смерти, следует бояться потери работоспособности. Давать обществу как можно больше – это стремление борца. Радость в жизни не в том, что берешь, а в том, что ты даешь другим, несешь свои знания и опыт народу».

В-семнадцатых, народный герой был человеком очень решительным. Докажем это на примере одного из эпизодов сражений под Москвой в ноябре 1941 года, в окружении: «В одном бою некоторые раненые остались без медпомощи, виновником был врач Красненко.. Лейтенант Беликов в другом бою растерялся и совершенно не мог управлять взводом... Батальон раскис, прежде всего раскисли офицеры. Нет строгости и повелительной команды с их стороны. Я собрал офицеров, их было 36 человек, надо было принять какие-то меры».

Тогда он разжаловал обоих офицеров. Со стороны разжалованных командиров начался ропот и возмущение, а у остальных – недовольство. И тогда проявились у батыра качества решительного комба-

та: «Я председатель Президиума Верховного Совета, я Председатель Совета народных комиссаров, я Председатель Комитета обороны, я главный прокурор СССР, Главнокомандующий всеми Вооруженными силами СССР, понятно Вам? Нет, я в своем уме. Прикажите мне обратиться к товарищу Сталину, но у меня нет связи, чтобы к нему обратиться. Я – командир, поэтому беру всю власть в свои руки. Оккупированная территория Советского Союза является океаном, и эти 350 метров, где мы сейчас стоим, являются островом. Кому принадлежит верховная власть, кто тут Председатель, я или товарищ Калинин? Конечно, я. Кто здесь верховный главнокомандующий – товарищ Сталин, который в Москве? Конечно, я. Я имею право не только разжаловать, но и расстрелять, не только одного или двух, но и всех вас до единого. Прикажите вас мне сдать немцам? Нет, не выйдет...Если через два-три дня мы не соединимся с нашими, то из пулемета всех вас скошу и сам застрелюсь. Ваши жены и дети будут благодарить меня».

Имя героя-панфиловца известно не только в Москве, Подмосковье и на его родине – Казахстане, но и во всей некогда единой стране – СССР. Люди старшего поколения, особенно фронтовики, помнят его как боевого офицера-героя, народного батыра, талантливого писателя и легендарную личность.

Человек-легенда. Личность неординарная, многогранная не только мужеством характера и воинскими доблестями, талантом писателя и исследователя солдатской психологии в экстремальных условиях военной обстановки, теоретика военного дела, но даже нормами поведения в обольщенной жизни. У него были встречи со многими людьми в разных условиях, по разному поводу и, думаю, что у каждого, кто с ним встречался, в памяти остался свой Бауыржан.

Новые идеи постоянно приходили к Бауыржану Момышулы, он старался воплощать их. Но даже в круговороте жизни, он всегда ценил близких и родных, не забывал фронтовых товарищей и коллег. Старался, чтобы чиновники не оставляли без внимания подвиги соратников. Но главное, имя Бауыржана Момышулы не забыто, как не забыты подвиги, мысли и чаяния. Его именем названы улицы, школы, награды. Его памятники есть во многих уголках не только нашей Родины, но и в России, в тех местах, которые ценой своей жизни он защищал.

Бауыржан говорил всегда и всем только то, что думал, никогда ни под кого не подстраивался. Будучи требовательным к себе, требовал этого и от других. Обладая обостренным чувством справедливости,

ности, был для иных «неудобным». Оттого и неприятности нередко преследовали его, и всяческих легенд вокруг его имени сложилось немало. То, что у нашего знаменитого батыра хватало недоброжелателей в силу названных причин, прослеживается и на его дальнейшей судьбе.

Все, кто воевал под его началом и общался после войны, запомнили «своего» Бауыржана как яркую, самобытную личность. Кого-то его прямолинейность отпугивала, кого-то притягивала. В то же время, по свидетельствам современников, серьезность и сдержанность Момышулы могли сочетаться с доверием к людям, а по большому счету – с верой в них. В годы Великой Отечественной войны он был почти единственным казахом-командиром дивизии.

Уходя в мир иной, батыр оставил завещание, где он также не изменил своим принципам и своему характеру. Он просил, чтобы все расходы на его похороны погасить из наличных сумм из его текущего счета в банке. После похорон он просил не устраивать никаких поминок. Все его личные вещи должны были быть переданы в музей безвозмездно, а личный архив – в Центральный архив также на безвозмездной основе. Такую же участь постигала и его личная библиотека.

Таким образом на примере такого замечательного человека мы должны воспитывать нашу современную молодежь!

ҚАМЗАБЕКҰЛЫ Д.,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры, ф.ғ.д., профессор

АЛАШ АРМАНЫ ЖӘНЕ ҚАҺАРМАНДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ

Азаттық. Тәуелсіздік. Дербестік. Егемендік. Бостандық. Бұл атаулар кеше арман еді.

Кез болған соң кер заман біздің баққа,

Жау жарағын асынып, міндік атқа.

Ел бастайтын ерлерге бұл бір зор сын,

Жаңа талап, жас ұлан, қарап жатпа! –

деп еді-ау Алаш зиялылары. Олар көтерілгенде бір жылт еткен сөуле бар болатын: патша тақтан түскен, империя шеңгеліндегі ұлттар аз-кем серпілген, “құриет!” (азаттық) ұраны ашық жарияланған. Бірақ ол – жасын тағдырлы шақ-тын. Кейін... кеңес тұсында “Ер қазақ ежелден еркіндік аңсағын” деп айтуға ғана тіліміз келді. Сонда да бұл “аңсағанның” астары терең-тін.

Алаш құрбандығынан кейінгі тәуелсіздік туралы сырлы да мұңлы әуен құлақ оты жерден естілмеді. Әр тұстан, кейде тым жырақтан естілді. Эмиграцияға кетіп уақытша аман қалған Мұстафа Шоқайдың “Жас Түркістаны”, Түркістан легионындағы Мәжит Айтбаевтың Абылайхан суреті, Бейсембай Кенжебаевтың ғылыми-зерттеушілік еңбегі (оның соғыс тұсында Абылайды жазғаны да бар), 40-жылдардағы “Қазақ халқын құтқарушылар одағы” (басшысы студент *Ғұбайдолла Әнесов*), Ермұхан Бекмахановтың тарихшылығы, Бауыржан Момышұлының бұла мінезі, 50-жылдардағы “ЕСЕП” (елін сүйген ерлер партиясы), 60-жылдары Мәскеуде құрылған “Жас тұлпар”, Илияс Есенберлин бастаған жазушылардың тарихи романы, Мұхтар Мағауиннің “Қобыз сарыны”, “Алдаспаны” ... 1986 жылғы Қайрат Рысқұлбектің “еркек тоқты - құрбандығы”. Тәуелсіздік жыры осылар еді. “Өттеген-ай” көп еді: ула – уладан, ура – урадан құлақ тұнатын.

“Қайран да, менің өз елім!”. Ақ ниеттіге-ақ жол. Көрер жарығы бар екен. “Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен” келген дербестік бізді ойлантуы керек.

Тәуелсіздік үшін күрескен тұлғаларды тұтас айтып тауысу мүмкін емес. Біз бұл жолы олардың рухын асқақтата отырып, соның ішіндегі алты тұлғаның тарихи орнын аз-кем сипаттап өтпекпіз.

АБЫЛАЙ ХАН (1711-1781). Шыңғыс ханның ұрпағы, төре. Арыстан ақын оны “48 жыл хан болған” дейді. Мұны, әрине, сонша уақыт хандық ғұрып ұстады деп түсіну керек. Ол бар мақсатты пайдаланап анталаған аждаһа мен сұңқылдаған самұрықтың ортасындағы халқын аман сақтау үшін күресті. Ол ел басын қосып, жоңғарға қарсы жұмылдыра алды. 1771-1781 жыл аралығындағы оның ұлт басшысы ретіндегі стратегиясы – халықтың сан ғасырлық арманымен тоқайласып жатты. Абылай өзіне дейінгі хандық жоралғыларды жаңа заманның сұранымымен дамытты. Мемлекетті тұтастандыру, «бастыны идіру, тізеліні бүктіру» мәселесінде Абылай кейінгіге мол мұра қалдырды. Жорық жырауы оны «Алтыннан қылыш бұдырған» деп сипаттады. Сөйтіп Абылай есімі ұлттық ұранға айналды.

БӨГЕМБАЙ БАТЫР (1680-1776). Ұлтымыздың даңқты қаһарманы. XVIII ғасырда қазақ халқының тағдыры шешілетін Отан қорғау майдандарында айрықша қолбасшылық қызмет еткен, топ бастаған даңқты қайраткер. Батыр қиан-кескі соғыста ғана емес, елді дамыту мен ұлтты ұйыстыруда айрықша жол көрсеткен, әрқашан Абылайдай хандардың қабырғалы серігі болған. 1710 жылы

Қарақұмда өткен Үш жүздің жиынында орда бұзар шағындағы Бөгембай Қазақтың бас сардары болып сайланған. Ұлт үшін өмір мен өлім талқыға түскен Аңырақай шайқасы мен Талқы соғысында хас батырдың әскери стратегиясы мен тактикасы Алаш батырлығына олжа салды. Үмбетей жыраудың «Батырың өтті Бөгембай» деп келетін атақты Абылай ханға естіртуінде баһадүрдің сардарлық портреті айшықтала көрсетілген. Жорықты жылдары қарт Бөгембайдың ерлік істері үлгі-өнегеге болып, көзі тірісінде-ақ есімі күрес ұранына айналған. Батыр жасы ұлғайып қайтқанда, сүйегі Түркістандағы Өзірет Сұлтан кесенесіне жерленген. Қанжығалы қарт Бөгембай есімі Алаш баласын әрқашан Отанға адалдыққа, серт пен сенімге беріктікке шақырып отырады.

(Осы жинаққа арқау болып отырған Қазақ елі солтүстік өңірінің айтулы батыры *Бәйімбет Төбетұлының* (1708-1790) Бөгембай заманында жаудан ел қорғап, қаһарман қолбасшы атанғаны, сүйегінің «Өзірет Сұлтан» ұлттық пантеонына қойылуы – елеулі факт).

КЕНЕСАРЫ (1802-1847). Ол – хандық билікте қасқа жол салған Қасымның өр ұлы, қазақтың соңғы ханы еді. Ресей 1822 жылы қазақ хандығын ресми жойғанын терістеген алаш қауымы 1841 жылы Кенесарыны хан көтерді. Соңғы хан, әрине, «соңғымын» деп ойлаған жоқ, қазақтың ертеңіне сенді. Сондықтан отарлаушы жүйенің аймақтағы басшыларына «Бұл – қазақ жері. Мен құдай алдында оған жауаптымын. Аяқтарыңды тартыңдар, адамшылыққа келіңдер», – деді. Кенесары ондаған жылдар ат үстінде өтіп, қазақтың, Кіндік Азия халықтарының тәуелсіздігін қайта өперу үшін қайсарлықпен күресті. Осы жолда Хиуаға да, Бұхараға да, Қырғызға да, Қытайға да елші жіберіп отырды. Оның орыс әскеріне қарсы жойқын соғысы империяны түнгі ұйқысынан шошындырды. Кенесары сарбаздарының рухы, өжет хан мен даңқты әскері туралы жырлар қазақ халқың тәуелсіздікке жетеледі. Соңғы хан өлімі – дербестік туралы үмітті жойған жоқ, – күрескерлікке шақырды.

СЫРЫМ ДАТҰЛЫ (1712-1902) – қазақтың Батыс аймағында отаршылдық жүйеге қасқайып қарсы тұрған ер. Ол XVIII ғасырдың 80-90 жылдары қырға қырғын үшін шыққан империя жасақтарын ерлікпен жойып отырды. 1783 жылы қазаққа қоқан-лоқы көрсеткен атаман Чагановты ұстап алып, Хиуаның құл базарына өткізіп жіберуі - әділетке қарсы тұрған әділет күші еді. Сондай-ақ, Сырым империя жандайшабы болып кеткен қандастарын да тәубесіне келтіріп отырды. Батырдың тарихтағы орнын – елін хан көтергендігі, сыртқы-ішкі жаудан тайсалмағандығы, отарлаушы жүйеге ресми

өшкерелейтін хат жазғандығы және халқының жарқын болашағына сенгені анықтайды.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ (1804-1846) - азаттықты аңсаған, азаттық жолында қасық қаны қалғанша күрескен қазақтың өр тұлғалы батыр ақыны. Ол әйгілі Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің жуан ортасында жүрді. Махамбет жыры – қазақ хандығы тұсындағы жыраулардың жаңғырығы еді. Ақын өлеңімен, өнерімен, ұлт жолындағы сертке адалдығымен замандастарын баурады. Оларды рухтандырды. Исатай-Махамбет пен Жәңгір хан арасындағы келіспеушіліктің сыры – отаршылдық жүйенің сан-салалы айласында жатыр. Сондықтан қай тұрғыдан алсақ та Махамбет – ұлт бостандығы жолындағы қазақ поэзиясының рәмізі.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН (1870-1937) – ХХ ғасыр басында жаңа сипатта түлеген Алаш идеясының серкесі, ұлт зиялылығының айнасы. Қайраткер Ресей империясындағы елеулі оқиғалардың ешқайсысынан шет қалмады. Бөріне өз көзқарасын білдіріп отырды. Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланып, биік мінберден халқына теңдік сұрады. Ол – Абай құбылысын алғаш танушы, Ахмет пен Міржақыпты жұмылдырып ұлт трибунасы – “Қазақ” газетін ұйымдастырушы, Алаш партиясы мен үкіметінің жобасын әзірлеуші. Әлиханның ұлт тәуелсіздігі үшін күресі – Кенесары бағытының жалғасы. Айырмасы зайырлылықта ғана. Ол қаламымен, ақыл-ойымен күресті. Ә.Бөкейхан – елшіл ғалым. Оның орыс, қазақ тілдеріндегі бар зерттеулерінде қазақ халқының мүддесі бірінші орында тұрады. Әлиханның ұлы ісі жолындағы табанды ерлігі деп – оқығандар басын бір идеяға біріктіруін айтуға болады.

Алаштың даңқты перзенті Әлихан Бөкейхан соңында қалған тағлымды бір сөз бар: «Біздің кемшілігіміз әр ұрпақ өзіне тиісті жүкті белгілі бір орынға апарып қоймайтындығында» деген. Бұл әрине, Абайдың сынындай өткір сын. Біз тұлғаларға кенде емеспіз. Олардың саны, іріктеп қарағанда, бестен бес жүзге дейін жетуі мүмкін. Әлбетте, олар - өзіне тиесілі жүкті белгілі орынға апарып қойғандар. Біз олардың рухы алдында тағы да басымызды иеміз!

Енді осы біз өзімізге тиесілі жүкті белгілі орнына көтеріп апарып қоя алдық па? Бұл – тұлғалардың сұрағы... Осы тағылымды сұрақ ойымызда жүрсін.

КЕМЕҢГЕР Қ.,

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының
доценті, филология ғылымдарының кандидаты*

АБЫЛАЙ ХАН ТУРАЛЫ ПОЭМАЛАРДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ТАНЫМ

(Көкбай Жанатайұлы мен Олжабай Нұралыұлы мұрасы бойынша)

Кез келген ақынның шығармашылығында шоқтығы биік туындысы болады. Сан салалы мұрасының ішінен жеке бір шығармасы дараланып тұрады. Ақын Олжабай Нұралыұлы (1881-1935) мұрасының ішінде де жаратылысы бөлек поэмасы бар. Ақынның баласы Қазбектің көрсетуі бойынша, Олжабайдың мұрасы қазір сексенге жуық өлең, он жеті толғау, жеті дастан, бірнеше аудармаларды құраса [1, 62], олардың ішінен тумысы бөлек туындысы – «Сабалақ – Абылай хан» поэмасы дер едік.

Шығарманың жанрлық сипаты туралы қалыптасқан тұрақты пікір жоқ. О.Нұралыұлының 1995 жылғы жинағында «Сабалақ – Абылай хан» «поэма» [2, 191] деп көрсетілген. Әдебиеттанушы М.Шындалиева құрастырған «Хрестоматия (Омбы өңірі қазақтарының XVIII–XX ғасырлардағы әдеби шығармашылығы)» атты кітапта бұл шығарманың жанры «тарихи дастан» [3, 119] деп берілген. 1995 жылы шыққан Абылай хан туралы тарихи жырлар жинағында аталған туынды «жыр» [4, 286] деп жазылған.

Өлеңмен жазылған шығарманы жыр деп тану үшін оның тармағы, негізінен, жеті-сегіз буыннан құрылу керек. Жырда тұрақты бір ұйқас сақталмайды. Бұл ерекшелікті ескергенде, Олжабайдың туындысын жыр деп тани алмаймыз. Олжабайдың шығармасы он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. «Сабалақ – Абылай ханды» дастан деп тану да қате. Дастанның сюжетіне байырғы заманнан белгілі тегі шығыстық уақиғалар арқау болады. Олжабайдың жырлаған «Сабалақ – Абылай ханына» сюжет шығыс халқынан емес, өзіміздің тарихтан алынған. Сондықтан «Сабалақ – Абылай хан» шығармасының жанры поэма дегенге тоқталамыз.

Қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі – Абылай хан туралы аңыз-өңгімелер ел ішінде жақсы сақталған. Олардың біразы 1995 жылы «Тарихи жырлар. Абылай хан» [4] атты жинақта жарық көрді. Осы кітаптың ішінде О.Нұралыұлының Абылай ханды жырлаған поэмасы да бар [4, 129-144].

«Сабалақ – Абылай хан» поэмасы баспа бетін бірнеше рет көрді. Ақынның баласы Қазбек Олжабайұлының ұсынуы бойынша поэма 1992 жылы «Сарыарқа» журналының екінші санында [1, 61-67], «Жұлдыз» журналының жетінші санында [5], 1995 жылы жарық көрген О.Нұралыұлының «Шығармалары» жинағында [2, 191-207] жарияланды. Сондай-ақ, туынды 2001 жылы шыққан «Хрестоматия (Омбы өңірі қазақтарының XVIII–XX ғасырлардағы әдеби шығармашылығы)» [3, 119-134] деген кітапта басылды.

О.Нұралыұлының авторлығымен жарық көрген Абылай хан туралы поэманың бірнеше нұсқалары бар. Алдымен шығарманың атауына тоқталайық. Ұлттық Ғылым академиясы Орталық Ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында сақталған нұсқада поэманың аты «Сабалақ» [6, 103] деп көрсетілген. М.Шындалиеваның құрастырған «Хрестоматия Омбы өңірі қазақтарының XVIII–XX ғасырлардағы әдеби шығармашылығы» атты жинақта бұл туындыға «Абылай қалай хан болған?» [3, 119] деген ат қойылған. Жоғарыда көрсетілген республикалық «Жұлдыз» [7] және «Сарыарқа» [1] журналдарында, «Тарихи жырлар» [4] жинағында, сондай-ақ, О.Нұралыұлының 1995 жылғы «Шығармаларында» [2] поэманың аты «Сабалақ – Абылай хан» деп жазылған. Біздіңше, ғылымда соңғы атау-нұсқа сақталғаны дұрыс. Себебі поэмада Әбілмансұрдың Сабалақ атанып жүрген кезі мен қатар үш жүзге Абылай хан болған дәуірі де баяндалады. Шығармада жетім қалған жас жігіт Әбілмансұрдың басынан өткен қиын күндері, оның Үйсін Төле бидің елінде малшы болып жүргені, кейін Қанжығалы Бөгенбай батырдың қолдауымен қалмаққа қарсы шауып зор абыройға ие болуы, хан сайлануы секілді уақиғалар көркем тілмен баяндалады.

«Сабалақ – Абылай хан» поэмасының Омбыдан табылған нұсқасының көлемі шығарманың өзге үлгілерінен аз. Омбылық нұсқа 122 шумақ, немесе 488 жол. Оны М.Шындалиева 1993 жылы Омбы облысы Табыршан ауданының тұрғыны Ғалымжан Нығметовтан жазып алады. Шығарма хатқа 1991 жылы түсіпті [3, 169]. Поэманың өзге нұсқаларын баспаға Олжабайдың баласы Қазыбек ұсынған. Сондықтан олардың көлемінде үлкен айырмашылық жоқ. Текстологиялық жағынан салыстырғанда поэманың ҰҒА қолжазба қорында жатқан үлгісі түпнұсқаға жақын [6]. О.Нұралыұлының 1995 жылғы «Шығармаларында» «Сабалақ – Абылай ханның» көлемі 146 шумақ, немесе 584 жол [2, 191-207]. Абылай хан туралы тарихи жырлардың жинағында поэманың көлемі 160 шумақ, немесе 640 жол [4, 129-144]. Екі нұсқада да Абылай ханның өйгілі замандасы,

Бөгенбай батырдың үзеңгілес досы әрі жорықшыл жырауы Үмбетей толғауынан он бір жол үзінді берілген:

*Кекіл жалы суылдап,
Қызыл арғымақ астында,
Бөгенбай талқыдан аса шапқанда,
Құлжадан Жантай асқанда.
Құдиган үйрек мойынды
Құллан тұяқ Көкше атпен
Мәмбеттің ұлы ер Атан
Қол сауырсын басқанда.
Өз қолын өзі жау деп,
Хан баба төре қашқанда,
Қалмақты шаптың, Бөгенбай!* [2, 196].

Үмбетей жыраудың сөзін «Сабалақ – Абылай ханның» құрамында есептесек, Олжабай ақынның 1995 жылғы жинағында поэманың көлемі 595 жол, Абылай хан туралы тарихи жырлар жинағында 651 жол болады.

Абылай хан туралы жинақтағы нұсқада поэманың алдынан ақынның тарих туралы жиырма төрт жол ой толғанысы берілген [4, 129]. Он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған ол алты шумақты Олжабайдың жеке туындысы деп қарауға болады. Ақын жинағында бұл үзінді поэмаларға жалпы кіріспе ретінде берілген: «Ақын поэмаларына кіріспе ретінде «Тарих» деген өлеңін келтіреді. Мұнда ақын поэмаларын нендей мақсатта жазғанын, олардың оқырмандарына қандай пайда келтіретінін білдіреді» [2, 227].

Олжабайдың тарих туралы өлеңінде Абылай хан жайында оның заманына қатысты ештеңе айтылмайды. Онда ақын тарих секілді философиялық ұғымға жауап іздейді. О.Нұралыұлының «Кесілген бас», «Мұңсыз хан», «Зәйнәгүл», «Ғабдолла», «Сабалақ – Абылай хан» секілді поэма, дастан, поэмалары бар. Бұлардың барлығы тарихи тақырыптағы туындылар емес. «Кесілген бас», «Мұңсыз хан» поэмалары дидактикалық, философиялық шығармалар болса, «Зәйнәгүл» – араб әдебиетінің сюжетімен жазылған туынды. Сондықтан ақынның «Тарих» туындысын «Сабалақ – Абылай хан» поэмасының құрамында қарастырмаймыз, жеке өлең есебінде танимыз.

Абылай хан туралы тарихи жырлар жинағында Олжабай поэмасының соңында Қанжығалы Абыз-Шомақтың мырзалығын суреттейтін жеті шумақ және қорытынды бір шумақ үзінділер ақынның 1995 жылғы «Шығармаларына» енбеген. Абыз-Шомақ туралы үзіндінің қысқаша мазмұны төмендегідей. Хижа ра бойынша 1146

жылы (Григориян жыл санауымен 1734 жыл) шаруа-мүлкі өте ірі Қанжығалы Абыз-Шомақ үш жүздің игі жақсысын жинап оларға зор қошемет көрсетеді. Шет-шеттен келген қонаққа той иесі тоқсан бие сойып кең мырзалық танытады. Үш жүздің баласына Шомақ: «Сый-құрметті ерте алған едім, сый алудың маған тіпті қажеті жоқ, бос қалды деп ойлама, жақсыларым, сол алғаным да маған мәңгілік жетеді», – дейді. Сонда жұрт: «Ол не?» – деп сұрақ қояды.

*Шомақ айтты: Қазақ халқы басын қосқан,
Үш жүз боп жиналысып әрбір тұстан.
Хан сайлапты Абылайды қаулы қылып,
Танысып не маңғаздар жолығысқан.
Сондағы ауыл – Шомақтың ауылы еді,
Қанша мал сойып, бие сауып еді.
Деген атақ – мәңгілік алған сыйым,
Бай бопты деген атақ қалар еді. [4, 142].*

Ал поэманың негізгі идеясын ашып тұрған шығарманың соңғы шумағы төмендегідей:

*Қазаққа кәміл толған ол да бір кез,
Толған нәрсе төгілер деген бар сөз.
Еркін өскен, ерке өскен, ерлік ескен
Бола ма енді бізге де сондай бір кез! [4, 143].*

Көрсетілген шумақтар поэманың құрамында сақталу керек. Сонымен, Олжабай Нұралыұлы жазған «Сабалақ – Абылай хан» поэмасының көлемі 627 жол өлеңді құрайды. Бұл он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған 154 шумақ және жыр үлгісінде келетін Үмбетей толғауынан 11 жол үзінді.

Абайдың шәкірт інісі, ақын Көкбай Жанатайұлының жырлаған «Сабалақ» деген поэмасы сақталған. Көкбайдың «Сабалақ» атты шығармасының жанры туралы да ғылымда бірізді пікір қалыптаспаған. Аталған туындыны да жыр, дастан, поэма деп көрсету үрдіске айналған. Алайда ақын Көкбайдың әйгілі шығармасын біз поэма дегенге қосыламыз. Бұл пікірді белгілі әдебиеттанушы ғалымдар да растайды. Филология ғылымдарының докторы Ш.Елеу-кенов: «Абай поэма саласында атқарылуға тиісті қыруар шаруаға өз басы үлгере алмайтынына көзі жетіп, айналасындағы шәкірттері, заты өзінің ақындық сойынан шыққан Шөкәрім, Көкбай, Өріп, Ақылбай, Мағауияларға осы жанрда қалам тербеуге қосып, әрқайсысына құнды, ойлы шығарма туғызуға мұрындық боларлық әдемі тақырыптар сыйлады» [8, 250], – деп жазады.

1927 жылы қайтыс болған Көкбай ақын «Сабалақ» поэмасын Олжабайдан ерте шығарған. Олжабайдың поэмасы 1928-1930 жылдар аралығында жазылды ма деген пікірдеміз. Қазыбек Нұралин: «1928 жылы басталған «Абылай хан» поэмасы кәмпеске болып, жер ауып Ақтөбе қаласына барғанда аяқталады» [7, 145], – дейді.

Көкбай Жанатайұлының поэмасы алғаш рет баспа бетін 1992 жылы «Абай» журналында жарық көрді [9]. Одан кейін шығарма «Абайдың ақын шәкірттері. Екінші кітап» деген жинақта басылды [10, 100-132]. Екі жолы да поэманы баспаға әзірлеп, оның авторы, жазылу тарихы туралы көлемді мақала дайындаған көрнекті әдебиеттанушы ғалым, абайтанушы Қайым Мұхаметханұлы. 1995 жылы «Білім» баспасынан жарық көрген «Қазақ халық әдебиеті» деген көп томдық серияның «Тарихи жырлар. Абылай хан» атты бірінші томында бұл шығарма «Абылай хан әңгімесі» [4, 63] деп берілді. Кітаптың «Түсініктерінде» аталмыш поэма туралы төмендегідей дерек бар: «Бұрын жарияланбаған. Қолжазба Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Орталық Ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы: 1337 шифр, 7 дәптер, араб әріпінде. Қағазға 1925 ж. түскен. 1940 ж. жинап қорға тапсырған Сәубин Бекташ. Жыр «Жәмиғат қол көтеріп бір дұға қыл, Көкбайдың айтуынша аяғы осы» деген жолдармен аяқталады. Құнанбайұлы Абайдың айтуымен Көкбай ақын осы тақырыпқа кезінде жыр шығарған деген қауесет бар. Осы, оқырман назарына ұсынылып отырған жыр Абайдың шәкірті Көкбай ақынның жыры деген пікірдеміз» [4, 285].

Аталған кітапты құрастырушылар Көкбай поэмасының атын «Абылай хан әңгімесі» деп өзгертіп, 1995 жылға дейін шығарма жарияланбады деп қателеседі. Егер олар туындының шын авторы Көкбай екеніне күдіктенсе, «Абай» энциклопедиясы өзгеше дерек ұсынады: «Көкбайдың өлеңімен жазған «Араб тілінің грамматикасы» еңбегі, «Сабалақ», «Құлынды», «Ғаділ патша», «Арұнрашит» дастандары, Өріп, Кемпірбай, Жүнісхан, Жидебай, Саржандармен айтыс т.б. шығармалары көпке мәлім» [11, 281].

Абайдың талантты шәкірт інілерінің бірі Көкбай Жанатайұлы «Сабалақ» атты поэма жазғаны даусыз ақиқат. Өз сөзін дәлелдеу үшін ғалым Қ.Мұхаметханұлы академик Мұхтар Әуезовке сілтеме жасайды: «Көкбай поэмасы туралы, поэманың құрылысы туралы Мұхтардың пікірі: «Көкбай бұл жайдан ұзақ шығарма жазды. Әңгімелі поэмасының айқын жіктелетін екі бөлімі бар. Мезгілі, мазмұны, кейіпкерлерінің қалыптану айырмасына қарай бұл ұзақ шығар-

маны айқын екі дәуірдің адамдары турасында, екі ұдай бағытта жазылған шығарма деп жіктей аламыз. Сонда поэманың алғашқы бөлімін – Абылайға арналған «Сабалақ» поэмасы деп атауға болады. Екінші бөлімі Абылайдың бір топ нәсілдеріне арналады» [12, 60], – деген.

Көкбай Жанатайұлы «Сабалақ» поэмасын қалай, кімнің тапсырмасы бойынша жазғанын абайтанушы Қ.Мұхаметханұлы тиянақты жазады. «Сабалақ» поэмасының дүниеге келуіне Абай себеп болады. Ғалым Қ.Мұхаметханов шығарманың жазылу тарихына қатысты Көкбайдың Абай туралы өз сөзін мысалға келтіреді: «Бір жылы менің өзіме: «Абылай хан мен Кенесарының қазаққа істеген еңбектерін ұзақ әңгіме қылып айтып беріп, осыны өлең қыл деді» [9, 60].

Көлемі жағынан Көкбайдың туындысы Олжабайдікінен үлкен. Ол 259 шумақтан тұрады. Поэма, негізінен, он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Шумақтар көбінесе төрт тармақтан тұрады. Алайда арасында бес, алты, жеті, сегіз тармақтан құралған шумақтар да кездеседі. Келтірілген деректер келешекте өзгеруі мүмкін. Себебі Көкбай поэмасының да зерттелген, текстологиясы қаралған нұсқасы жоқ. «Сабалақ» поэмасының Көкбай жазған түпнұсқасы сақталмаған. Тегінде Көкбай қолжазбасы кезінде қолдан-қолға ауысып жатталып және көшіріліп жазылып халық арасына кең тарап кеткен. «Сабалақ» дастанының жыршылардың аузынан жазылып алынған бірнеше көшірме-жазба нұсқалары бар. Сол нұсқаларды салыстырып зерттеп, Көкбай жазған түпнұсқаны қалпына келтіру, алдағы уақытта істелетін күрделі жұмыс болмақ» [9, 60]. Яғни, біз қараған «Сабалақты» әлі түпнұсқа деп тануға болмайды.

Қ.Мұхаметханұлы көрсеткендей, Көкбай жазған «Сабалақ» поэмасының көшірмелері болған секілді. Олардың бірі Абай елінен іргесі алыс емес Ерейментаудағы Олжабайдың қолына тиюі әбден мүмкін еді. Қалай болған күнде де, Бөгенбай батыр, Бапан би, Саққұлақ шешендерден қалған өсиет әңгімені құлағына құйып өскен зерек Олжабай ата-бабаларының ерлік істері туралы мағлұматты жақсы білді. Ақын поэмасында Абылай ханның қабырғалы жырауларының бірі – Үмбетейден үзінді келтіргені өзіне дейінгі әдебиетті, ел аузындағы аңыз-әпсаналарды керемет меңгергендігінің бір белгісі.

Көкбай Жанатайұлының шығармасына төрелік айтудан аулақпыз. Дегенмен ақын поэмасының аталуы («Сабалақ») шығарма мазмұнына сай емес. Бұл атауды кейінгі құрастырушылар, немесе

жинаушылар қоюы мүмкін екенін жоққа шығармаймыз. Көлемі 1150 жолдық ұзақ шығармада Сабалақтың басынан өткен уақиғалар ғана баяндалмайды. Онда Абылай ханның Төле би еліндегі жігіт кезеңі, жорыққа аттануы, хан тағына отыруы секілді өз басынан өткен өмір өткелдерімен бірге оның ұрпақтары: Қасым, Кенесары, Наурызбай, Саржан, Есенгелділер туралы да кең жырланады.

Абылай ханның өмір кезеңдері Көкбайдың «Сабалақ» поэмасында былай суреттеледі: Абылайдың тегі, және жетім қалуының себебі; жас баланың Үйсін Төле бидің еліне жетуі; Төле бидің жас балаға Сабалақ деген ат қоюы және оны сынауы; Төле бидің еліне Бөгенбай батырдың келуі және оған Сабалақтың өз қолыңа қос деген өтініш білдіруі; жолда Сабалақ ерлік жасап төрт түйе жүкті олжалауы және оны Бөгенбай батырға сыйға тартуы; Бөгенбай батырдың Сабалаққа Нарқызыл тұлпарын мінгізіп бата беруі; келесі жылғы қазақ-қалмақ шайқасында қалмақ батырына қарсы ешкім батпағанда Сабалақтың шығуы; Бөгенбай батырдың қатты сасуы; Сабалақ Әбілмәмбет ханнан бата алып, «Абылайлап» шабуы; Сабалақтың қалмақ батырымен жекпе-жекте жеңіске жетуі; қазақ қолының қалмақты қырғынға ұшыратуы; Әбілмәмбет хан Сабалақтан «Абылайлап» шапқанының мәнін сұрауы және Сабалақтың өз тегін білдіруі; Әбілмәнсұр хандық төжін Сабалаққа кигізуі; Абылай ханның Шақшақ Жәнібектен бата алуы; Шақшақ Жәнібектің үш түрлі ақыл айтуы (өткенге өкінбеу, еңбек қылып елді билеу, жұртты ала қылмай әділетті болу); Абылайдың салтанатты хандық құруы; Абылайдың Үйсін елінде сырқаттанып төсек тартып қалуы; Бұқар жыраудың ханмен қоштасуы; Абылайдың дүниеден озуы және оның тағына баласы Ғұбайдолланың отыруы.

Келтірілген уақиғалар тізбегі поэманың алғашқы 106 шумағында баяндалады. Шығарманың қалған бөліміне Абылай хан ұрпақтарының ерлік істері арқау болады. Қ.Мұхаметханұлы Көкбайдың «Сабалақ» поэмасының құрылысы, мазмұндық сипатын жаза келе, Мұхтар Әуезовтің пікірін тілге тиек етеді.

Олжабай ақын өз поэмасында Абылай ханның өмір өткелдерін ғана суреттейді. Оның жырлаған «Сабалақ – Абылай ханның» сюжетінде негізгі уақиғалар тізбегі төмендегідей: Абылайдың асыл тегін Шыңғыс ханнан таратуы; жетім қалған Әбілмансұрдың Түркістаннан Төле бидің еліне жетуі; Төле бидің Сабалақты сынауы; Төле бидің еліне Бөгенбай батырдың келуі; Сабалақтың Бөгенбай қолына қосылып, шайқаста ерлік көрсетуі; Бөгенбай батырдың Нарқызыл атын Сабалаққа мінгізіп бата беруі; келесі жылы

шайқаста Сабалақтың қалмақ батырларын жекпе-жекте жеңуі; Талқы-Құлжа маңындағы айқаста Сабалақтың «Абылайлап» қамал бұзуы; Абылай өзінің шын ата тегін айтуы; Баянауладағы Сабындыкөлде Абылайдың үш жүзге хан сайлануы; үш жүздің басын қосқан жиын Қанжығалы Абыз-Шомақ ауылында өтуі.

Біздің пікірімізше, Олжабай ақын Абылай хан туралы ел ішіне тараған аңыз өңгімелерді және жыраулар мұрасын жақсы білген. Ғылымда Абылай ханның замандасы, XVIII ғасырда жасаған әйгілі жырау Үмбетейдің «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» деп аталатын толғауы белгілі. Үмбетей жырау осы толғауында Бөгенбайдың өлгенін айтпас бұрын, алдымен Абылайдың өмірбаянын жырлайды. Сонда жырау:

*Жас күніңде, Абылай...
Үргеніштен мұнда кеп,
Сарыарқаны жерім деп,
Қалың қазақ елім деп,
Келмеп пе едің жаяулай.
Төле биді тапқанда,
Күндіз тұйе баққанда,
Жалғызбын деп шошымай,
Еш малшыға қосылмай,
Қара жерге отырмай,
Күніңді салып астыңа,
Жең жастанып басыңа,
Қол-аяғың төрт жақта
Жатушы едің сол шақта.*

Ұмыттың ба соны, Абылай! [13, 76-77], –

деп жырлайды. Осы үзіндіде көрсетілген Абылай ханның белгі, қасиеттерін О.Нұралыұлы өз поэмасында суреттейді. «Сабалақ – Абылай хандағы»:

*Жөнелді бетін түзеп Балқаш жаққа,
Ұлы жүз – Үйсін деген бір халыққа.
Бірнеше ай арып, талып елсіз жермен
Жетіпті қалың ауыл көп қазаққа* [2, 232], –

деген жерден Абылайдың Төле би еліне босып келгенін түсінеміз. Ал жетім баланың тегін адам емес екендігін Олжабай ақын былай сипаттайды:

*Бәйбішесі биге айтты: Байқайсыз ба?
Тегін адам емес қой осы бала.*

*Бір күн ояу отырса, жантаймайды,
Қалғымас екі көзі жайнап жана.
Шаңырқап ыстық күні малдан келсе,
Аяқты тауыспайды аз-көп берсе.
Астына нәрсе салмай отырмайды,
Қыдырмайды еш жаққа үйде жүрсе [2, 232].*

Түні бойы ояу отырып, жантаймау – төзімділіктің белгісі болса, берген асты түбіне дейін ішпеу, астына нәрсе салмай тақыр жерге отырмау – жас жігіттің бойындағы тектілікті көрсетеді. Ел ішінде таралған аңыз өңгімелердің негізінде жазылған О.Нұралыұлының «Сабалақ – Абылай хан» поэмасында жоғарыда көрсетілген Үмбетей жыраудың толғауымен мазмұндас келетін тұстар бар. Көкбай Жанатайұлының нұсқасында Сабалақтың осынау белгі, қасиеттері жазылмаған. Ал Сабалақтың екі қолы мен екі аяғын төрт тарапқа созып ұйықтайтыны туралы Үмбетей жырауда кездесетін мәлімет Көкбайда да, Олжабайда да айтылады.

Абылай ханның өмір тарихын баян ететін Көкбай мен Олжабай ақындардың поэмалары – ел арасына кең тараған аңыз өңгімелердің желісімен жазылған көркем туындылар. Жазба әдебиетте эпикалық туындылардың аңызға сүйеніп жазылуы қалыптасқан дәстүр. Бұл мәселе арнайы зерттеулерде де қарастырылды [14]. «Аңыз – қазақ фольклорлық прозасының жанры, елдің, тайпа, рудың шыққан тегі, кешкен жолы хақындағы немесе тарихта болған әйгілі адамдар – хан, батырлар, би, шешендер жайындағы, сондай-ақ нақтылы бір жер-су сол жерде өткен уақиғалар турасындағы тарихи шындыққа негізделген, халықтың тарихи жадында сақталған, әйтсе де уақыт өте көркемдік сипат алған өңгіме» [15, 30].

Аңызда тарихтың көрінісі ғана сақталады. Егер ертегіде оқиға ойдан шығарылса, оған формасы жағынан жақын аңызда белгілі бір мөлшерде тарихи шындық бар. Аңызды тарихтың көшірмесі деп қарай алмаймыз. Ал аңыздың негізінде жазылған көркем шығармада сол тарихи шындық қаламгердің көздеген идеялық мақсатына орай бұрмалануы мүмкін. Көрнекті ақын Мағжан Жұмабайұлы өзінің «Батыр Баян» поэмасында шығарманың бас кейіпкерлері Баян мен Ноянды бір туған етіп көрсетеді. Ғалым Шоқан Уәлихановтың жазбаларында Баян батырдың тағдыры жазылса да, оларда Ноян туралы айтылмайды [16, 217-218].

Жоғарыда сөз етілген Көкбай мен Олжабай ақындардың Абылай хан туралы поэмалары тарихи аңыздардың желісімен жазылған. «Аңыздар шартты түрде, тақырыптық сипатына қарай,

тарихи және топонимикалық аңыздар деп жіктеледі» [15, 30]. Көкбай мен Олжабай шығармаларында тарихи шындық қаншалықты сақталған? Жалпы Абылай хан туралы ел ішіне кең тараған жырлар мен поэмалардың тарихилылығы жайында не айтуға болады? «Адамзаттың тарихы – тап тартысының тарихы» (Ж.Маркс) деген көзқарас қоғамда үстемдік еткен заманда Абылай ханның бейнесіне және оның дәуіріне біржақты баға берілді. Кеңес өкіметінің іргесі сөгіліп шаңырағы құлай бастаған кезеңнен бері тарихтағы ұлы бабамыздың тұлғасы жылдар өте даралана түсуде. Бұрмаланған тарихи шындықты түзетіп, қоғам көзқарасын өзгертуге әдебиеттанушы ғалымдар едәуір үлес қосты. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 1993 жылы «Жазушы» баспасынан «Абылай хан. Тарихи жырлар. Бірінші том» [17] деген кітап шығарды. 1995 жылы осы ғылыми мекеме ғалымдары «Білім» баспасынан «Қазақ халық әдебиеті» сериясымен «Тарихи жырлар. Бірінші том. Абылай хан» [4] деген кітапты жариялағанын атадық. Академиялық жинақтарда ұлы хан туралы жазылған ғалымдар мақалалары, ел арасындағы аңыз әңгімелер, халық ақындарының жыр, дастан, поэмалары жарық көрді. Көрсетілген кітаптарға Көкбай мен Олжабай шығармалары да енді.

Ұлттық рухты асқақтататын тақырыпқа қалам сілтеген Көкбай Жанатайұлы және Олжабай Нұралыұлы поэмаларында қазақ тарихындағы батырлық, қаһармандық дәуірді жырлады. Көркемдік қуаты биік шығармаларда тарихи шындық мейлінше сақталды. Себебі О.Нұралыұлы кезеңінің ақындары тарихты кейінгіге көркем сөзбен жеткізуді мақсат тұтты. Олардың көбі өзін әдебиет жасап жатырмын деп есептемеді, тарихты жеткізуге қолғабыс тигізіп жатырмыз деп ойлады.

«Сабалақ – Абылай хан» поэмасын Олжабай Нұралыұлы туған жерінен жырақта айдауда жүргенде, қазақ халқының өткен өмірін жаппай мансұқтап, тарихта өткен хандарымыз бен батырларымызды «халық жауы» ретінде көрсеткен заманда жазды. Бұл шығармада автор қазақтың өткен өміріне көз жүгіртіп, тарихи тұлғаларға объективті әділ бағасын берді. Шығармада Олжабай ақын Абылай хан тұлғасына деген өзінің үлкен ілтипатын білдірді және сол арқылы оның заманына деген сағынышын байқатты.

Пайдалаған әдебиеттер тізімі

1. Нұралин Қ. «Жырлаймын алты алаштың Абылайын...» Тағы да Олжабай ақын туралы // Сарыарқа, № 2, 1992.
2. Нұралыұлы О. Шығармалары. – Алматы: Шартарап, 1995. – 232 б.
3. Хрестоматия (Омбы өңірі қазақтарының XVIII-XX ғасырлардағы әдеби шығармашылығы). – Алматы: Ғылым, 2001. – 172 б.
4. Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
5. Нұралыұлы Олжабай. Сабалақ – Абылай хан // Жұлдыз, №7, 1992.
6. Олжабай Нұралыұлының шығармалары. ҰҒА ОҒК: 1618-бума, 2-дәптер, 133-б.
7. Нұралыұлы Олжабай. Сабалақ – Абылай хан // Жұлдыз, №7, 1992.
8. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 1997. – 368 б.
9. Көкбай. «Сабалақ» Абылай хан туралы дастан // Абай, 1992, № 3-4.
10. Абайдың ақын шәкірттері. Екінші кітап. Қ.Мұхамедханұлы. – Алматы: РГЖИ «Дәуір», 1994. – 336 б.
11. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. Бас редактор Р.Н.Нұрғалиев. «Атамұра» баспасы, 1995.–720б.
12. Көкбай. «Сабалақ» Абылай хан туралы дастан // Абай, 1992, № 3.
13. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. Құрастырғандар: М.Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
14. Алпысбаев Қ. Поэма және сюжет: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 124 б.
15. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құрастырушылар: З.Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
16. Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық, 2, 3-т. – Алматы: Білім, 1996. – 512 б.
17. Абылай хан. Тарихи жырлар. Құрастырған С.Дәуіт. – Алматы: Жазушы, 1993. – 416 б.

КАБУЛЬДИНОВ З. Е.,

*директор НИЦ ГИ «Евразия» Евразийского национального
университета им. Л.Н. Гумилева, д.и.н.*

БЕЙСЕМБАЕВА А. Р.,

*студентка 4 курса Павлодарского государственного
университета им. С. Торайгырова*

ВОЕННОЕ ИСКУССТВО И БОЕВЫЕ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ

Издrevле жители Великой степи славились как отменные воины. Высокие боевые качества казахи унаследовали у своих предков – кыпчаков, тюрков, гуннов и саков. Необходимость отстоять свои земли, народ и скот от набегов иноземных захватчиков предопределило их военный образ жизни.

В казахском обществе практически не было профессиональной и регулярной армии. Но существовало всенародное ополчение, которое собиралось в случае необходимости организации отпора внешней агрессии. Отряды ополчения формировались по родоплеменному принципу. Правда, султаны и ханы имели свои небольшие вооруженные подразделения, состоящие преимущественно из толенгутов.

Каждый взрослый мужчина был обязан быть воином. Об этом хорошо написал Я. Гавердовский, побывавший в Казахстане в начале XIX века: «Ремесло военное признается киргизцами (казахами-авт.) благородным, а от сего и весь вообще народ оным занимается. Кто в силах управлять оружием, всегда должен носить при себе меч или, по крайней мере, нож, и по первом позыве родоначальников являться к ополчению»[1].

За очень короткое время степняки могли выставить многочисленную и вполне боеспособную армию.

Отряды отдельных родовых подразделений прибывали к месту общего сбора войска и присоединялись к более крупным воинским подразделениям. Выбирались хранители боевых знамен и военнo-начальники. Об этом исследователь А. Гейнс написал следующее: «Если в военном предприятии участвовало несколько родов, то избиралось четыре верховных полководца, из коих двое хранили главное знамя собравшейся на войну орды, а остальные управляли советом». Командовали большими отрядами прославленные батыры. Верховным главнокомандующим общенародных ополчений

был, как правило, хан. Так, в 1710 году во главе общеказахской армии был избран правитель Младшего жуза Абулхаир. Об этом хорошо написал Крафт И.: «Главным предводителем всех сил, собранных для борьбы за родину, борьбы отчаянной не на живот, а на смерть, был избран хан Абулхаир. Преисполненные единодушным желанием возратить свою родину, занятую чужеземцами, киргизы с редким мужеством бросились на своих врагов-зюнгоров и скоро разбили их в разных местах и заняли свои прежние кочевья» [2].

В дальних походах каждый воин имел по два и более боевых коней. Одного коня он готовил к сражению, а на других ехал сам или вез продукты питания и часть своего вооружения.

Каждый отряд имел свой боевой клич – уран, который, как правило, было именем какого-нибудь дальнего предка или уважаемого сородича. Ханы и султаны имели свой, особый уран, отличающийся рядовых воинов. А общеказахским ураном было слово «алаш», означавший имя мифического прародителя всех казахов и ряда тюркоязычных народов. Ураны вдохновляли и вселяли уверенность и боевой дух воинам.

Каждое воинское подразделение имело свое знамя. Вот как о знаменосцах пишет Левшин А.И.: «Хранителем главного знамени в походах избирался один из почтеннейших султанов или старшин, который после военного начальника, был первым лицом» [3].

Во время сражений на руки завязывали куски материи цвета родового знамени.

В целом военное ополчение отличались высоким боевым духом. Находясь рядом со своими близкими родственниками, они не помышляли о самовольном оставлении поля боя. Предатели и трусы открыто презирались степняками.

Казахские степи нередко подвергались нападениям внешних врагов. Особо отличившихся в сражениях предводителей военных дружин, а также рядовых воинов казахи называли *«батырами»*: «Во время вооруженных столкновений, кроме султанов на первое место выдвигались еще так называемые «батыры», т.е. наиболее храбрые и осведомленные в военном деле люди. Все важные дела решались обыкновенно при участии «почетных» (т.е. влиятельных) людей, а иногда созывался и сход всего народа» [4].

Позднее ими стали называться люди, отличившиеся в межродовой борьбе, в барымте, в восстаниях против царской администрации и среднеазиатских ханств [5].

Звание батыр приобреталось только личными подвигами. Его

нельзя было получить по наследству. Почетное звание батыра могли получить и простолюдины, и бии, и султаны, и ханы. В XVIII – XIX веках звание батыров имели такие казахские ханы как *Тауке, Каип, Абулхаир, Абылай и Кенесары*. Об одной из самых знаменитых ханов-батыров восторженно писал Ш.Уалиханулы: «1723 год особенно памятен киргизам своим роковым характером и сохранился в народной памяти. ...В это-то ужасное и кровавое время обращает на себя всеобщее внимание султан Аблай. Участвуя во всех набеггах, сначала как рядовой воин, он показывает подвиги необыкновенной храбрости и хитрости...Абылай действительно перенес много испытаний и борьбы, пока значение его не возросло до того, что киргизы считали его воплотившимся духом (арвах), ниспосланным для совершения великих дел. Он два раза был в плену: раз у дикокаменных киргиз (бурутов), а другой- у Галдан Церена...» [6].

В XVIII веке в казахском обществе появилась целая плеяда любимых народом батыров. Это было связано, в первую очередь, с борьбой казахского народа против джунгарской агрессии. Это были батыры *Богенбай, Кабанбай, Малайсары, Есет, Тайлак, Жанибек, Отеген, Олжабай, Байымбет, Байболат* и многие другие. В XIX веке в период национально-освободительных движений казахов против экспансии Российской империи и среднеазиатских ханств остались в памяти народа такие батыры как *Наурызбай, Агыбай, Бухарбай, Иман, Жоламан, Есет, Суранши* и другие. Родители старались давать их имена своим сыновьям. Наиболее отличившиеся батыры удастаивались право захоронения в священном городе Туркестане, в мавзолее Ходжа Ахмета Яссауи. К примеру, к таковому относился известный казахский батыр и сардар Байымбет Тобетулы.

Иметь оружие считалось среди кочевников весьма престижным и почетным. К примеру, безоружных казахов не допускали на курлтай. Их лишали права голоса, что считалось высшей степенью позора. По мнению известного казахского исследователя Кошке Кеменгера «юноша, имея оружие, не уступал места безоружному сородичу старшему по возрасту». В условиях степей, где нередко приходилось отстаивать каждую пядь родной земли, только тот был достоин уважения, кто имел оружие и умел ловко обращаться с ним.

Вооружение у казахов делилось на оружия дальнего и ближнего боя, а также воинское снаряжение (доспехи). Самым распространенным оружием дальнего боя являлся лук со стрелами (садак). Для устойчивости в полете к стрелам прикрепляли птичьи перья.

Для хранения и ношения стрел воины-кочевники пользовались колчанами (қорамсақ, қылшан): «При отправлении на войну каждый всадник не более имеют с собою 20 стрел, почему всякий старается сберегать оные, напрягая все искусство, чтобы пущенная стрела не напрасно была потеряна... Чтобы при необходимых случаях в мгновение известить о чем-нибудь другие партии, имеют к тому различные сигналы, или, так называемые, маяки: днем дают знать чрез повороты и кружение на коне, то вправо, то влево, а ночью – зажженными огнями и сверкающими от огнив искрами» [1, с.433-436].

Из оружия ближнего боя казахскими воинами использовались три его вида: прямой меч – «*семсер*», кривая сабля – «*қылыш*» и казахская шашка – «*сапы*». Их хранили и располагали в ножнах – «*қылышбау*». Последние изготавливались из дерева, обтягивались кожей, бархатом, украшались серебрянными и золотыми украшениями. А кинжал и нож служили для всадника вспомогательным оружием в бою.

Также у воинов имелись два вида колющего оружия: «*найза*» – копьё с широким наконечником и «*суңгі*» – длинная пика с тонким граненым наконечником, предназначенная для поражения противника в доспехах. На копьё и пику воины прикрепляли разного рода опознавательные военные значки: бунчук, знамя или флажки. Знамя было общевойсковым знаком, бунчук – атрибутом военачальника, разноцветные флажки служили опознавательными знаками родовых военных отрядов.

Казахи имели огнестрельное оружие, которое приобретали в Персии, в государствах Средней Азии. Оружие шло и из Российской империи. Но последняя на законодательном уровне запретила степнякам продавать огнестрельное оружие и порох. Небольшое количество фитильных ружей казахские мастера изготавливала и сами, также как и могли производить порох и пули.

Степянки были вооружены и боевым топором («*балта*») средней ширины. Рубящие и режущие удары наносились и секирой («*ай-балта*») с лунообразным и широким лезвием. В качестве ударного оружия служила палица («*шоқпар*»), изготовленная из цельного куска дерева.

Но со второй половины XIX века, постепенно ушли в прошлое такие виды оружия как лук, пика, копьё, дубина меч и секира. Казахи стали больше пользоваться огнестрельным оружием.

Почти все казахское войско было конным. Перед выступлением в

дальний поход сардары собирали военный совет, где обсуждали вопросы предстоящего сражения. Впереди всегда отправлялся отряд, разделенный на маленькие группы, которые выполняли функцию дозора. Помимо военно-разведывательной задачи они выполняли и хозяйственную функцию: занимались поиском и распределением пастбищных угодий и водных источников.

Доминирующим тактическим приемом степняков на войне был принцип внезапного и стремительного нападения. При приближении противника воины ускоренно передвигались по местности и занимали удобные позиции. При обнаружении врага передовой отряд, либо атаковал неприятеля, либо уходил назад, заманивая противника в ловушку.

Сражения начинались обычно утром. Как правило, битву начинал поединок батыров из противоборствующих сторон. Из рядов войска выходили наиболее опытные воины и вызывали врага на поединок с криком «*Жекпе-жек!*». У поверженного забирали коня и оружие. Чаще на поединок выходили молодые и отважные воины. Они получали *бата* (благословение) известных батыров. Этим юных смельчаков и называли *алгадаями*. Молодой воин никогда не знал наверняка, останется ли он в живых или погибнет. Главной задачей алгадая было стремление если не уничтожить врага, то, по крайней мере, вымотать, лишить его сил. Согласно традиции, заупокойную молитву (*жаназа*) по алгадаю читали еще при его жизни.

Это был своеобразный ритуал, прославляющий силу и могущество воинов и служивший поднятию боевого духа войска. Если в поединке батыры теряли коней, то продолжались сражаться в пешем порядке. Иногда, если вышедший на единоборство батыр проигрывал схватку, то ополчение могло не принимать бой.

После единоборства ополченцы постепенно вводили в сражения крупные боевые единицы. Первым шел авангард, который расстреливал противника из луков, потом действовали копьеносцы, а следом за ними отряд сабельщиков и воины с палицами и дубинами. Если при первой атаке была неудача, они быстро рассеивались, но вскоре перестраивались для новой атаки. Нападали с разных сторон, с целью дезориентировать противника и вызвать у него панику. Другим приемом было завлечение противника в тыл притворным бегством в заранее приготовленную засаду. Хорошо была налажена разведка и связь. К примеру, по данным А.Левшина для оповещения соседствующих родов о набегах врага «*вместо телеграфов зажигают огни*».

Боевая подготовка у степняков начиналась с раннего детства. С трех-четырех лет мальчика сажали на коня и с тех пор через игры, конные скачки, охоту его готовили к военному делу. Так как огромную роль в жизни казаха играла лошадь, то хорошая верховая езда была основой воинской подготовки. С детства казахи участвовали в скачках на различные дистанции (*байге*). Серьезное влияние на подготовку воинов оказывала и игра *көкпар*. Кочевники практиковали и конную борьбу *аударыспақ*. Важнейшей частью боевой подготовки степного воина являлась стрельба из лука. Причем обучали стрелять метко не просто сидя в седле, но и на полном скаку и в разные стороны. Все это постигалось ежедневными тренировками, а также посредством различных игр (*жамбы ату* и т.д.).

Длительная и регулярная езда на лошади вырабатывала выносливость, ловкость и физическую силу.

Жители степи от природы обладали и отменным зрением и поэтому славились как меткие стрелки – *мергены*. Одним точным выстрелом они могли из лука или ружья попасть в глаз сайгаку или в подвешенную монету.

Большую роль в подготовке к предстоящим сражениям отводилось национальной борьбе – *қазақша күрес*, которым также занимались с раннего детства.

Охота играла немаловажную роль в боевой подготовке воина, которая играла роль военной тренировки.

В целом, навыки пешей и конной борьбы, конных игр, охоты очень хорошо помогали в военном деле. Поэтому казахи отличались как отменные воины.

Степняки обладали такими важными воинскими качествами как выносливость и терпение, храбрость и отвагу.

Высочайшие боевые качества коренных жителей степи отмечали большинство российских и зарубежных исследователей. К примеру, Ф.М. Лазаревский, прекрасный знаток быта Младшего жуза, в середине XIX века восторженно писал: «*Киргизы храбры и отважны более, нежели другие соседственные с ним и кочующие народы*». Это же отмечал известный русский литератор Бурнашев В.С.: «*Отважность блестит в их небольших черных глазах, крепость тела показывает силу, которой они одарены от привычки*».

Не уступали в воинственности и женская половина степи, о котором в то же время писал другой представитель России Ф. Назаров: «*Жены их, будучи также хорошими наездницами, сражаются воору-*

женные кольями и бердышами и едва ли не превосходят в лютости мужчин».

А вот известный английский ученый нового времени Д. Флэтчер, независимой оценке которого мир может доверять, также восхищался мужеством степняков: *«Смерть до того презирают, что охотнее соглашаются умереть, нежели уступить неприятелю, и будучи разбиты, грызут оружие, если уже не могут сражаться или помочь себе!».*

Высочайшие боевые качества степняков позволили им защитить и передать своим потомкам огромные пространства земель, вмещающую сегодня почти территории пяти современных Франции.

Список использованной литературы

1. Гавердовский Я.П. Обзорение Киргиз-кайсацкой степи (часть 2-ая), или описание страны и народа киргиз-кайсакского // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков.-Алматы, 2006.- Т.VII. С. 433- 436.

2. Крафт И. Принятие киргизами русского подданства // Известия Оренбургского отдела Императорского русского географического общества.- Оренбург, 1897.-Вып.12. С.18-19.

3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей.- Алматы: Санат, 1996. С. 312-313.

4. Коншин Н. От Павлодара до Каркаралинска.- Павлодар, 2005. С.102-107.

5. Рычков И.И. История Оренбургская (1730-1750).- Оренбург, 1896.- С.3.

6. Валиханов Ч.Ч. Аблай // Собрание сочинений в пяти томах.- Алма-Ата, 1934.- Т.3. С. 426-427.

КҮЗЕМБАЙҰЛЫ А.,

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының
профессоры, тарих ғылымдарының докторы*

ӘБІЛ Е.,

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының
профессоры, тарих ғылымдарының докторы*

ӘЛІБЕК Т.,

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты*

СІБІРДЕГІ КЕРЕЙЛЕР МЕМЛЕКЕТІ

Бүгінде қазақ халқының құрамындағы қалың ел керей жұрты деректерге қарағанда Сібір жеріне XIII ғасырдың алғашқы ширегінде сонау Мұңғұлия жерінен қоныс аударған сияқты. Көптеген авторлар Сібір керейлерін Ван ханның ұрпағы ретінде көрсетеді. Ібір-Сібір ұлысының негізін қалаған Тайбұға екендігіне дәлел жетерлік.

Сібір жылнамашыларының қолына түскен аңызға сәйкес Бұхарды тізе бүктірген Шыңғысхан Есілді билеген Он ханның ұлы (Ван хан авт.) Ертісті тас талқанын шығарған. «Қаза болған хан ұлы, өзге мәлімет бойынша немересі Тайбұға құлы әрі қызметшісі болған Мұрат бидің шын берілгендігінің арқасында ажалдан аман қалады. Тайбұғаның тірі қалғандығын естіген Шыңғысхан оны чудь тайпаларымен (угорлық тайпалар авт.) шайқасуға жібереді. Тайбұға аталмыш шайқаста ерлік көрсетіп, даңққа бөленеді. Көрсеткен ерлігінің марапаты ретінде Шыңғыс оған жанына еркіндік сыйлайды; сөйтіп Тайбұға Яшыл Тұра деп аталған қаланы тұрғызады [1].

Г. Миллер Тайбұға туралы былай дейді; «Есілді билеген ноғай ханы Он ханды өзінің қол астындағы Чингиді (Шыңғыс хан -авт.) тақтан тайдыртады. Оның ұлы Тайбұғаны Чинги өзіне шақыртып, әскер қолын бөліп беріп, Об бойындағы тайпаларға қарсы қояды. Өткізген сәтті әскери іс-қимылдардан кейін Тайбұға Шыңғыстан «жеке сарай ұстауға» рұқсат алып, Тұра қаласын орталық жасап, жеке ұлыс құрады»[2].

Ремезовтің жылнамасында аңыз келесі түрде өрбиді. «Есіл бойын басында Он Сом хан басқарса, содан соң таққа Түмен ханы атанған, Шыңғыстан ойсыра жеңілген баласы Ертіс отырады» [3]. Г. Миллер еңбегінде келтірілген үшінші аңызға сәйкес Тайбұға Мамықтың

ұлы Қазақ Ордасының (қазақ авт.) ханзадасы ретінде айтылады. Аталмыш хандықтар Бұхарды жаулап алғаннан кейін Шыңғысханның қол астына өтіп, сосын Ертіс, Есіл, Тобыл мен Тұра бойын сұрап алған жерлер деседі [4]. Сафарғалиевтың болжамы бойынша Сібір жылнамаларында Тоқтамысты Он хан, ал Шыңғысты Едіге ретінде («қарапайым адам» болмаса да, патшалық тұқымға жатпаған) көрсетеді [5].

Жоғарыда аталған аңыздарды қорытындылай келе авторлар монғол шапқыншылығына дейін Батыс Сібірде тәуелсіз мемлекет болғандығын, оның билеуші әулетінің соңғы өкілі Он хан деген пікір айтты [6].

Сонымен қатар жазба деректерде монғолдардың Батыс Сібірде әскери акция өткізгендігі туралы еш ақпарат жоқ. Ол аталмыш жерде үлкен мемлекеттік бірлестіктің болмағандығын байқатады. Бірақ монғолдардың қыпшақтармен соғысқаны белгілі. Осылайша 1221 жылы Жошы Сырдария маңайындағы барлық қалаларды жаулап алған соң Торғай, Ырғыз аңғарына, бет алады. Қыпшақтармен соғыс 1223 жылға дейін жалғасады. 30 мыңдық корпуспен Сүбедей, Көкетай бастап моңғолдар қыпшақтармен 1229 жыл тағы кездеседі.

«Шыңғыснаманың» жарияланбаған үзіндісін арқау еткен түркітанушы А.З. Валиди Алан гоа ұлдарының біреуінен бастау алған бөржіген руымен Тайбұға шыққан монғол руы салджиут қатарлас етіп қояды [7]. Аталмыш нұсқаны зерттеуші Д.Исхаков та ұсынады. Ол Тайбұғаның өмір сүрген кезеңін XV ғасырдың алғашқы жартысы деп көрсете отырып, оны Шах Мұрадтың ұлы деп санайды. Бұл пікірге авторлар жаңадан табылған жазба деректер негізінде келгендігін айтады.. [8].

Сібір аңыздарындағы Он ханның прототипі Ван хан екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Олардың сюжеттік бағыты тарихи дәйектерге сай келеді. Атап айтсақ Шыңғыс ханның вассалдық тәуелді, өзінің сюзерені Он ханға қарсы келуі, кіші ұлының қашуы, бұрынғы хан баласының жаңа билеушіге тізе бүгуі. Айта кететін тағы бір жайт Ван хан есімінің монғолдық нұсқасы «Он хан» сібірлік тарихи аңыз-әңгімесіндегі Он хан кейіпкеріне қатты ұқсас. Сол себепті сібір ауызша тарихи дәстүрі бойынша Ібір-Сібір ұлысының іргесін қалаған Тайбұғаны Ван ханның ұрпағы деп сеніммен айта аламыз.

Монғол империясының әкімшілік құрылымы ұлыстық жүйеден тұрған. Сол себепті орталығы Түмен қаласы Батыс Сібір де сондай ұлыстардың бірі. Империяның басқа аймақтары секілді тұрғын-

дар салық төлеуге міндетті болды. Аталмыш ұлыс Ібір-Сібір немесе Түмен («он мыңдық корпус») атанған.

Сеидақ Ибрагим хан тарихта Ибақ хан ретінде көбірек белгілі тұлғаның басқарумен түпкілікті бекінген Сібір хандығында билеуші топ тізгінін Ван хан ұрпақтары - Тайбұға өулетінің өкілдері қолына алады. Сібірдегі қазақ рулары керей, найман, қыпшақ, қоңырат, шаттың және отырықшы түрік, дәлірек айтқанда, тұралы, бараба руларының арқа сүйеуімен тайбұғалықтар ханты мен манси тайпаларын қол астына бағындырады. Ибақ бас кезінде Алтын Орданың бұрынғы даңқын қайта жаңғыртам деп барынша намысқа тырысып, манғыттармен одақ жасасып, біруақ «ноғай патшасы» атанса да, хан империялық амбициясының 1481 жылы Еділ бойындағы Ахмет хан тас-талқанын шығарып, оның отырған ордасын жаулап алуымен тынады.

Сібірдегі билігін нығайтпақ ойымен Ибақ тайбұға өулетінің үлкені Ұмар бидің қызына үйленді. Дегенмен билік әлсіз болып қала береді. 1495 жылы тайбұғалықтар көтеріліске шығып, ақырында Ибақты өлтіреді [9]. Оның ұлы Мамық Чимги Тұра маңайындағы елді мекендерді ғана қолында ұстап қала алды. Ал Сібірдің басқа аймақтары оған бағынудан бас тартты. Тайбұға-лықтардың басшысы Мұхаммед билеуші атанып, орданы Тобыл аңғарындағы Қашлық қаласына көшіреді. Онан кейін билік немере ағасы Ағыс, содан соң ұлы Қазының қолына көшеді. XVI ғасырдың 50 жылдары Сібір хандығының билігін Қазының ұлдары Жәдігер мен Бекболат өз қолдарына алады.

Шайбанидтер Сібірде ұзақ тұрақтай алмайды. Мамық Қазанды жаулап алмақ ойда болады, бірақ өкінішке қарай ол ойы іске аспайды. Ағасы Құлық сұлтан Чимги Тұраны XVI ғасырдың бас кезінде тайбұғалықтарға беруге мәжбүр болды.

Шыңғыс тұқымының бір легі оңтүстікке бет алса, екінші легі маңғыт пен сібір иеліктерімен шекаралас Тобыл аңғарына бет түзейді. XVI ғасырдың ортасында қарымын қайтармақшы болған Ибақ ханның жиені Мұртаза-ының иелігі дәл осы жерде еді.

1563 жылы шайбанид Көшім Қашылықты жаулап алып, тайбұға бектері Жәдігер мен Бекболатты өлтіріп, өзін Сібір ханы ретінде жариялайды. Ғылымда шайбанидтерге негізгі көмек көрсеткен Бұқар хандығы мен маңғыт деген пікір қалыптасқан. Ескеретін бір жайт, дәл сол кезеңде маңғыттар тайбұғалықтарға жрық жасу жоспарының болмағандығы белгілі. Исмаил би мен тайбұғалықтардың көсемі Жәдігер Мәскеудің одақтастары болған.

Бұқар хандығы шайбанидтерге өрқашан қолдау білдірген. Алайда, оның географиялық алшақ орналасуы оларға дер кезінде көмек беру мүмкіншілігінен айырды. Өрі Бұқар мен Сібір арасында орналасқан Қазақ хандығы сол уақытта өрлеу шыңында еді. Сібірді жаулап алу барысында Хақ Назардың көмегісіз Көшім өз ойлағанын сәтті жүзеге асыра алмас еді. Көптеген зерттеушілердің пікірінше Көшім қазақ сұлтаны, А. Левшин Көшім ханның жанындағы жақтастарының қазақтан шыққандығын айтады. [10].

XVI ғасырдың 80-ші жылдары қазақ сұлтандары Сығайдың хандық құрған уқытында Бұқар хандығына тәуелді болғандығы белгілі. Тіпті сол заманда қазақтарды «бұқарлықтар» деп те жиі атаған. Сондықтан XIX ғасырға дейін қазақ қоныс тепкен Оралдың сол жағалауын «бұқарлық жақ» деген түсінік қалыптасқан. Қазақтың сібірлік шайбанидтерді қолдағанына олардың құдандал болғандығы дәлел. Сібір аңыздарында 1580 жылы Шығай ханның бір қызына Ахмет Керей үйленсе, оның екінші қызы Лелипак Қанышты Көшім хан алады [11].

Сібір аңыздары бойынша Көшім ғана емес оның үлкен ұлы Ахмет Керейді де Сібір ханы деп атаған. Бір нұсқаларда Ахмет Керей Көшімнің ісін жалғастырушы, ол 1573 жылы қайтыс болғаннан кейін таққа ағасы отырады. Басқа нұсқаларда хан Көшім 1572 жылы билік тізгінін өз еркімен ұлы Ахмет Керейге береді, бірақ ол 4 жылдай ғана билеп, өзінің қайын атасы Шығай қолынан қаза табады. Сөйтіп билікке Көшім қайта оралады [12].

Ахмет Керей шынымен де хан болуы мүмкін. Алайда Сібірдің тағында емес, деректерде шайбанидтерге тәуелді аумақтың бірінде билік етуі айтылады. Сібір хандығы Тобыл өзенімен Жайықтың жоғарғы ағысы арасындағы территорияны қамтыған. Ахмет Керей және Көшім Бұхар және қазақ сұлтандармен тығыз байланыста болған.

Ахмет Керей есіміне байланысты ескерте кететініміз, есімнің екінші бөлігі «керей» трибонимімен сай келуі бекерден бекер емес. Ресейлік шығыстанушы В.В. Бартольд Қырым сұлтаны Қажы Керейдің екінші есімі жоғарыда келтірілген әулеттің ханзадаларының аталықтарының (тәрбиеші) руы керей болғандығын растайды [13]. Олай болса Ахмет Керейдің аталығы Қазақстанның солтүстігінде көп тұратын керей руынан шықты деген қорытынды жасауға болады.

1571 жылы Сібір мен Мәскеу арасында қарым- қатынас ушыға бастайды. Мәскеуді қырымдықтар өртке орағаннан кейін орыс мем-

лекетін әлсіз деп санаған Көшім Оралдағы антиресейлік көңіл күйге қолдау көрсетіп, күшін черемис, остяк пен башқұрт көтерілістеріне бағыттайды. «Приходил с Тобола Сибирского салтана брат Маметкуль (племянник Кошима Мухамет Кул), собрався с ратью, дорог проводывати, куда итти ратью в Пермь, да многих наших данных остяков побили, а жены их и дети в полон повели», -деп сiбірліктердiң iс-әрекетi туралы орыс деректемелерi мәлiмет беруде [14].

Қарым-қатынастың ушығуына Ресейдiң шығысқа ұстанған саясаты себепшi болды. 1572 жылы ауқатты өндiрiсшi Строгановтар мың казакты жалдап ұстауға жоғарыдан келiсiм алды [15]. Өзiнiң әскери жойқын күшiне сенген Строгановтар Орталық Оралдағы жергiлiктi тұрғындарды қырып салып, Мәскеуге тәуелдi емес жерлерге патшадан грамота сұрайды: «на Тоболе реке крепости им поделати, и снаряд вогняной, и пушкарей, и пищальников и сторожей от сибирских и ногайских людей держати... по обе стороны Тобола реки по рекам и озерам и до вершин дворя ставити, и лес сечи, и пашни пахати и угодыя владети» [16].

1582 жылы Көшім ұлы Әли Арслан бастаған сiбiр жасағы Чусовой өзенi бойындағы орыс елдi-мекенiне шабуыл жасайды. Олардың Сiбiрге жүргiзген белсендi саясаты 1580 жылы қайтыс болған Хақ Назар күшiн жойған Қазақ хандығымен түсiндiрiледi. Хандықта талас-тартыс орын алып, құт-береке қашады, сол себептi Орал мен далалық Тобыл маңы маңғыттар қолына көшедi. Хақ Назардың мұрагерi Сығай Бұқар ханының бiрнеше сұлтанымен қоса Мауереннахрға көшуге мәжбүр болады.

Алайда Көшім жағдайды өз пайдасына қарай шеше алмайды. Әли Арслан Чусовойдағы Строгановтар бастаған казактар жасағын талқандай алмай, Соли Камской мен Оралдағы орыс отарының орталығы болған Чердынъге кетедi. Хандықтағы әскердiң жоқтығын пайдаланып, Строгановтар мен казактар атаман Ермактың бастауымен 1582 жылдың күзiнде Ескерге шабуыл жасайды. Көшiмнiң сөт сайынғы жеңiлiсi ханты мен мансылардың сiбiр хан әскерiнiң құрамынан кетуiне түрткi болды [103]. Ермакқа тойтарыс бере алмаған Көшiм Ескердi тастап, Қазақстанның солтүстiк даласына бет алады.

Көшім үшін жағдай теріс сипат алды. 1582 жылы Сығай мен оның ұлы Тәуекел Бұхармен одақтасып, ташкенттік билеуші Баба сұлтанның быт-шытын шығарады. 1583 жылы Тәуекел Бұхармен арадағы қатынасын жойып, Сырдария бойындағы қалаларды иемдену мақсатындағы амал-әрекетке көшеді. Қазақ та, бұхарлықтар

да сын сағатта Көшімге көмек бере алмады. Тек маңғыттар ғана Көшімнің белгілі бір мөлшерде одақтасы бола тұра, тікелей көмек көрсете алмады. Себебі Исмаил билеген уақыттан бастап-ақ маңғыттар Мәскеудің боданы болып саналғаны аян.

Ол түгілі маңғыттар Көшімнің жеңілісін шебер пайдаланып, Ермактан қашқан сібірліктерді қастарына жинап, орталығы Тобыл маңы, маңғыттар мен Сібір хандығы арасында орын тепкен, тайбұғалық сардар маңғыттық мырза Ораз Мұхаммедтің билік жүргізуімен «Тайбұғалық» (Тайбұғаның мұрасы авт.) дейтін тұтас жаңа ұлыстың басын құрды [17].

Ескерде тұрақтаған Ермак жергілікті тұрғындардан ант қабылдап, олардан салық жинай бастаған, ал казактар «забирали у вогулов (мансы авт.) все, что находили, оставляя несчастный народ в их убогих юртах совершенно обобранными и без всякого продовольствия» -деп айтқан [18].

Әйтседе, 1584 жылдың тамызында Ермак Көшім қолынан, қаза болады. Десе де, Көшім жеңістің жемісін көре алмады. 1585 жылы Ескер қаласын Қадырғали Жалаир би мен тайбұғалық Сейд Ахмет бастаған қазақ жасағы басып алады. Бұл іс-шараны маңғыттар не қазақ ханы Тәуекел ұйымдастырды ма ол жағын айту қиын. Бірақ төменде келтірілетін екі жайт бізге 1585 жылғы Ескер қаласының жаулап алынуы Қазақ хандығы билеушісінің іске асқан ойының дәлелі бола алады. Біріншіден маңғыт Ораз Мұхаммед Тайбұға ұлысының иесі болып жарияланған соң, тайбұғаның шын ұрпағы Сейд Ахмет басқа жерден одақтас іздеуге мәжбүр болды. Екіншіден Қадырғали бидің қасында жүрген Тәуекел ханның жиені он бір жасар Ораз Мұхаммед сұлтан Сібір ханы атануға үміткер болды.

Сонымен қатар мәскеулік билік Сібірді жаулап алу ойынан еш бас тартқан жоқ. 1585 жылы Сібірге Мансуровтың жасағы аттанса, 1586 жылдың басында оған жәрдемге В. Сукин мен И. Мясновтың жасағы жіберілді. 1586 жылдың жазында орыстар Түмен бекінісін салады ал, бір жыл өте келе Данила Чулков Ескерден қашық емес жерде Тобыл бекінісінің негізін қалайды [19]. 1588 жылы Қадырғали, Ораз Мұхаммед пен Сейд Ахмед Тобыл бекінісіне тұзаққа түсіру мақсатында қонаққа шақырылып, сол жерде тұтқындалады [20]. Тәуекел хан сол мезетте Бұхар хандығымен арпалысып жатқан соң сібірлік шаруаға белсенді араласа алмайды. Сөйтіп қысқа мерзімде (1585-1588 жж.) қазақ хандығының қол астында болған Сібір қайтадан Мәскеу мен Көшім хан арасындағы ұрыс даласына айналады.

1590 жылдың жазында Көшім хан кейбір маңғыт мырзаларымен

одақ жасасып, Сібірдегі орыс билігіне қарсы ашық әскери қимыл жасай бастайды. Сәтсіз болған әскери іс-қимылдардан соң Көшім хан Сібірден кетіп, амалсыздан маңғыттар иелігінде тұрақтайды. 1595 жылы ол Шейх Мамай немересі, Әулие мырзаның «Авлия мирзин жерін» жаулап алып, онда ордасының шаңырағын көтереді [21]. Көшімнің әлі де болса Мәскеуге қарсы бағытталған әскери қимылын тоқтатпаған соң, оның ордасы тек Обаған аңғарында, Маңғыттық Жұрт пен Сібір шекарасының бойында орналасуы мүмкін. 1595-96 жылдары бұхарлық хан Абдулла Көшімге маңғыттармен жанжалдаспай, оларға тиесілі жерлерін қайтарып беруге хат жазады. 1598 жылы Көшім шынымен де Обь пен Ертіс арасында көшіп-қонып жүреді. Аталмыш мекенде Көшімнің ордасы орыс жасағының шабуылына тап болып, амалсыздан маңғыттарға қашып, солардың қолынан қаза табады.

Сібірдің тайгасы мен орманды аумағы түпкілікті Мәскеулік мемлекеттің қолына көшті, ал орманды далалық пен далалық қазақ, қалмақ пен маңғыт билеушілерінің шайқас алаңына айналды. XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында қазақтан басқа сол аумақта қалмақтар, башқұрттар, тобылдықтар мен барабиндықтар қоныс тепсе, Сібірдің Ресейге қосылуынан кейін далаға көшіп кетеді. 1601 жылы Сібірдің жаңа ханы Тобыл мен Обаған арасында орда тіккен Әли Арслан атанды.

XVII ғасырдың басында Солтүстік Батыс Қазақстанның аумағы қазақ, қалмақ пен Ресей арасындағы қантөгіс аренасына айналды. Маңғыттық Жұрт аталмыш кезеңде тарай бастайды, сөйтіп мырзалар, дәлірек айтқанда Шейх Мамайдың ұрпақтары, тарихта Алты ұл ретінде атағымен белгілілер батыс маңғыттармен шайқаста қазақ ханымен одақ жасасады. 1601 жылы маңғыттық мырзалар Шаим мен Жан Арстан қазақпен бірге Миасс пен Исеті өзендерінің жағасында қыстамақшы болады [22]. Олар уақыт өте келе Ресейге қарсы шығу үшін Әли Арсланмен біріккісі де келеді.

Әли Арслан Сібір ханы болып ұлықталса, 1601 жылы оның көші Тобыл мен Обаған аралығында, керей жері Үй өзенінің аңғары бойына қарама-қарсы орналасады [23]. Г. Миллердің жорамалы бойынша Әли Шұбаркөл көлін [24] мекен еткен.

Біздің ойымызша әңгіме Алакөл туралы болуы мүмкін, себебі екі атау да орысшаға аударылғанда «пестрое озеро» дейтін бір мағына береді.

Әлидің Есім (Ишим авт.) мен Өзім есімді інілері бас кезінде «на Тоболе реке, на Ара Карагае» [25], содан соң «Меж Ишима и Обаги

реки в дуброве, от устья Обаги реки 3 днища езду конного вверх по Обаге» жерлерінде қоныстанған [26]. 1603 жылы қазіргі Қостанай облысы, Меңдіғара аумағында көшіп-қонып жүрген Әлиге алты ұлы бар Орыс мырза қосылады: «Зимовал де нагайской мурза Урус Алтыулова улуса на Обуге реке близко Кучумовасына Алея с братьею, а с ним 300 человек нагайских людей; а перешел тот мурза на Ую реку сее весны, от Тобола реки в днищо вверх по Уе реке» [27]. Аталмыш жылдың шілдесінде маңғыттар мен Әли Тоғызұзақ өзені бойындағы Ресейге тәуелді тобылдықтар мен башқұрттықтарды қырып салды. Әли «көшін» немесе «меж Ишима и Тобола» аумағын тастап, маңғыт пен башқұрт құрамына кірген он мыңнан асатын сарбазды ертіп, Түменге қарай жорыққа аттанады [28]. Әли мен інілерінің арасындағы келіспеушіліктің кесірінен жорық іске аспай қалады, 1605 жылы деректерде мынадай мәлімет бар: «у Алея есть люди в собранье» [29].

Осы жылы Түменнен алыс емес жерде көшін солтүстікке қарай Шортанды көлінің жағасына Әли орнықты [30]. 1606 жылы Әли башқұр мен маңғыттың мыңдық жасағын басқарды және қайтадан Мәскеудің боданына шабуыл жасауды жоспарлады [131].

Қазақстанның солтүстігінде қалмақтардың пайда болуы Әли Арысланның әрекетін айтарлықтай қиындата түсті. Қалмақ немесе ойраттардың батыс монғол тайпалары XVI ғасырдың аяғында Ертіс өзенінің жоғарғы жағында көшіп жүрді, ал, олардың бір бөлігі қазақ ханы Тәуекелге бағынған. XVII ғасырдың басында қалмақтар бодандықтан шыққысы келіп әрекеттенді, бірақ 1604 жылы жеңіліске ұшырады. Сол кезде олардың батысты бетке алып көшуі басталды. 1607-1614 жылдары қалмақтар одақтас ретінде Көшім ханның ұрпақтарының әскери-саяси шараларына белсене қатыса бастады.

1607 жылы көктемде Өзім, Есім, Күнсүйер сұлтандар қалмақтармен бірге Түмен уезі (Қыныр) Қыңыр қаласының маңайына шабуыл жасады, ол кезде Өзімнің қонысы Обағанда еді [32]. Сол кезде олардың ағасы Қанай маңғыттың Пен мырзасымен одақтасып, Тобыл болыстығына шабуыл жасады, ал Әли Арысланның өзі Сібір мен Башқұртқа жорық жасауды жоспарлады [33].

Жазда ол Тараға жорық жасауға аттанады, осыны пайдалана қойған орыс Н. Изъетдиновтың жасағы оның ордасына басып кіріп, Әли мен Өзімнің әйелдері мен балаларын тұтқындап алып кетеді [34]. Ханның өзі жақындарын құтқармақ болғанмен, жеңіліске ұшырап, бір жылдан кейін тұтқынға түседі [35]. Соған жауап ретін-

де маңғыттың Орыс мырзасы «ең мықты деген 200 көшпенділері бар «жауынгерін түменге..., ал өзі олардан 2000 әскери адамымен аттанады» [36].

Бірақ, бұл шара сәтсіздікке ұшырады, Сібір ханының лауазымы Көшімнің басқа ұлы Есімге ауысты. Шамамен сол кезде Тобыл маңының даласы қалмақтардың қолына көшеді. Кем дегенде 1616 жылы Есім хан Салбар және Көшір тайшылармен бірге болған, бұл туралы «на урочище на Каменных Мечетях», т.е. на Иртыше, в районе современного г. Семипалатинска деп жазған[37].

Кейін 1623 жылы ол Тобыл маңында қайта көрінеді. Түменге ақпанда «Ишим де кочует на Тоболе реке, на Хамкарагае, а Хамкарагай де от Тюмени в 7 дницах»-деген мәлімет жетеді [38]. Оның одақтасы Талай тайша, ал біреуі қалмақ тайшасы Уруслан болды, орыстың боданындағы башқұрт Тахлубайға: «кочуем де мы все таиши здесь по Тоболу реке, ... наперед сего даыввали вы ясак нагайцем, а ныне не дадите ясак (мне) ... только де вы не учнете мне ясак давать, и вас де Ишим царевич учнет воевать» – деген [39] Қалмақтың Құралай деген басқа бір тайшасы былай деп мағлұмат берген: «большие тайши Байбагиш со товарищи прикочевали со всеми своими улусы по Тоболу реке меж Тюмени, от Уфы за два днища от Уфинской волости от Каратабыни (т.е.от башкирского рода каратабын авт.), где кочевал наперед сего сибирский Кучум царь, а Ишим царевич кочует ныне с тестем своим урлюком таишею с товарищи вместе» [40]. Талай тайшыға жіберілген Боярдың ұлы Д. Черкасов «Обу өзенінде, қара орманда» қалмақ тайшысы Қарабұқаның көшін онан әрі Обағанның жоғарғы жағында «Кіші» тайшылар Бобуға, Күзенек, Қаназарлардың көшіп-қонып жүргенін көрген [41].

Осылайша біз XVII ғасырдың 10-20 жылдары қалмақтар Тобыл бойына айтарлықтай орнығып қалғанын көреміз. Әйтсе де бұл жергілікті халықтың ол жерді тастап кеткенін білдірмейді. Қалмақтар жергілікті халықты жойып жібермей, оның ішінде жоғарғы билеуші топтарын өздеріне бағындырып алды. «Қалмақ хандарының тарихы» атты, авторы жасырын еңбекте 1618 жылғы өзінің батыс жорығында торғыт тайшасы Хо Үрлік «откочевал... к народом чуждого происхождения (племенам тюркским), которых он и завоевал» [42]. Қазақстанның солтүстігі мен Орал маңындағы қазақ пен башқұрттар қалмақтар үшін «народами чуждого происхождения» болғаны мәлім.

Хо Үрлік билеген Батыс Қазақстанда да аталмыш жағдай қайталануы мүмкін: «покорил ембулуковских татар (улус Жембойлык авт.),

кочевавших при реке Эмбе, перешедши через Урал подчинил своей власти татарские поколения нагай, хатай хабчик (қытай қыпчак авт.), чжетисен (улус жетисан авт.)» [43]. Қалмақ ұлыстарында қазақтың болғанын 1644 жылы Еділ арқылы көшіп-қону барысында ерекше ұлыс томутты (тамаут) құрған көп қазақтың болуы әрі XVIII ғасырда олардың жартысы ата-бабасының діні исламды сақтап қалды [44]. Бұл қазақ қалмақ тайшыларының боданы бола тұра барлық әскери саяси іс-қимылдарға өз атынан емес «қалмақ» атынан қатысты. 1633 жылы Астрахань түбінде көшіп жүрген маңғыттарға жорық жасаған. Ол туралы былай дейді: -«колмацские люди Урлюк тайша, да Тайчин тайша, да Лоузан тайша да алтаулской Салтанай мурза з братьею» [45].

Ұзаққа созылған қазақ пен қалмақ арасындағы қантөгіс бірде біріншісінің, бірде екіншісінің жеңісімен аяқталып отырды, сол себептен Тобыл маңы қалмақтардың тылына айналады. 1616 жылы қалмақтар қазақ ханы Есімді талқандады, және өздерінің билігін Ұлы жүзге орнатты. 1627-1628 жылдары Есім хан өзі қалмақтардың быт-шытын шығарды.

Соның әсерінен қалмақтар жаппай орыс шекарасына қарай ығыса бастады да, соңынан Мәскеудің қол астындағы сібір татарлары мен башқұрт жасақтарына шабуыл жасайды. Оған қоса бұл жеңіліс олардың ішкі жағдайларының шиеленісуіне әкелді. Бұл жайында былай дейді: «Талай, Урлюк и иные тайши Чокуру тайши хотят убить, и Тайчин тайша, ...боясь убийства, от Чокура тайши со всеми своими людьми отъехал... Чокур Тайша побежал за Ишим реку, хочет идти зимовать на Тобол» [46].

Мұндай жағдайда қалмақтарға Қазақстанның солтүстігіндегі өзінің билігін жеңілдетуге тура келді, сондықтан да олар Көшім өuletтерін қолдап, солар арқылы өздерінің Көшім ханның мұрасын иемденуге деген талаптарын білдіріп отырған.

1629-1635 жылдар аралығында Сібірдегі орыс иелігіне шабул жасаған қалмақ әскерінің басшысы болған Есімнің ұлы Абылайкерей 1628 жылдан кейін Сібір ханы деген лауазым алады. Оған қоса Абылайкерей мен оның жиені Дәулеткерейдің көші Солтүстік Қазақстан даласында қоныстанады. Бұл туралы былай дейді: «за Ишимом рекой, по сю сторону Итыковых гор» (Кіші тау – авт.) [47]. 1634 жылы Абылайкерей мен Дәулеткерей қалмақ Талай тайшы Колутон жағасына дейін (қазіргі Ақмола облысының, Атбасардан шығысқа қарай - автор) көшіп жүрген және «қазақ ордалары» басқаша айтқанда қазақтың шабулына ұшырап отырған.

1636 жылы Дәулеткерей Сібір хандығының номиналды басшысы және Солтүстік Қазақстандағы қалмақтардың сюзерені болды. Оның биліктегі жағдайы екіұшты болды, өйткені қалмақ тайшыларының ішіндегі ең құдіреттісі Хаара–Хулы Батур 1635 жылы ұлы қонтайшы лауазымын қабылдап, шығыс қалмақтарын біріктіруге белсене кірісті. Шын мәнісінде жаңа мемлекет Жоңғар немесе Ойрат хандығы пайда болады. Тіпті Шыңғыс ұрпағы деген атақ Батырға керек болмай қалды. Өйткені ойраттар қазақтың қанды соғысынан босай алмады.

мость границ и независимость Казахского ханства. Он имел 12 жен, от которых родились 30 сыновей и 40 дочерей. Примерно столько же жен и детей имел и хан Младшего жуза Нуралы. Великий поэт Абай от четырех жен имел около 20 детей. Выдающийся и просвещенный казахский правитель Бокеевского ханства Жангир от четырех жен нажил столько же детей. Через своих детей и жен они сумели обрести влиятельных родственников не только в разных родах, племенах и жузах, но и среди представителей других народов: каракалпаков, волжских калмыков, джунгар, башкир, узбеков, татар и кашгарцев.

В этой связи среди коренного населения существовали множество поговорок и пословиц: «Дом, где много детей-базар, где нет-мазар», «Люлька младенца- ключ к большому миру», «Нет счастья в доме без детей».

Жизнелюбие казахов. В традиционном казахском обществе были весьма редки самоубийцы и убийство людей вообще. По мировоззрениям степняков жизнь человеку дается Всевышним и никто не имеет права лишать его жизни. Убийц подвергали смертной казни или же заставляли выплачивать куны огромных размеров. Поэтому случаев убийств и самоубийств практически не было. Об этом метко писал генерал С. Броневский: «Склонности к самоубийству неприметно: человекоубийство редко». Его же слова подтверждает и оренбургский купец А. Белов: «Самоубийств у киргизов (казахов –авт.) не бывает»[4,с.673].

Надо отметить, что в толерантном казахском обществе вообще были редки преступления, особенно заканчивавшихся смертью людей. К примеру, по результатам Первой Всеобщей переписи населения Российской империи 1897 года на территории Бокеевского ханства проживало 207 тысяч казахов и в течение одного года не было ни одного случая убийства человека.

Верность степняков данному слову. Долгое время в степи больше всего ценилось слово. Наибольшим уважением пользовались те, кто мог красиво и складно говорить. Один из российский исследователей казахского языка В.Радлов отмечал, что «и султан, и простолюдин подобно князьям, говорят красиво, складно, благозвучно и богато». Об этом же писал и известный польский ссыльный Б.Залесский: «Казахи красноречивы и сами они считают это признаком хорошего воспитания или благородного происхождения».

Более того, степняк обязательно сдерживал свои обещания. По этому поводу казахи говорили «Вылетевшее слово подобно выстрелу

пули», «Самый достойный из мужчин это тот, кто сдерживает обещанное слово». В этом плане абсолютное большинство китайских, российских и европейских путешественников отмечает это удивительное качество казахского населения. Даже беря у ростовщиков деньги для уплаты государственных налогов, они без расписки, по истечении срока в обязательном порядке отдавали причитающийся долг.

В этом плане хотелось бы привести слова знатока жизни казахов Н.Петропавловского: «Киргизы верны слову».

Добрый нрав и характер степняков. Казахи-степняки имели добрый нрав и характер. Личная свобода, материальная самодостаточность, адаптированный к кочевой и полукочевой жизни адат, специфика религиозных воззрений, множество веками функционировавших позитивных установок и табу, уникальнейших обычаев и обрядов сделали из казаха примера добродушного и толерантного человека.

Это было хорошо примечено известным французским путешественником Ш.Е. Ужвальд де Мезе-Ковездом, побывавшим в южных регионах Казахстана: «По своим человеческим качествам киргиз (казах-авт.) весел, открыт, умен, честен и очень гостеприимен... Они встречают иностранцев в своих кибитках с отменным гостеприимством».

Об этих же качествах казахов пишет и немецкий ученый Фридрих-Антон Геллер фон Хелльвальд [5]

А вот еще одно подобное свидетельство упомянутого нами русско-го офицера С. Броневского: «Простодушны и добры до беспредельности к своим собратам: нет вещи, которой бы они не разделили, и нет услуги, которой бы не оказали, - гостеприимны в полной степени; накормить не значит у них обязать, а исполнить долг. ..Званные и незванные не различаются. Русского и всякого иностранца принимают у себя радушно: юрта, пища и верное ручательство за безопасность личную, непритворно предлагаются»[2,с.86-92].

Дополняет его и другой крупнейший исследователь нашего края начала XIX века Я. Гавердовский: «Открытый враг, захвативший в аул, принимается как гость (кунак). Путешественники из их соотечественников повсюду довольствуются без платы. Здесь богатый угощает всем, что есть лучшего, а неимущий делится последним бедным куском своим» [6].

В 40-х годах XIX века известный польский ссыльный А.Янушкевич принимал участие в экспедиции по Центральному Казахстану.

Во время этого путешествия он вел дневник, в котором записывал свои впечатления о жизни и быте казахов: «Народ, который одарен творцом такими способностями, не может остаться чуждыми цивилизации...». Или далее он добавлял: «придет время, когда кочующий сегодня номад займет почетное место среди народов, которые смотрят на него сверху вниз».

Повторял его и другой исследователь жизни степняков Васильев А.В.: «Не подлежит сомнению, что киргизы богато одарены способностями. Народ этот и до сих пор сохранил много самобытного. Произведения народного творчества, в обилии дошедшие до нас, в виде пословиц, песен, загадок, сказок, исторических рассказов и проч., свидетельствуют о богатом прошлом этого народа, составляя вместе с тем и залог его будущего развития. Любовь к свободе, радушие, приветливость, доверие, любознательность – все это такие свойства в киргизе, которые не позволяют ему застыть в невежестве, а, напротив, свидетельствуют о способности его при благоприятных условиях к широкому развитию... »[7].

Безусловно, это не весь «портрет» нашего предка из XVIII, XIX и начала XX веков, когда в полную силу функционировало традиционное казахское общество. Но эти небольшие заметки российских и иностранных ученых дает нам лучше узнать себя в прошлом и познать в настоящем. Колониальная экспансия царского правительства и позднее действия советской власти стерли с памяти народа многие ментальные установки и национальные ценности, а также мировоззренческую ориентацию степняков. Но многие из них в той или иной степени действуют до сих пор. Поэтому мы обязательно должны обратиться к тем из них, которые формировали целостный и позитивный характер нашего народа.

Список использованной литературы

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей.- Алматы: Санат, 1996- с.330-331.
2. Броневский М. Записки генерал-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки.- СПб., 1830- Ч.39-40.- С. 74-75.
3. ЦГА РК Ф.И-64, оп.1, д.4236, Л.59 об-64 об.
4. Записка оренбургского купца Д.У. Белова о хозяйстве, домашнем быте, обрядах и обычаях казахов долины Сырдраи. 10 февраля 1869 г. // Путевые дневники российских чиновников и исследователей о Казахской Степи 18-середина 19 веков.-Астана, 2012.-С.688.

5. Фридрих-Антон Геллер фон Хелльвальд. Центральная Азия (1875 г.) // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Немецкие исследователи в Казахстане.-Алматы: Санат, 2006.- Т.6.-с.160-161.

6. Гавердовский Я.П. Обозрение Киргиз-кайсацкой степи (часть 1-я), или Дневные записи в степи Киргиз-кайсацкой 1803-1804 годов // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков.-Алматы, 2006.- Т.VII том- с.240.

7. Васильев А.В.Материалы к характеристике взаимных отношений татар и киргизов с предварительным кратким очерком этих отношений. Оренбург, 1898- с.28-29.

САГИНДИКОВА А. А.,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
магистрант*

ЖАУГЕРШІЛІК ЖӘНЕ КӨП ӘЙЕЛ АЛУ

Қазақ арасында неке құрудың бір түрі – ертеректе көрші халықтармен жиі болып тұрған соғыстар мен шабыстарда қолға түскен тұтқын қыз, келіншектерге үйлену болып табылады. Феодалдық қоғам қатынастарының үстем болған кезінде қазақ хандары мен билерінің мүддесіне сай қалмақ, қырғыз, өзбек, түркмен, қарақалпақ және башқұрт халықтарымен болған әр түрлі шайқастардың нәтижесінде қолға түскен тұтқын қыз, келіншектерді, ең алдымен соғысқа қатысқан батырлар бөлісетін де, одан қалғандарын ел шетіне кірер-кірместе алдынан сауғалап шыққан туыстары алатын. Сөйтіп, тұтқынға түсіп батырлар үлесіне тегін тиген жас қыздар мен келіншектер неке құратын болса, мосқал тартқандарының күні күндікте өтетін.

Жаугершілікте пенде болып қолға түскен Орта Азия халықтарын былай қойғанда діні, тілі, әдет-ғұрпы, салт-санасы бөлек қалмақ қыздарының қазаққа сіңісіп кеткендері туралы қазақ арасында аңыз-әңгімелер өте жиі кездеседі. Аңыздар бойынша кей уақытта қолға түскен тұтқын сұлуға көптеген батырлар таласып, өздерінің қолбасшыларының алдына баратын, енді бірде қыздардың өздеріне таңдау беретін. Мәселен, «Бөгенбай батыр» жырында немесе, С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында қолға түскен қыз-келіншектерді бөлісу мәселесінде олардың кейбіреулеріне таңдау беретіндігі сөз болады [1, 116-117 б.].

Орта Азияның басқа да елдерімен салыстырғанда Қазақстанда көп әйел алушылық неғұрлым жиі құбылыс болды. Мәселен, 1897

жылы Сырдария облысында 15,7 мың тұрмыстағы әйелдер екінші (тоқал) әйелдер болды [2, 15-б.].

Жалпы, қазаққа көп әйел алушылық жат емес екендігі өркімге де анық жайт болар. Ал қазақтың төл тарихына көз жүгіртсек кейбір бай-бақуатты адамдардың, төре-сұлтандардың төрт емес одан да көп әйелі болғаны жөнінде мәліметтерді кездестіруге болады. Пайғамбар заманында да, кейінгі қазақтың басынан өткен жаугершілік заманда да көп әйел алушылықтың басты мақсаты жетім мен жесірді жылатпай, оларға қорған болуды басшылыққа алудан туындаған жағдай ретінде халық санасына сіңірілген болатын. Яғни, көп әйел алу адамның әлеуметтік мәртебесін айқындайтын атрибут немесе ер адамның жеке нәпсісін қанағаттандырудың амалы болған емес. Мұнда жекелеген ер адамның жеке мүддесін ортақ мүддеге бағындыру арқылы өз туысының иесіз қалған отбасына қорған болуы басты орында тұрды.

Жаугершілік замандағы қазақ қоғамы үшін жан санының кемімеуі ең маңызды мәселелердің бірі болғандығын ешкім теріске шығара алмайды. Одан кейінгі кездерде де отаршылық қамытын киген ата-бабаларымыз дәстүр жалғастығы ретінде, ұлт санын азайтпау, жеңіл қатынастарға тосқауыл қою, жетім-жесірлерге туысының қорған болуы мақсатында көп әйел алушылықты тәжірибеде жүзеге асырып отырды. Бірақ, басым жағдайларда көп әйел алушылық мәселесі қазақтың әдет құқығының негізгі институттарының бірі өмеңгерлікпен ұштастырылды.

Ру-ру болып өмір сүрген қазақ қоғамында жесір әйел мен жетім балаға қамқорлық көрсету, ру намысы үшін ер адамдардың жақындарына қорған болуы басты мәселе етіп қойылды. Сәйкесінше, намысты ер азаматтың туысынан қалған жесірге қорған болуын оның некедегі әйелдері де қолдап отырды [3].

Халықтық әдет бойынша әйел саны шектелмейтін, ал шарифат бойынша да бір кісіге төрт әйелмен некеде болуға рұқсат етілетін. Қазақ хандары мен төрелері, аса ірі байлар шарифат қағидасын ескермей әйел санын төрттен әлдеқайда асырып жіберген. Мәселен, А.Левшин Кіші жүздің XVII ғасырдағы ханы Нұралының 16-17 заңды әйелдері мен 15 көңілдесінің болғандығын атап өткен [4, 70-б.]. Олардан туған Нұралы ханның балаларының саны Абылай ханнан көбірек болған. И. Георгийдің жазуы бойынша Нұралының 75 баласы болды (40 ұл, 35 қыз) [5, 236-б.]. Ғалым Ирина Ерефеева төрелер туралы еңбегінде Нұралы ханның 15 әйелі болғаны туралы дерек келтірген [6].

XVII-XVIII ғасырларда Қазақтардың еділ қалмақтары мен жоңғарларға белсенді әскери қарсылықтары кезінде көп әйел алушылық барынша кең тарады. Қазақ жасақтары көптеген шайқастар кезінде олжа ретінде әйел жынысты тұлғаларды көптеп қолға түсіріп отырды. «Қатын алсаң, қалмақтан ал» деген мәтел нақ осы кезде пайда болды. Жаугершілік заманда қолға түскен қыз-келіншектерді әйелдікке алу арқылы да қазақ әйелдерінің санын өсіретін. Өйткені жаугершілік кезінде қолға түскен тұтқындарда киім-кешек те, мүлік те, үй де, мал да болмайтын. Тек қалыңмалсыз дегені болмаса, ондай қыз-келіншектерді де иемдену үшін мол қаражат керек болатын. Осы себептерден де әйел көбейтудің бұл түріне хандар, төрелер, ірі байлар ие болған.

Сонымен қатар, қазақ хандары жаугершілік заманда ел мен елді біріктіру, екі ел арасындағы дау-жанжалдарды, шайқастарды болдырмау үшін өзара келісіммен, татулықты нығайту мақсатында көрші халықтардың қыздарын әйелдікке алып екі ел арасында туыстық қатынас орнатып отырған. Абылай ханның әйелдері қазақ, қырғыз, қарақалпақ және қалмақ қыздарынан болғандығы жоғарыда айтылған сөздерімізге мысал болғандай.

Ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың жазуы бойынша бабасы Абылай ханның 12 әйелі болған. Он екі әйелдің алтауына орда тігілген, қалғандары соларға қоңсы болған болып шығады.

– бірінші әйелі Қарашаш ханым – Шоқан жазбасында төре тұқымынан, ал Мәшһүр Жазбасында: «Абылай ханның Қарауыл қызы – алғашқы алған бәйбішесінен ұл жоқ, жалғыз қыз болды. Ол қыз Жамантай ханның шешесі» делінеді;

– ханның екінші әйелі Сайман ханым – қарақалпақ қызы;

– үшінші әйелі Бабақ ханым – қашғариялық Кенже сарт деген бектің қызы;

– төртінші әйелі – қазақ-қарақалпаққа танымал Сарғалдақ қожаның қарындасы;

– бесінші әйелі Топыш ханым – Қалдан Сереннің туысы Хошу мергеннің қызы;

– алтыншы әйелі Тоқта ханым – ол да қалмақ ноянының қызы;

– жетінші әйелі Тәтіш ханым – Алатау қырғыздарынан алғаны;

– сегізінші әйелі Өрес сұлу-ханым – ол да қалмақтың қызы,

– Тулақ ханым, Сайын Көбен, Шаған ханым, Мунтум атты қалмақ әйелдері болған.

Ханның он екі әйелден отыз ұл, қырық қызы болды [7, 200-б].

Ал, М.Ж. Көпейұлының көп томдық шығармаларындағы мәлімет бойынша Абылай он жеті қатын алып «отыз ұлды Абылай» атанған. Мұнда Абылай ханның әйелдерінен туған ұрпақтарының тізімін төмендегідей көрсетеді:

«Абылай ханның алғашқы алған, Қарауыл қызы, бәйбішесінен ұл жоқ, жалғыз қыз болды. Ол қыздан Жамантай хан туды.

Онан соңғы қатыны – Қарақалпақ қызы. Онан туған: Уәлихан, Шыңғыс сұлтан, Әділ сұлтан, Есім сұлтан. Уәлиханның бәйбішесінен: Әбайділда хан, Аббас, Хамза, Бегалы, ал Айғаным тоқалынан Шыңғыс Көкшетауға аға сұлтан болған, Шоқанның әкесі.

Абылайдың сарт қызы қатынынан: Рүстем сұлтан, Шеген сұлтан, Сыдық сұлтан, Әбубәкір сұлтан, Әбділда сұлтан.

Қожа қызы қатынынан – Қосым, Аруұқ (Арық), Тоқ.

Тағы бір Қарауыл қызы қатынынан: Шығай, Тағай, Шөкі (Сөкі).

Қалмақ қумашы қатынынан туған – Төлек жалғызұ

Және бір Қалмақ қызы, олжаға түскен бір қумасынан: Шама төре туған.

Қалдан Шерін тоқалддыққа алған Аюке қызынан туған тоқалы Топыш ханым. Мұнан – Қасым хан жалғыз. Қасымханның бәйбішесінен: Саржан, Есенкелді, Көшек, Ағадай; Бопы, Кенесары хан туған. Ниязбек-Бозайқызы тоқалынан – Наурызбай жалғыз болды.

Абылай хан он жеті қатын алып, отыз ұлды болған. Соның ішінде «Абылайлап!» жауға шауып, Абылай аруағын шашқан: Кенесары, Наурызбай болған. Наурызбайдан тұяқ жоқ», - делінген [8, 121-122 б.].

Қазақтың атақты фольклористі, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің шығармаларында «Абылай ханның дәуірінде әр бір екі қазақтың бірі бай болғаны және олар екі немесе одан да көп әйел алуға рұқсат етілеген» деп атап көрсетті.

Тарихи деректер XVIII ғасырдағы қазақ азаматтарының әйелді көбінесе қалмақтан алғанын растайды. Осы негізде туысқандық, сүйек-жақындық ғұрпының қалыптасу процесі жүрген сияқты. 1754-1757 жылдары Жоңғария қырғыны кезінде қазақ ішіне пана-лап келген қалмақтың көбі осына негізге алған [5, 236-б.].

Қалмақтан әйел алу туралы қазақтың қоғамдық пікірінің жиынтығын Бұқар жырау –

Ағар дария су кешпес,

Қалмақтан алсаң махи бір зауып

Сүйегінді жоғалтпас.

Отының болсын жантақтан,

Қатының болсын қалмақтан,

Қосының болсын қазақтан – деп тиянақтайды [9, 125-б].

Абылай ханның заманында қазақ жұртынан шыққан батырлар: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Көкжарлы Көкжал Барақ, Шанышқылы Бердіқожа, Сырым, Малайсары, Балта Керей Тұрсынбай, Тарақты Байғозы, Он сан орта жүзге ұран болған Олжабай, Малай Жәдігерден Жауғаш, Биғаш, бөрі тонды, бөрте атты, бөрі бас Орманшы Ақсары, Шотана, Қозған Бекше мерген, қарауылшысы Әлтеке-Сарым Жидебай, Уақ, Сары, Баян. Бұл айтылған батырлар тұлпар мініп, ту ұстап, қамалға қарсы шауып, көзге түсіп, ауызға ілінгендер. Қаржас-Ербекейше бұзау жарып, батыр атанған емес, жалғыз жүріп қалмақтың қамалын бұзған батырлар болған [10, 165-б.]. Олардың әр қайсысы да қалмақты шабу барысында шайқастар кезінде олжа ретінде әйел жынысты тұлғаларды көптеп қолға түсіріп, әйелдікке алып, ұрпағын көбейтіп отырды.

Қанжығалыдан шыққан бір ғана Бөгенбай батырдың өзін алайық. Бөгенбай батырдың да бірнеше әйелі болған.

– Бәйбішесінің аты – Баяу Бәйбіше. Мұнан туған: Тұраналы, Тұрымбет;

– Талас қызы тоқалынан: Әжімбет, Нұралы, Ерәлі;

– Қалмақ қызы Қамырқа деген қатынынан – Жылқыбай;

– тағы бір қалмақтың қызы – қатынынан кісі білмейтұғын уақ-түйек болып толып жатыр [8, 176-б.].

Осы сөзімізді ары қарай жалғай келе Қазақ топырағындағы соңғы хан, тұңғыш генерал майор Жәңгір ханның әйелдерін де айтып өтуімізге болады. Жәңгір ханның төрт әйелі болған. Олар:

– Бірінші әйелінің есімі Жүзім. Арғын Мүсіреп бидің қызы. (Мүсіреп кіші Арғынның қараман атасынан шыққан Бөгембай батыр Қожекеұлының немересі. Бөгембай кезінде Әбілхайыр ханның бас сардары болған);

– Екінші әйелінің есімі – Фатима тоташ. Орынбор муфтиі, аса зиялылығымен аты жайылған Мұхамеджан Құсайыновтың қызы. Ұлты – татар;

– Үшінші әйелінің есім – Айсұлу. Жастай қайтыс болған. Руы, әке-шешесінің аты-жөні өзiрге белгісіз. Орта дәулетті адамның қызы еді деген әңгіме бар;

– Төртінші әйелінің есімі – Зылиха. Есауыл Қарауылқожа Бабажановтың қызы. Шыққан тегі – қожа.

Айсұлудан хан бала сүйіп үлгермеген. Ал, өзге үш әйелінен Ескендір, Зұлхарнайын, Сейткерей, Сақыпкерей, Ғұбайдолла төрізді алдының даңқы алты алашқа жайылған сегіз үл мен екі қыз көрді. Жалпы Жәңгір ханның орыс, неміс тілдерімен қатар парсы, арабша жетік білген деген дерекке кездесеміз [11, 9-б.].

Қазақ тарихы жайлы жазылған орыс деректерінде де қазақ сұлтандары жайында, олардың бірнеше әйелдері болғаны жайлы мәліметтер айтылады. Осы деректерге сүйенсек Әбілқайыр ханның ұрпақтары (көп жағдайда Айшуақ ханнан тараған сұлтандарда): Баймұхаммед сұлтан, Махмұд сұлтан, Жанмұхаммед сұлтан, Асфендияр, Есенәлі, Әлғазы, Шыңғыс, Дәулет-Қали сұлтандардың бірнеше әйелдері болған [12, 76-78 б.].

Кейіннен Орта Азия және Қазақстан жеріндегі халықтар арасындағы феодалдық шапқыншылықтардың келе-келе сиреуіне байланысты, біртіндеп қолға түскен қыз-келіншектермен неке құру түрі де сиреді, бара-бара мүлдем жойылды. Әсіресе XVII ғ. ортасында жоңғар мемлекетінің күйреуіне және Қазақстан жерінде Россия үстемдігінің орнауына байланысты феодалдық соғыстардың тыйылуы тұтқындарға үйлену мүмкіндігін келе-келе жойды. Бір сөзбен айтқанда қолға түскен тұтқын әйелдерді және қарауындағы күндерді алу өткендегі жаугершілік заман мен патриархалдық құлдықтың келмеске кетуімен бірге жоғалған.

Пайдалаған әдебиеттер тізімі

1. Арғынбаев Х. Қазақ отбасылық дәстүрлері. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2005. – 216 бет.
2. Ешим Е.О. Некоторые аспекты из истории многоженства в Казахстане // Материалы 52-й Международной научной студенческой конференции МНСК-2014: Этнография / Новосибир. гос. ун-т. Новосибирск, 2014. С.: 15-16. 11–18 апреля 2014 г.
3. Екі әйел алу: жаңа заманда ескі мирасқа бет бұру// <http://ult.kz>
4. Левшин А.И. Описание орд и степей казахов. 2-е изд. доп. – Астана: «Алтын кітап», 2007, – (Библиотека казахской этнографии), Т.9. – 212 стр.
5. Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 392 бет.
6. bilim.kazjur.kz
7. Халық тарих толқынында. Ғылыми серия; мақалалар жинағы. Т.1. Құраст. Т. Шаңбай, А. Ибраева. – Астана: Фолиант, 2013. -320 бет.
8. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Алматы: «Ел шежіресі», 2009. Т.9. – 352 бет.
9. XV-XVIII ғғ.қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982. 240 бет.

10. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Алматы: «Ел шежіресі», 2009. Т.8. – 312 бет.

11. Құлкенов М., Отарбаев Р. Жәңгір хан: даңқ пен дақпырт (жаңаша көзқарас). – Алматы: «Өлке» – Ғылым баспасы, 1992. – 47 бет.

12. История Казахстана в русских источниках XVII-XX веков. Т. 8; Часть 2. О почетнейших и влиятельнейших ордынцах / сост., предисл., коммент. и указ. Б.Т.Жанаева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006.- 962 с.:ил. (Культурное наследие).

КАБУЛЬДИНОВ З. Е.,

директор НИЦ ГИ «Евразия» Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, д.и.н.

ВНУТРЕННЕЕ И ВНЕШНЕЕ ПОЛОЖЕНИЕ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В ПЕРВОЙ ЧЕТВЕРТИ XVIII ВЕКА

В годы правления хана Тауке (1652-1715 гг.) Казахстан оставался относительно централизованным государством. В Казахском ханстве царил покойствие, соблюдались законы, уменьшились межплеменные и межродовые распри. Крупные конфликты разрешались при посредничестве авторитетных биев. Были устранены разногласия по поводу распределения пастбищных угодий и водных источников. Повысилась боеспособность казахского ополчения. Казахи в это время занимали по численности второе место после турков-османов [1].

Вот что писал об этом знаменитом хане исследователь Казахстана Мейер Л.: «Известно, что могущество ханов киргизских, несмотря на междоусобия, возрастало до конца XVII столетия, как видно из отзывов об них Бабера, Абулгази – Багадура и из наших древних известий. Особенно устроилось и развилось это вольное общество при хане Тявке (Тяуке). Хотя Тявка, как должно полагать, не был единовластным во всех трех ордах, однако он успел примирить их между собою, прекратив своею справедливостью и правосудием междоусобия родов и дав всему народу законы, основанные на его древних обычаях. Между прочим он определил каждому роду свою кочевку, дал им тамги – знаки для клеймения скота, поныне употребляемые киргизами. Кроме того, он установил, чтобы в один осенний месяц съезжались все старшины для совещания общественных дел. Для управления ордами, он посоветовал старикам в каждой выбрать по одному старейшине, что и исполнено: в большой орде

выбран Тюлябий, в средней – Казбек, в меньшей – Итка (Айтеке – З.К.). Здесь видна древность выборного начала у киргизов. Это время было эпохой наибольшей славы ханов киргизских, царствовавших в Туркестане» [2].

Внутреннее единство позволило удерживать огромную территорию. Казахи занимали земли на севере – до российского города Тары и до Ташкента – на юге, от Жаика (Урала) – на западе и Среднего Прииртышья – на востоке.

Тауке хан был известен в истории и как правитель, создавший свод законов «Жеты Жаргы». При нем активно функционировал Совет из числа авторитетнейших степных мудрецов – биев *Толе, Казыбека и Айтеке*. С их личностями ассоциировалось единство и сплоченность всего казахского народа и Казахского ханства. При Тауке хане ежегодно созывался съезд лучших представителей трех жузов, который проходил на территории Южного Казахстана в местности *Култобе*: «Чтобы в каждой народной части с лучшим порядком управлять общественными делами, старики, по совету Тявки-хана, выбрали трех старейшин, препоруча им смотрение за правосудием биев, или судей, каждого аула и возлож при том на них непосредственную ответственность за все могущие случиться в родах беспорядки хану... Для предупреждения споров в паствах, Тявка, по добровольному согласию, назначил каждому роду места зимних и летних кочевий, распределил аулы и начальствующих старейшин над оными, ограничил своевластие родоначальников постановлением кратких законов... и повелел затверживать их детям с самого младенчества, дабы через то только могли сохранить их потомству, передавая изустно» [3].

Ставкой знаменитого хана был определен священный город *Туркестан*. Только в бассейне реки Сырдарья казахи управляли 32 родами.

Не случайно время нахождения у власти Тауке хана исследователи связывают с «золотым веком» Казахского ханства. Известный российский исследователь А.И. Левшин писал о нем следующее: «Он успокоил их после гибельных междоусобий, он остановил кровопролития, продолжавшиеся несколько лет от распрей одних племен с другими, он убедил всех умом и справедливостью повиноваться себе, он соединил слабые роды вместе для сопротивления сильным, а сильные усмирил, и дал всем вообще законы, по которым судил их» [4].

С целью обеспечения единства ханства и безопасности его гра-

ниц Тауке проводил действенную внешнюю политику. Ему удалось заключить военный союз с киргизами и каракалпаками. Эта мера несколько приостановила набеги джунгар на территорию Казахского ханства.

Деятельность хана Тауке была направлена на обеспечение добрых отношений с соседними народами и обеспечение защиты казахских земель от внешних врагов. Известны случаи направления им посольств в Россию, среднеазиатские ханства. Основная их миссия состояла в том, чтобы заключить военный союз с северным соседом в борьбе с внешними врагами.

Тауке хан в своем распоряжении имел около 80 тысяч воинов-ополченцев, которые могли быстро собраться в относительно короткое время. Эта была серьезная сила, способная остановить вторжения иноземцев. За выдающиеся заслуги в военном деле, за проявленную храбрость в сражениях Тауке хан приобрел почетный титул батыра [5].

В 1715 году умер Тауке хан. Его преемник хан Каип не смог сохранить былое величие Казахского государства. Приход нового правителя сопровождался недовольством тех султанских группировок, которым не удалось оказаться у власти. Началась борьба за верховную власть в степи.

Это привело к кризису традиционное казахское общество. Заметно ослабли связи между родами, племенами и жузами. Возобновились прежние междусобицы. Заметно усилился региональный сепаратизм султанов. Во всех казахских жузах один за другим стали появляться так называемые келте ханы («мелкие ханы»). Так, процесс ослабления центральной власти сопровождался заметным укреплением позиции Абулхаира – в Младшем, Болата, Самеке, Кушика – в Среднем, Жолбарыса, Имана – в Старшем жузах.

Помимо этих ханов серьезным авторитетом в степи пользовались такие султаны как Барак, Абулмамбет, Батыр, Султанбет и другие. В частности, Султанбет через своих многочисленных сыновей правил прииртышскими казахами. Он пользовался огромным влиянием как у местного казахского населения, так и у приграничных российских властей.

В начале XVIII века в условиях внутреннего разлада Казахстан становится объектом особого интереса со стороны крупных мировых держав, а также соседних государств. Это было временем активного захвата колониальными державами новых колоний. Если на территории Индии продолжалась колониальная экспансия Англии, то

Российская империя после окончания военных действий со Швецией обращает свое взор в сторону Казахстана и Средней Азии.

Китай и Российская империя были заинтересованы в ослаблении кочевых государств – Казахского ханства и Джунгарии.

Основная деятельность Российской империи в приграничных регионах Казахстана была направлена на форсирование дипломатических и проведение военно-разведывательных акций. Эти меры сопровождались и строительством линии военных укреплений на границе казахских кочевий. Так, в период с 1716-1720 годы на правобережье Иртыша была построена цепь военных крепостей: Омская, Черлакская, Железинская, Ямышевская, Семипалатинская, Усть-Каменогорская и другие. Позднее между ними стали возводиться небольшие укрепления – редуты и форпосты.

В это время казахи испытывали периодические набеги со стороны волжских калмыков, башкир, уральских и сибирских казаков. Все они были подданными царского правительства. С юга казахов теснили и правители среднеазиатских ханств, с юга-востока – воинственные джунгары. В целом на границе Казахского государства сложилась непростая ситуация.

А фактическая угроза над Казахстаном нависла со стороны могущественного кочевого джунгарского государства. Джунгарские хунтайджи предпринимали активные попытки захвата территории Казахстана. Борьба между казахскими и джунгарскими владельцами продолжалась более одного столетия. Поэтому казахи не случайно называли джунгар «ата жау» (враг моих предков). В основе конфликтов между двумя кочевыми государствами лежало соперничество из-за пастбищных угодий.

В 1697 году во главе Джунгарского ханства встал молодой и энергичный правитель Цэван – Рабдан (1670-1723 гг.). За короткое время он укрепил военно-политическую мощь своего ханства. Начало своего правления он ознаменовал крупным вторжением на территорию Казахстана. Так, в 1698 году 40-тысячная джунгарская армия совершила опустошительный набег на кочевья Старшего казахского жуза. Джунгары предпринимали военные походы на кочевья казахов и в последующие годы.

Но наиболее крупные вторжения джунгарских войск в пределы Казахстана произошли в 1710 и 1717 годах. Благодаря численному и военно-техническому превосходству джунгарские войска оккупировали часть Семиречья. Джунгарское ханство превратилось в сильное государство и опасного врага не только для Казахского

ханства, но и для государств Средней Азии. Она представляла и некоторую угрозу и для таких крупных стран как Российская империя и Китай.

Для того, чтобы противостоять внешним врагам необходимо было объединить усилия всех трех жузов. С этой целью осенью 1710 года было созвано собрание представителей казахского народа. Первый курултай казахской знати состоялся в Каракуме, где было решено создать всеказахское ополчение во главе с батыром Богенбаем. В условиях нараставшей джунгарской угрозы курултай избрал Абулхаира ханом Младшего жуза. Ему же народ доверил общее руководство ополчением.

В 1717 году происходят ожесточенные сражения казахских войск с джунгарами. Из-за отсутствия единства в руководстве казахское ополчение потерпело поражение. Джунгарские войска продвинулись в глубь южных районов Казахстана. Весной 1718 года джунгарские отряды совершили новый поход из Семиречья к рекам Арысь, Бугун, Чаян и вплотную подошли к столице Казахского государства г. Туркестану. В этих сложных условиях казахи смогли собрать войско общей численностью в 30 тысяч человек. Им удалось вытеснить джунгар из значительной части Южного Казахстана. Но, к сожалению, угроза новых вторжений джунгар в Казахстан сохранилась.

Список использованной литературы

1. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности.- Спб., 1897.- С. 76.
2. Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского ведомства.- Спб., 1865.- С.4-5.
3. Гавердовский Я.П. Обзорение Киргиз-кайсацкой степи (часть 2-ая), или описание страны и народа киргиз-кайсацкого // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков.-Алматы, 2006.- Т.VII том.- С.433-436.
4. Левшин А.И. Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких, орд и степей.- Алматы: «Санат», 1996.- 165-167.
5. Кабульдинов З.Е. История Казахстана.-Алматы: Атамұра, 2012.-С. 23-26.

ХАСЕНОВ Қ. Қ.,

Бәйімбет батырдың ұрпағы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, зейнеткер

БҮГІНГІ БӘЙІМБЕТ БАТЫРДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Ассаламұғалайкум Бәйімбет батыр бабамызға арналған конференцияға келген ағайындар, бауырлар! «Өлі риза болмай тірі байымайды» – деген нақыл сөз бар. Алла сіздерге разы болсын! Қадамдарыңыз сауаптан болсын!

Сіздердің және өз атымнан бүгінгі конференцияға Бәйімбет бабамызға арнап баяндама жасаған барлық ғалымдарға үлкен рахметімізді айтамыз. Бұл баяндамалар сіздердің көп жылғы ізденістеріңіздің нәтижесі екенін біз білеміз. Әрдайым еңбектеріңіз жана берсін, табыстан табысқа жете беріңіздер!

Сіздерді тыңдай отырып, тағы да халық даналығы: «Өткеніңізді білмесеңіз бүгінгіңізді бағалай алмайсыз» деген сөздер неткен даналық, неткен данышпандық демекпіз! Алдымызда зор мазмұнды, ұлы мағыналы баяндамалармен біздің бабамыз туралы мағлұматтарымызды молайтқандарыңыз үшін, зыялы қауым сіздерге тағы да мың да бір рахмет айтамыз!

Бала кезімізде еліміздің дана ақсақалдары айтып отырғандарынан есте қалғандарын сіздерге баяндайын. Бәйімбет батыр бабамызды киелі Түркістанға апарып Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерлеген екен. Құлпытасына мынадай сөздер жазыпты:

*«Батыр едің алдыңа жан салмаған,
Ұлт намысын арқалаудан талмаған.
Қабанбай, Бөгенбай Қарасайлардың ерлігін,
Әр қазаққа өсиет қып жалғаған».*

Бабамыздың фөниден бақилыққа кеткеніне де 225 жылдай уақыт өтті. Одан бері көп өзгерістер болды. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі бірнеше рет жөнделді. Біздің батыр бабамыздың басына орнатылған құлпытас та із-түзсіз жоқ болған. Марқұм Сатыбалды молланың баласы Жүсіп қажы бабамыздың нақты Яссауи кесенесінде жерленгенін тауып, оның есімін кесенедегі мемориалдық тақтаға жазғызу мақсатын қойған еді. Енді сол ауқымды істі талмай, қажымай ізденістің арқасында жүзеге асырған сол Сатыбалды молланың немересі – Жүсіп қажының баласы Ғалымжан бауырымыз. Ғалымжан, саған алдымен бабамыздың аруағы риза, қала берді ел, ағайын-бауыр, Бәйімбет батырдың барлық ұрпағы жақсылық тілеп:

*Қолдасын аруағы бабалардың,
Ала бер ұлкендердің баталарын.
Өмірің ұзақ болып өрлей берсін,
Тамсанып қарай берсін қатарларың.*

2010 жылдың 17 қыркүйекте бабамыздың ұрпақтарынан дәм-түз тартқан 70-80 адам барып, бабамыздың есімін Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі мемориалдық тақтаға жазғызып, сол жерде кіші-гірім той жасаған. Ал келесі жылы, яғни 2011 жылдың 2 шілдесінде өзінің атымен аталатын Ресейдің Омбы облысы, Называй ауданының Бөйімбет ауылында Бөйімбет батырға арналған ұлан-ғасыр ас беріліп, дұға бағышталған. Бұл ауқымды тойға батырдың Қазақстанның әр түпкірінде, сол сыяқты Ресейдің көп өлкесінен 1000 –нан артық ұрпақтары қатынасқан еді.

Айту керек, сол тойда да және бүгінгі конференцияда да батыр бабамыздың ұрпақтарының жүректерін мақтаныш сезім билеуде. Бәріміздің айтарымыз:

*Бабам менің, данам менің дарасың,
Жалғастырдың Түркістан мен Сары-Арқаның арасын.
Арқасында егеменді елімнің,
Дуылдатып, атойлатып барасың!*

Жоғарыда 2011 жылы бабамызға арналған тойдың жалғасы Ресей жерінде өзінің атымен аталған ауылда өтті дегенге кішкене түсініктеме бере кетейін.

Ата-баба қонысымыз – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, бұрынғы Қызылту (қазыргі Ақжар) ауданындағы Кіші және Үлкен Қарой деген жер болатын. Тарихи деректерге сүйенсек, 1925-1933 жылдары Қазақстанды басқаруға Мәскеуден келген Федор Голощекин қазақ жерінде қолдан ашаршылық ұйымдастырды. Қазақстанды ол басқарған сегіз жылға тарта уақытта және оның алдындағы қанды кезеңді қоса есептегенде, 4 миллион 100 мыңға жуық қазақ аштан қырылған екен. Голощекин «Қазақстанда Кеңес өкіметі әлі орнаған жоқ, сондықтан Кіші Қазан төңкерісі қажет» деген сылтаумен өз күнін өзер көріп отырған қарапайым шаруаға арнап 16 түрлі салық ойлап шығарады. Ол Мәскеуге жағыну мақсатында колхоздандыру науқанын да Ресейден бірнеше жыл бұрын бастайды. Бай, орта шаруаларды кәмпескелеумен қатар, молла, хазырет, қажыларды да «халық жауы» деп есептеп, қуғын-сүргінге салған.

Міне осындай жағдайда елімізді айрандай ұйытып, елдің бірлігін, тәртібін, инабаттылығын сақтап отырған бабаларымыз бірауыздан

шешімге келіп, бір-ақ түнде екі ауыл Бөйімбет елі – өздерінің жайлауы болған Ресейдің Омбы облысы, Назыбай ауданынан бірақ шыққан. Аллаға шүкіршілік, егерде осындай шұғыл шешімге келіп, оны іске асырмағанда, кім білсін, Бөйімбет бабамыздың бүгінгі ұрпақтары болар ма еді, болмас па еді. Тәуба-дей отырып, осыған ұйытқы болған, қолдарында Құраны, ауыздарында иманы болған бабаларымыздың аттарын атап кету орынды сыяқты. Олар: Әльжапар қажы, Жапар қажы, Қыдырма, Қабыл, Кенжетай қажылар және Темірғали, Құсайын, Сатыбалды, Әбілмәжін моллалар еді.

Жоғарыдағы шараны іске асырудың арқасында аштықтан қырылудан аман қалғанмен, 1937 жылғы репрессияның салқыны біздің бабаларымызды шалып кетті. Оның құрбаны болған екі бабамыз – Өутәліп Қармысұлы және Әбен Бешкеұлы. Алла оларды жұмақи қылғай!

Ұлылардың сөзін жоғарыда тілге тиек еттік. Тағы да солардың сөзіне сүйенейік. Халық даналығында: «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» – деген екен. Олай болса – Елім – Бөйімбетім – қырандар мекені. Сондықтан оның даңқы алысқа кетеді демекші Бұл ойды жалғастырсам: «Қарғадан қарға туар қарқылдаған, сұңқардан сұңқар туар жарқылдаған» – депті ғой ұлыларымыз. Жаңа ғана айтып кеттім ғой – еліміздің екі арысы – Өутәліп Қармысұлы және Әбен Бешкеұлы 1937 жылы репрессияға ілініп, жазықтан жазықсыз «халық жауы» – деген желеумен 10 жылға сотталып, ажалдары белгісіз жерде келген.

Енді соғыстан кейінгі бейбітшілік өмірде ел басқарған ағаларымыздың есімдерін де мақтанышпен айта аламыз. Солардың алдыңғы қатарында ерекше тұлға болып, бір мойын алда десем, басқа ағаларымыз өкпе айта қоймас. Бұл жолы мезгеп, тіліме тиек етіп отырғаным, ол – қадірменді ағамыз Өутәліпұлы Мұқаметжан, яғни Мұқатай ағамыз. Соғыстың алдында не бәрі 17 жаста қолхоздың есеп-қисабын жүргізген ол, талай қырғын-қиындықты көріп ысылған, есейген, кемелденген екі ауылдың біріккен шаруашылығын ұршықша иіріп қана қоймай, қырандарға сай – алысқа қараудың арқасында Омбы қаласының ең ірі құрылыс мекемесінің бас жабдықтаушысы болған. Сый-құрметке бөленген, марапаттың талайына ие болған азамат. Ең қысқасы – Омбыдай 1,5 млн. халқы бар қаланың «Құрметті Азаматы» деген атаққа ие. Осылай қыран ағамыз Ресейдің бел баласы – орыстардың кемде-кеміне ғана көрсетілетін құрметіне ие болды. Жарайсың қажы аға! Алла деңізе саулық бере берсін!

Соғыстан кейін 30-40 жылдай қатар, үзеңгілес еңбек етіп, Бәйімбеттен шыққан зиялы ұрпақтың ірге тасын қалаған екі ағамыз – Қабыш Мұқанұлы мен Шәмшиден Сәрсенбайұлының еңбектеріне елдің қариялары мынадай баға берді. «Атың тарихта бір жылға қалсын десең – егін ек, он жылға қалсын десең – ағаш өсір, ал жүз жылға немесе одан да көпке қалсын десең – бала тәрбиеле!», – деп айтқан екен. Солай болғанына бүгінде көзіміз жетіп отыр. Бақилық болған, марқұм Қабыш Мұқанұлын елдің жасы да, көрісі де тек қана ілтипатпен, құрметпен «ағатайы» – деп отырады.

Ал Шәмшиден ағамызды көрілік пен аурудан бетер, 62 жыл жолдас болған жұбайы – Күлзада Темірғалиқызының дүниеден өткені жанына қатты батып, күйзелтіп тастаған. Бұл тәрізді жағдай Мұқатай қажы ағамыздың басында да бар. Ол кісі де бүгінгі таңда жұбайсыз. Бұл Шәмшиден ағамызды қырандар қатарына қосуға мынандай себеп бар. Еліміз Солтүстік Қазақстан облысы Үлкен Қарой жерінен Ресейге келіп қоныстанғалы бабамыздың атын жоғалтып, № 6 ауыл атанып кеткен. Осы жағдай Шәмшиден ағамыздың жанына қатты бататын, не істесем деп ойлайтын, күйзелетін. Ақыры іс-қимылға көшіп, Ресей үкіметіне арызданып, архивтік құжаттармен дәлелдеп, елімізге ардақты бабамыздың атын алып берді. Бәйімбет бабамыздың атын қоюға қарсы болған – ол Регида еді. Бұл адам уақытында аса зор абыройға ие болатын. Ол Совет Үкіметінің Жоғарғы Советінің депутаты, 22 партсъездің делегаты, Омбы облысы компартиясының бюро мүшесі болатын. Сондықтан ол не айтса, сол болатын. Оған қарсы шығуға, пікір айтуға ешкімнің дәті бармайтын. Оның пікірінше біздің ауылға не Жамбыл, не Абайдың аты берілуі керек екен. Региданың осы пікіріне қарсы Шәкең өз дәлелін, архивтік құжаттарды алға тартып, әділеттік пен ағамыздың табандылығы, қажыр-қайраты жеңіп, тарих бетіне қайтадан Бәйімбет батыр бабамыздың аты өзінің тиісті орнын алған болатын. Шәмшиден ағамыз қыран болмаса, қылышынан қаны тамып, аузынан от жалындаған Регидаға қарсы шығар ма еді? Шәмшиден ағамыз қарсы шықты да, өз мақсатына жетіп, бабамызды ұрпақтарына қайта тірілткендей болды. Осындай қыран ағамыздың бүгінгі таңдағы көңіл-күйін жоғарыда бір сөйлеммен жеткізгенмін.

Осы екі қыран ағаларымызға сіздердің аттарыңыздан:

«Қуатың кемілмесін асыл аға,

Қырандар езіле ме, басыла ма?!

Аман болып жүре беріңіздер арамызда,

Өздерің бай шежіре, ғасырнама!»

Бұл екі ағамыз ел ішінде, Омбының маңында бейбіт еңбекте өздерін батыр бабаларының мақтанарлық ұрпағы екендерін дәлелдегендей.

Ал елімізден жырақ, алыс кетіп те баба атына дақ түсірмей, кілең ұлы халық – орыстарды – Заң шеңберінде оңға, солға бұлжытпай тура ұстаған ағамыз – ол марқұм Негметжан Хамзеұлы Ашенов. Қараңыздаршы, қандай өжеттілік – ауылдың жеті жылдық білімімен Иркутск, Новосібір қалаларына барып, орта және жоғары оқу орындарын бітіріп, көп жылдар бойы Алтай өлкесінде прокурор болған. Ал ата қонысы – Қазақстанға қызмет бабымен қоныс аударар алдында Таулы Алтай өлкесінің Қосағаш ауданының атқару комитетінің басқармасы қызметін абыроймен атқарған. Негметжан ағамыз пәниден бақилыққа, Алланың жазуы солай болған да, не бәрі 52 – қыршын жасында аттанды. Қайтар алдында ағамыз Қазақстанның үш облысының – Павлодар, Семей және Шығыс Қазақстанның көлік прокуроры еді. Ол кісінің артындағы ұрпақтары – үш ұлы мен жұбайы Тұрсын Төкешқызы ағамыздың өсиетін орындап, сүйегін Омбыға әкеп жерледі. Оған да шүкірлік!

Біздің елдің халқына ертеректе Қазақстан алыс өлке, әсіресе Алматы, солай болып көрініп тұратын. Өткен ғасырдың 50-ші жылдардың аяқ шегінде екі ағаларымыз – Мұхамед Дүйсенбайұлы мен Хайролла Сатыбалдыұлы бірінші болып Алматыға барған еді. Біріншісі білім іздеп барса, екіншісі қызметке. Мұхамед бауырымыз 1964 жылы ҚазГУ-дың журналистика факультетін бітірген бетте-ақ Алматы облысының облысполкомына қызметке орналасады. Мұнысының өзі сол кезде батырлық деп саналатын. Неге дейсіз ғой? Біздің елдің халқы сонау Сібір өлкесінде жатса да, Қазақстанда болып жатқан жәйіттерге қанық еді. Атақты Жамбыл ақыннан: «Немісті жеңдік!» – деп сүйінші сұраған көрінеді. Сонда Жәкең: «Ой, тәйір-ай! Арғынды жеңген екен десем, немістерді жеңгеніңе сүйінші сұраған екенсің ғой» – деп айтқаны халыққа жайылып кеткен еді. Міне сондықтан да, Мұқанның алдыңғы қадамының өзі – қыранның өжеттілігін көрсеткендей. Шынында Мұхамед бауырымыз қыран екен: ол қызмет бабында сатылап-сатылап барып, зейнеткерлікке Қазақстан Республикасының радио-телевидение Комитетінің орынбасарлығынан бірақ шыққан болатын. Айта кету керек, елден бірінші болып 2004 жылы Мұхамед Мезгілбайтегі «Бәйімбет» атты кітап шығарды.

Мұхамедпен бірге қол ұстасып барған досы, жолдасы Хайролла Сатыбалдыұлының да еңбектегі табысы айтарлықтай. Сауда

саласындағы еңбегінің жанғаны деп бағалауымызға болады. Ол бауырымызға Коммунистік Партияның Саяси Бюросының мүшесі – Дінмұхаммед Қонаев – Москваның өзінде жоқ, тек Алматыда бірінші болып ашылған «Океан» атты дүкеннің бастығы болуды ұсынған. Бұл дүкенде мұхиттарда ғана болатын асыл тұқымды балықты алушыларға тірідей ұсынылатын. Дінмұхаммед Ахмедұлы дүкеннің ашылу рәсіміне үлкен мән беріп, қатысып, оның лентасын қиып, Хайролла бауырымыздың қолын ілттипатпен қысқан болатын. Досым Хайролла уақытында біздерге: «Мен оң қолымды көрінгенге ұсына бермеймін, өйткені бұл қолды – Дінмұхаммед Ахмедұлы – ұстады емес пе?», – деп әзілдейтін.

Бұл екі бауырымыз Алматыда өз елі Бәйімбеттей сайран құрса, Төрехан қажы Өміртасұлы да тап сондай жағдайда Солтүстік Қазақстан облысында, сауда саласында, қатардағы есепшіден Возышен, Булаев, Ленин аудандарының тұтынушылар аудандық Одағының төрағасы және облыстық әмбебап сауда базасының директоры қызметтерін атқарып зейнеткерлікке шыққан еді.

Еркебай Сарсембайұлы Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында мектепке мұғалімдік қызметке кіреді. Өзінің білімінің, ұйымдастыру қабілетінің арқасында оқу ісін ұйымдастырушысы, директордың орынбасары, 8-жылдық, 10-жылдық мектептердің директоры қызметтерін атқарды Ол 1970-1987 жылға дейін Көкшетау облысының Жамбыл ауданының білім беру орталығын басқарды. Қажырлы, табысты еңбек атқарған Еркебай Сәрсембайұлының есімі де мақтанарлықтай. Оның алдынан талай жас мұғалімдер тәлім-тәрбие алып, облыстың түкпір-түкпіріне директорлық қызметке барғандарының саны көптеп саналады.

Қазақстанның енді бір облысы – Павлодар жерінде табысты еңбегімен көзге түсіп, қатардағы мал дәрігерінен совхоз директоры, одақтық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы қызметінен дербес зейнеткерлікке шыққан бауырымыз марқұм Зикен Асқапұлын мақтаумен айтуға лайық қой.

Көп жылдар бойы Омбы қаласындағы әуе лайнерларын жасайтын алып заводтың құрастыру цехын басқарған Қапкен Мөнтаұлы да біздің мақтанышымыз емес пе!

Кезінде бүкіл Совет елінің мақтанышы болған Еспол балуан Есенбайұлы да (марқұм) кеудемізі керіп айтуға тұрарлық ағамыз еді. Олай дейтініміз: «Еспол ағамыз Германияда әскери қызметін атқарған кезде талай-талай күрес жарыстарында алдына жан салмайды, жамбасы жерге тимесе керек. Қандай жарыс болмасын,

бірінші орын, пьедесталдың ең биігі біздің бауырымыз Есполдікі болып отырған. Оны заңдылық деп есептеген екен».

Солтүстік Қазақстан облысының халқы Бәйімбет бабамыздың ұрпақтарының облыстың өсіп, өркендеуіне қосқан үлесіне риза шығар. Бұл жерде табысты еңбек атқарғандардың қатарында болған Қайыртай Кенжебайұлы, Ғұмар Әдиенбекұлы, Қабдолла Жанәпиәұлы. Бұл күнде зейнеткер бола тұра, Қайырмолла Әбілмәжінұлы денсаулығына қарамастан, Қызылжар қаласының қасындағы Бәйтерек елінде Алла үйі – мешіт салуды қолға алып, бірталай жұмыс атқарып тастады. Сол мешіт тез арада ашылып, халықтың игілігіне, Алла жолында жастарды тәрбиелеуге үлесін қоса беруге тілектеспін!

Ағайын-бауырлар! Сіздер сияқты маған да ауылдың әрбір жаны өте қымбат.

*«Бақи болып, өмірден өткені де,
Алыстап, жатқа-шетке кеткені де.
Кеше ғана балдырған балалардың,
Бүгінде есейіп, ер жеткені де», –*

дей тұра сіздерден өлі де көп қырандарымыздың аттары аталмағанына кешірім сұраймын, оны уақыттың шектеулігінен деп түсінерсіздер.

Жиналысымыз Бәйімбет батыр бабамызға арналған соң:

*«Бабам менің, орындапсың елдің талай тілегін,
Халқың үшін соққан екен жүрегің,
Ұлы бабам, соның бәрі біз үшін,
Сондықтан да басымды мен мың да бір иемін.
Ата жұртқа ат басын арнап бұрам,
Арасында жыл салмай барып тұрам.
Алланың нұры жаусын, Иман тілеп,
Аруақтарға арнайық дұға-құран! Әумин!»*

Осы конференцияны ұйымдастыруға, өтуіне көп уақыт бөліп, күш-жігерін жұмсаған Ғалымжан бауырыма:

*«Өмірге де, өнерге де ғашықсың,
Ата-бабаларға арнап кітап жазыпсың,
Сенің адал жүрегіңе нұр құйсын,
Алла мәңгі мерейіңді тасытсын», –*

деп сөзімді аяқтамақпын.

